

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

Казахский язык и литература
в русской школе

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

1/2012 **ҚАҢТАР**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Мұғалімдерге көмек

Қарлығаш ҚАЛИЕВА.	Тіл мен әдебиет сабақтарындағы оқытудың коммуникативтік сипаттары.....	3
Күләш ШАЙДАЗЫМҚЫЗЫ.	Қазақ тілін көпдеңгейлі оқыту мәселесі....	7
Әсемгүл ЕСІМҒАЛИҚЫЗЫ.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тірек-сызбаларды қолданудың тиімділігі.....	13

Туімді әдіс – баршаға ортақ

Гүлмира ҚҰМАРҒАЛИЕВА.	Қазақ тілі сабағында – деңгейлік саралап оқыту технологиясы.....	22
-----------------------	--	----

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Жанна ЕРҒАЛИЕВА.	Оралхан Бөкей. «Тортай мінер ақ боз ат...».....	31
Гүлден ТҰҢҒЫШБАЙҚЫЗЫ.	Қазтуған жыры – таза далалық поэзия....	37

Колледж кеңістігінде

Венера МҰРАТҚЫЗЫ.	Жері байдың – елі бай.....	41
Анар ХАСЕНОВА.	Сан есімдердің септелуі.....	50
Раушан МЫСПАЕВА.	Қасым солай болмаса.....	54
Шынар ҚАЛИАХМЕТОВА.	Сын есім.....	63

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Роза БЕКЕШОВА.	Сөз қорында – қазақтың ұлттық тағамдары.....	72
Әсия ЫБЫРАЕВА.	Сөйлеу әрекетіндегі қонақжайлылық.....	77
Гүлнар ТАҒАЕВА.	Жаңа сөзге бай жеті ата.....	80
Алима БАҚЫТҚЫЗЫ.	Үй жануарларының сөздігі.....	83
Меркурий ЖҰМАҒАЛИЕВА.	Шылау мен махаббат күмбезі.....	86
Назым АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Тілді ұстартқан – әдептілік.....	90
Мәдина КҮЗЕМБАЕВА.	Морфология тарауы бойынша Зат есім тақырыбына бақылау жаттығулары.....	93
Сандуғаш НӘБИЕВА.	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайталау.....	97
Жанар БАБЕНОВА.	Сан есімді оқыту жолдары.....	100
Айнаш ҚАБДОЛЛАҚЫЗЫ.	Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі.....	103
Әлия САМАЖАНҚЫЗЫ.	Сауаттылық сабағы – емдік шөптер.....	105
Күлзира СЕРІКҚЫЗЫ.	Тіл байлығы мол жолаушы жігіт.....	112
Гүлбаршын МЕЛЛЯТҚЫЗЫ.	Еркін сөйлеткен алтын күз.....	117
Жаңагүл ҮМБЕТОВА.	Ойымның өрісі – Отаным.....	121
Зибагүл ҚАРАТАЕВА.	Көмектес септіктің көмегі.....	126
Лаура ҚАҺАРМАНҚЫЗЫ.	Ойды ұштаған ұлттық киімдер.....	129

Кіріктірілген сабақ

Күләш ЖАЗЫҚБЕКОВА,	Жүйелі әңгіме мұхиттары.....	135
Елена ЖУКОВА.	Сын есімді үйреткен көктем.....	140
Роза РАЙСОВА.		

Қарлығаш ҚАЛИЕВА,
Семей қаласындағы
№20 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК СИПАТТАРЫ

Өзге тілді мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзіне тән ұстанымы бар. Қазақ әдебиетін оқытудың мақсаты қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуді, оқушылардың қазақ тілінің қатысымдық, эстетикалық және этикалық қызметін меңгеруін қамтамасыз етеді. Оқыту үдерісі оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын түпнұсқадан оқу, түсіну, баяндап айту деңгейіне жету, т.б. міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Әдебиетті оқытудағы жетекші әдіс – оқыту әдісі. Өйткені әдеби шығармамен тікелей қауышқанда ғана оның идеялық, эстетикалық құндылығы әсерлі қабылданады, ол мұғалімнің басқаруымен іске асады.

Орыс мектебінің оқушыларының қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Бұл міндетті мәтін атқарады. Мәтін – сөйлеуге жаттықтыру, сөйлеу дағдысын қалыптастыру құралы. Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы түрі – мәтінді дұрыс оқи білуге дағдыландыру. Ол үшін қазақ тілінде оқудың төмендегідей ерекшеліктерін меңгерткен жөн:

1. Қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы, жазылуы;
2. Ол дыбыстарды айтылуы мен жазылуы жағынан бір-бірінен ажырата білу;
3. Қазақ тілінде сөздерге дауыс екпінінің соңғы буынға түсетініне баса көңіл аудару;
4. «О» дыбысының қазақ тілінде ешқандай өзгеріссіз болатынын орысша айтылуымен салыстыра түсіндіру. Оқушылардың мәтінді дұрыс түсініп оқуы – үздіксіз жүргізілетін үдеріс. Мәтінмен жүргізілетін жұмыстардың бәрі де сөйлеу дағдысын қалыптастырса ғана тілді үйрету жұмысы нәтижелі болмақ.

Тілді оқытудың басынан аяғына дейін мәтін ұзақ уақыт қолданылатын болғандықтан, ол сөйлеудің дұрыс үлгісінің еске сақталуына мүмкіндік беретін дидактикалық материал болып табылады. Мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлері оны оқу, мәтіндегі дұрыс сөйлеу үлгілері арқылы оқығанын, аударғанын жеңіл диалогқа айналдыру, қарапайым мазмұнын айту арқылы көрінеді.

Мәтінді меңгерудің бір жолы – мәнерлеп оқыту. Мәнерлеп оқыту әдісі – әдебиетті оқытудағы негізгі тәсілдің бірі. Көркем шығарманы саналы меңгеріп оқудың нәтижесінде оқушы мәтіннің идеялық мазмұнын жеткізе меңгереді. М.А.Рыбникова «Шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқып, дыбыстап жеткізу керек. Сонда ғана шығарма балаға барынша әсер етеді» дейді. Шығарманың эмоцияға әсер етуі арқылы оқушы мәтіннің мазмұнын тезірек ұғынады, қазақ тілінің экспрессивті құрылымын сезінеді. Шығарманы нақышына келтіріп мәнерлеп оқыған соң оны талдауда кейіпкерді сипаттау, көркем шығарманың түрлерін, тілін, композициясын, жанрын анықтау керек.

Қазақ тілі пәнінде оқушылар тұрмыстық ортада және қарапайым әлеуметтік-мәдени сипаттағы мәтіндер деңгейіндегі сөйлеуге үйренеді. Ал, сол сыныптағы қазақ әдебиеті пәні

бойынша оқушылар әдебиеттік стиль деңгейінде жұмыс істеуі керек болады. Оқушылардың басым көпшілігінің әдебиеттік деңгейде оқуға дайындығы жетіспейді. Оқудың астрономиялық бір кезеңінде оқушыға екі түрлі деңгейдегі талаптың қойылуы – үлкен дидактикалық қайшылық.

Қазақ тілі сабағында қарым-қатынастық сөйлеуге бағытталынған оқушы осы кезеңінде әдебиет сабағында енді одан жоғары әдеби нормада оқуға міндетті. Екі пәннің де құралы – қазақ тілі. Сондықтан тектес екі пәнді оқытуды үйлестіру үшін мұғалім оқушыны қазақ тілінде сөйлету технологияларына мейлінше көңіл бөліп, оған басымдық береді. Айталық, қазақ әдебиеті сабағының 45 минутының 70 пайызы, яғни, 33 минуты сөздердің мағынасын түсінуге, түрлендіруге, сөйлесім үлгілерін, пікір айту үлгілерін құруға жұмсалады да, қалған 15 минуты әдеби мәтіннің көркемдік мәнін пәндік талаптар нәтижесінде тұтастай танытуға арналады. Әрине, бұл тұжырым *сөйлесім – пікір айту – тілдесу* дағдыларына басымдық берілу керектігіне көңіл аудару үшін шартты түрде жасалғанын айту керек, өйткені 70 пайыздық коммуникативтік бөлікте де мұғалім сөйлеуге үйрете отырып, онымен бірқатар кешенді түрде оқу материалының пәндік функционалдық әдеби қызметтерін де жүргізіп жүзеге асырады.

Қазақ тілінде сөйлеуге үйрету техникасы мұғалім таңдаған технологияда жетекші орын алатын болады. Осы орайда көптеген технологиялардың элементтерін оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай лайықтап қолданумен бірге деңгейлік оқыту технологиясына (В.Л.Беспалько, М.Жанпейісова, т.б) баса мән беріледі. Өйткені ол әр баланың жеке мүмкіндігіне негізделеді, оқытудың жеке тұлғаны дамытуға бағытталуына аса қолайлы. Ол халықаралық білім стандарттарының шарттарымен де үндес.

Кіріспе сатысында сабақтың мақсат-мәнін айқындап, әдеби

жанр туралы я болмаса жазушы туралы түсінік беру, мәтіннің көркемдік-мазмұндық тұтастығын жеткізу жүзеге асырылады. Диалогтық сатыда, Л.Фридман теориясында айтылатындай, оқу үрдісін басқару балалардың ішкі күштері мен мүмкіндікті шамаларына сүйеніп қана жүргізілуі тиіс. Осы тұрғыдан диалогтық кезеңде мұғалім оқу материалын бөліктерге бөліп, негізгілерін екшеп, оқушыларға үш деңгейлік күрделілікте дайындап ұсынады (қарапайым, орта, күрделі). Қай деңгейді қалауды оқушылардың өздері шешкені дұрыс. Ал, дамуының тежелмеуі үшін кез келген деңгейдегі жұмысты орындаған оқушыға үстеме шығармашылық тапсырма беріп отыру – негізгі шарт.

Диалогтық қарым-қатынаста оқу материалы диалогқа түсудің әрі құралы, әрі нысаны ретінде қолданылып, оқыту коммуникативтік технология сипатына ие болады. Диалогтық қарым-қатынас – екі я одан көп тұлғалардың тіл үйрену мақсатында сөйлесу, әңгімелесу, тіл қатысуы. Ол оқытудың субъект – субъект қағидасының орындалу шарты ретінде де қаралады. Бұл қарым-қатынас – мәтіндік жағдаяттарды бірлесіп талқылап, көздеген мақсатқа бірлесіп бағыт алу. Мұнда сұхбатқа қатысушылар өздерінің жеке белсенділігі бойынша емес, сол белсенділігінің қарым-қатынас нысанына, яғни, оқу материалын меңгеруге бағытталуымен бағаланады. Оны Н.Костенчук «функционалдық-рөлдік немесе іскерлік диалогтық қарым-қатынас» деп атайды. Сонымен диалогтық қарым-қатынасты оқытушы мынадай әрекеттер арқылы құрады:

- Оқу материалдарының негізгілерін сұрыптап екшейді;
- Оқу материалдарын оқушылар меңгеру үшін үш деңгейге бөліп, дайындап ұсынады: қарапайым, орта, күрделі;
- Оқушылардың пәнге қызығушылығын, шығармашылыққа қабілеттілігін дамыту мақсатында шығармашылық сипаттағы материалдар дайындайды (барлық топтар үшін);

- Барлық оқушыларды оқу мәтінін диалогтық қарым-қатынас арқылы, яғни, сөйлеу жолымен меңгеруге қатыстырады.

Диалогтық қарым-қатынас ұстанымдарын қолдану қазақ әдебиеті пәні үшін тиімді. Бұл сатыда оқу материалын, оның көркемдік-мазмұндық компоненттерін меңгеру оқушылардың диалогқа түсуі арқылы, коммуникативтік дағдыларының дамуы арқылы жүзеге асады. Ол «кез келген коммуникативтік үрдіске іс-әрекет, қарым-қатынас, таным үшеуі бірге кіреді» дейтін Т.Андреева тұжырымымен сәйкес келеді. Мұнда оқушы дискурсивтік сөйлеу әрекетіне (берілген тілдік бөліктердің үлгілерін пайдалана отырып өз пікірлерін айту, мәтін құра білу, хабарлау, баяндау, суреттеу, диалог, монолог) түседі, ойлауға үйренеді, сөздің түрлі көркем қолданыстарын пайымдайды, түсіндіреді, өз ойын айта алуға дағдыланады, ақыл-ойымен шығармашылық (креативтік) қабілеттері дамиды, оқу мақсатына (нәтижеге) жетуге бағдар ұстауға үйренеді.



Күләш ШАЙДАЗЫМҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№ 36 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІН КӨПДЕНГЕЙЛІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі күні мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту — мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналып отыр. Осыған орай бүгінгі таңда жалпы білім беретін

мектептерде мемлекеттік тілді жаңаша әдіс-тәсілдермен, технологиялармен оқыту жолдары қарастырылуда.

Қазақ тілін оқытуға қойылатын жаңа талаптар қазақ тілін оқыту жүйесін жаңа типті оқу-әдістемелік кешендермен, жаңа тұрпатты оқу құралдарымен, оқушының өз бетімен білім іздену әдістерін бір арнаға тоғыстыра алатын әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, оқытудың жаңа технологияларын оқу үдерісіне енгізу қажеттігін айқындайды.

Осындай жаңа бағдарлардың бірі – мектепте қазақ тілін көпдеңгейлік жүйеде, коммуникативтік бағытта оқыту. Мемлекеттік тілді көпдеңгейлік жүйеде оқытудың мақсаты – мемлекеттік тілді оқытып-үйретуді дүниежүзілік еуропалық стандарттық үлгілерге жақындастыру.

Деңгейлік жүйеде тіл үйретудің бастау көздеріне қысқаша тоқтала кететін болсақ, Еуропа Кеңесінің жанындағы мәдени ынтымақтастық Кеңесі қызметінің аясында 1970 жылы екінші тілді меңгеру деңгейлері мен басқа тілдік коммуникативтік құзырет пен оны қалыптастыратын деңгейлік жүйенің моделін негіздеу белсенділікпен қолға алынған болатын. Осындай іргелі жұмыстың үлкен нәтижесі 1996 жылы Страсбургте «Қазіргі заман тілдері: үйрену, оқыту, бағалау. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттері» атты құжаттың қабылдануы арқылы танылды.

Деңгейлік тіл үйрету мәселесі содан бергі уақытта көптеген өзгерістерге ұшырап, соңғы нәтижесі төменде берілген кестедегідей болып белгіленді.

Тіл меңгерудің басқыштық деңгейлері

А деңгейі (қарапайым)	В деңгейі (еркін)	С деңгейі (жетік)
А-1 тілдік кедергіден шығу деңгейі (Breakthrough)	В-1 басқыштық деңгей (Threshold)	С-1 жоғары деңгей (Proficiency)
А-2 басқыштарға дейінгі деңгей (Waystage)	В-2 ілгерілеген басқыштық деңгей (Vantage)	С-2 тілді жетік білу деңгейі (Mastery)

XIX ғасырдың аяғында Ұлыбританияның Кембридж университетінде коммуникативтік білікті қалыптастырудың бес деңгейлік жүйесі енгізілді.

XX ғасырдың 70-жылдары Еуропалық Кеңес еуропалық тіл үйретудің алты деңгейлік жүйесін бекіткен болатын.

Қытай Халық Республикасында тіл үйретудің 19 деңгейлік жүйесі, Венгрия мен Польшада тіл үйретудің 11 деңгейі, АҚШ-та 5,6, 9 деңгейлік, ал Италияда тіл үйретудің 19 деңгейлік жүйелері қалыптасты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.07.2010 жылғы № 367 бұйрығымен бекітілген жаңа стандартқа сәйкес құрастырылған «Қазақ тілі» оқу бағдарламасы бойынша өзге тілде жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілін меңгертудің бес деңгейі іске асырылады: қарапайым, бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгейлер. Оны кесте түрінде былай белгілеуге болады:

Қарапайым деңгей.	Бастапқы қарапайым игерім - A1.	A1 – 1 -сынып.
Бастапқы деңгей.	Бастапқы орта игерім - A1.1. Бастапқы толық игерім - A1.2. Бастапқы жетік игерім - A1+.	A1.1 – 2-сынып. A1.2 – 3-сынып. A1+ – 4-сынып.
Негізгі деңгей.	Қалыптасу қарсаңындағы бастапқы игерім - A2.1. Қалыптасу қарсаңындағы толық игерім - A2.1.1. Қалыптасқан игерім - A2.1.2.	A2.1 – 5-сынып. A2.1.1 – 6-сынып. A2.1.2 – 7-сынып.
Орта деңгей.	Қалыптасқан орта игерім - A2.2. Қалыптасқан толық игерім - A2+.	A2.2 – 8-сынып. A2+ – 9-сынып.
Ортадан жоғары деңгей.	Тереңдетіле қалыптасқан орта игерім - B1.1.	B1.1 – 10-сынып.
	Тереңдетіле қалыптасқан толық игерім - B1.2.	B1.2 – 11-сынып.

Қазақ тілі сабағында деңгейлік жүйеге негізделген оқытудың кешенді әдістері (тыңдалым, сөйлесім, оқылым және жазылым) өзара бірлікте қолданылады. Екі оқушы бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу кезеңінде біреуі сөйлейді,

біреуі тыңдайды және естігенін немесе өз ойын айтады, ақпаратты түсіну үшін оқиды және жазады.

Сабақта кешенді әдістерді бір-бірімен өзара байланыстыра оқытуды төмендегі сызба арқылы түсіндіруге болады:

- негізгі мәтінді (диалогті, монологті) меңгерту үшін *тыңдалым - оқылым - сөйлесім - жазылым* әдістері қолданылады;

- газет материалдарымен жұмыс жүргізу кезеңінде *сөйлесім - оқылым - жазылым* әдістері қолданылады.

Бағдарлама құрастырушылары жоғарыдағы бес деңгейлік оқытудан төмендегідей нәтиже болады деп күтуде:

Қарапайым және бастапқы деңгейде күтілетін нәтиже: күнделікті жағдаяттарда қарапайым тілдік дағдыларды пайдаланып қазақ тілінде қатысымға түседі;

Негізгі деңгейде күтілетін нәтиже: ауызша және жазбаша ақпараттар алмасуда тілдік бірліктерді дұрыс, орынды, сауатты пайдаланады;

Орта деңгейде күтілетін нәтиже: өз ойын әдеби тілде түсінікті әрі еркін жеткізеді;

Ортадан жоғары деңгейде күтілетін нәтиже: қоғамдық ортада, әр түрлі әлеуметтік жағдайларда өз көзқарасын қысқаша тұжырымдап қазақша тілдесімге түседі.

Кез келген қоғам өмірінде оқулық пен оқыту әдістемесінің орыны бөлек. Өйткені қоғамның қандай қоғам болып қалыптасуы білім тәрбиесіне арналған оқулықтар мен оқыту әдістемесіне тікелей байланысты. Әр заманның өзіне лайық оқулықтары мен оқыту әдістемелері болады. Сондықтан да мемлекеттік тілді көпдеңгейлі жүйемен оқытып, меңгерту ісінің соңғы нәтижесі оқу-әдістемелік кешенінің сапасына тікелей байланысты болмақ.

Қазір мемлекет тарапынан мемлекеттік тілдің кеңінен қолданысқа енгізілуіне қолдау жасалып жатыр. Қазақ тілі оқытудайын-ақ оқытылуда. Бірақ 11 жыл мектепте қазақ

тілін оқытын баланы неге қазақша сөйлете алмай келеміз?

Өйткені бүгінгі оқулықтар бірізділікке түспеген, мектептерде әр түрлі баспалардан шыққан оқулықтар пайдаланылады. Олардың ішіндегі тақырыптар да әр түрлі және кей тақырыптар балалардың жас ерекшелігіне мүлдем сәйкес келмей жатады.

Оқулық авторы болу үшін қойылатын басты талап — автордың әлеми тілтаным теориясы мен әдістеме практикасынан мол хабардар болуы. Бүгінгі таңда тілді оқытудың теориялық мәселелерін зерттеп жүрген ғалымдарымыз аз емес. Негізінен мектеп бағдарламасында қолданылып жүрген оқулықтардың авторы да — осы ғылыми дәрежедегі әдіскерлер. Бұл ғалымдардың өз саласында мардымды жұмыс, татымды шаруа, нәтижелі істер атқарып жүрген өз ісінің майталмандары екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Бірақ олардың тіл үйрету ортасы — ересектер. Ал, мектепте тіл үйретудің ерекшеліктерін тек мектепте жұмыс істейтін практик мұғалім ғана біледі.

Қазір республика мектептері жұмыс істеп жатқан «Қазақ тілі» оқу бағдарламасы бұл сөзіме нақты дәлел бола алады. Егер бағдарламаны құрастырған шығармашылық топта мектепте жұмыс істейтін бір мұғалім болса, біз бүгінгідей қателікке ұрынбаған болар едік.

Сөз соңында айтарым — мектепке арналған оқулық жазуда ғалымдар тобы мен қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту практикасын жетік меңгерген мұғалімдердің шығармашылық тобы бірлесе жұмыс істемейінше, жақын арада қазақ тілінің көсегесі көгереді деп айта алмаймын.

Аталған деңгейлік оқыту жүйесі де әр деңгейдің арасында белгілі бір сабақтастық болғанда ғана өз нәтижесін берері сөзсіз. Ал, мектептердегі қазақ тілінің дәл бүгінгідей оқытылу жағдайымен (қолымызда бағдарлама бар, бағдарлама бойынша жұмыс істейтін оқулық жоқ, әркім өз білгенінше

жұмыс жасауда) Елбасымыздың алдағы он жылда мектеп бітірушілердің барлығы (100 пайызы) мемлекеттік тілді біліп шығу қажеттігі жөніндегі тапсырмасын орындамақ түгілі, оқушыларымыздың қазақ тілін оқып үйренуге деген ниетін жоғалтып аламыз ба деген де күдік жоқ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ф.Оразбаева. «Қазақ тілін еуропалық стандарт негізінде деңгейлеп оқыту жүйесін жасау жөнінде» – ҚР қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердегі қазақ тілін деңгейлеп оқыту мәселеріне арналған республикалық семинар, А., 2009.

2. Ф.Оразбаева. Оқыту қазақ тілінде емес жалпы білім беретін мектептердің 5-11-сыныптарына арналған Қазақ тілі оқу бағдарламасы. Астана, 2010. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы. Авторлық құрамда.

3. С.Нұрман, Қ.Қадашева. Оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешені – Астана: «Ел-Рун» баспасы, 2010.

4. Әдістеме әлемінде. Ғылыми-әдістемелік жинақ. Құраст: Е.Тілешов, Г.Әріпбекова, О.Сүлейменов. А., «Сардар» баспа үйі, 2008.

5. Е.Тілешов. «Оқытудың бірізді-сатылы бағдарламасы мемлекеттік тілді дамыту үшін қажет». Ана тілі, 2009.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТІРЕК- СЫЗБАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақ тілін тиімді оқыту әдістерінің бірі - тірек-сызбаларды қолдану.

Тірек-сызбаларды қолдана отырып алдыма қойған мақсатым:

- әр баланың сөздік қорын байыту;
- оқушылардың білім, білік дағдыларын арттыру, сауатты жазатын, мәдениетті сөйлейтін тұлға қалыптастыру;
- өз ойын жеткізе алатын, өз бетімен жұмыстана алатын азаматтарды тәрбиелеу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тірек-сызбаларды тиімді қолдану» тақырыбы бойынша үш жылдан бері жұмыстанып келемін. Оның бір ерекшелігі әр сабақта лексикалық немесе грамматикалық тақырыптар бойынша тірек-сызбаларын құрастырып, сол бойынша сабақ өткізу өте тиімді. Олар схема, таблица, формула, диаграмма түрінде де қолданыла береді.

Грамматиканың ірі-ірі тақырыптарына шартты белгілердің көмегімен тақырып материалын бір беттен іздеп табуға болатындай етіп, «жеңілден- ауырға, белгіліден- белгісізге» дейтін дидактикалық принцип басшылыққа

алынып, блоктап оқытуға ыңғайластырыла кесте-сызбалар қолданылады.

Сабақта осы тірек-сызбалар арқылы оқушылар нені білуге, нені үйренуге тиісті екені нақты да қысқа ережелермен беріледі. Кесте - оқушы оқулығына көмекші құрал әрі мұғалімнің көрнекілігінің рөлін атқарады.

Кесте - сызбалардан оқушыға әуелі шартты белгілерін таныстырамын. Мысалы: 9 сөз табы (ЗЕ, СЕ, САЕ, ЕТ, ЕС, Ү, Ш, Е, О).

Тірек-сызбалар бойынша: өтілгелі отырған тақырыптың ережесі, тұлғалық ерекшелігі, мағыналық түрлері, түрленуі, емлесі, сөйлемдегі қызметі, өзіндік ерекшелігі түсіндіріледі. Мысалы: 8-сыныпта «Сөздің байланысу түрлерін» өткенде мынадай тірек-сызбалар арқылы түсіндіремін.

С
ө
з
д
е
р
д
і
ң

б
а
й
л
а
н
ы
с
у

ҚИЫСУ.

Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғаулы байланысы. Мен жаз+ды+м. Сен кел+ді+ң.
Сіз айт+ты+ңыз. Біздер қыдыр+ды+қ.

МАТАСУ.

Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары ілік септігінде тұратын байланыс.
Асан+ның аға+сы. Ауыл+дың бала+сы.

МЕҢГЕРУ.

Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары Барыс, Табыс, Жатыс, Шығыс, Көмектес септігінде немесе септеулік шылаулы сөз арқылы байланыс.
Ауыл+ға келді. Терезе-ні сұртті.
Үй+де отырмын. Мектеп+тен барады.
Апам +мен сөйлестім. Үйге қарай жүгірме.

ҚАБЫСУ.

Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының орнын ауыстыруға болмайтын, орын тәртібі қатаң сақталатын, жалғаусыз сөздер байланысы.

Екі сөйлеу – сөйлеу екі?

Қарқ-қарқ күлу – күл қарық-қарық?

Тас жол – жол тас?

Қатты ашулану – ашулану қатты?

Көтерілген су – су көтерілген?

ЖАНАСУ.

Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары көсемшеден не үстеуден болып, орын тәртібі сақталмайтын байланыс.

Ол Асанға таңдана қарады. – Ол таңдана Асанға қарады.

Ол ертең ауылға барады. – Ол ауылға ертең барады.

Осы тірек-сызбалар арқылы оқушылармен сөздердің байланысу түрлерін оқытып, талдатып, басқа сабақтарда да пысықтап отырамын.

«Салалас құрмалас сөйлемді» оқытудың тірек-сызбасы.

Күрделі ойды білдіретін, баяндауыштары тиянақты, тең дәрежедегі сөйлемдер тобы.

ЫҢҒАЙЛАС САЛАЛАС СӨЙЛЕМ

құрамындағы жай сөйлемдердегі ой-қимыл бағыттас, мезгілдес болады. Сөйлемдердің арасында келетін шылаулар: *және, да, де, та, те, әрі.*

ҚАРСЫЛЫҚТЫ САЛАЛАС СӨЙЛЕМ

құрамындағы жай сөйлемдердегі ой-қимыл бір-біріне қарсы мәнде болады. Сөйлемдердің арасында келетін шылаулар: *дегенмен, бірақ, алайда, әйтсе де, сонда да.*

СЕБЕП –САЛДАР САЛАЛАС СӨЙЛЕМ

құрамындағы жай сөйлемдердегі ой-қимыл біреуінде себепін, біреуінде салдарын көрсетеді. Сөйлемдердің арасында келетін шылаулар: *неге десеңіз, сондықтан, өйткені, сол себепті, себебі.*

ТҮСІНДІРМЕЛІ САЛАЛАС СӨЙЛЕМ

құрамындағы жай сөйлемдердің соңғысы алдыңғы сөйлемдегі ой-қимылдың мәнін, нәтижесін көрсетеді. Бірінші сөйлем баяндауышы *сол, сонша, сондай, мынау, мынадай* есімдіктерінен болады.

Сізден сұрайтынымыз мынау: бізге қамқар болыңыз.

Кейде баяндауыш сілтеу мәнді сөздерден де болады.

ТАЛҒАУЛЫ САЛАЛАС СӨЙЛЕМ

құрамындағы жай сөйлемдердегі ой-қимылдың тек біреуі ғана орындалады. Сөйлемдердің арасында келетін шылаулар: *алде, әйтпесе, не, немесе, я, яки, не болмаса.*

КЕЗЕКТЕС САЛАЛАС СӨЙЛЕМ

құрамындағы жай сөйлемдердегі ой-қимыл кезектесе орындалады. Сөйлемдердің арасында келетін шылаулар: *біресе, кейде, бірде.*

«Қыстырма сөздерді» оқытудың тірек-сызбасы

ҚЫСТЫРМА СӨЗ

КҮРДЕЛІ ҚЫСТЫРМА СӨЗ

Бірнеше сөзден болады: кім білсін, қалай тегі, мен білсем, рас айтасың, бір жағынан.

ҚЫСТЫРМА СӨЙЛЕМ

Кімнің кім екенін кім білсін, әйтеуір айтысып жатыр.

СЕНДІРУ ҚЫСТЫРМА СӨЗІ

Сөз жоқ, сөзсіз мәлім, рас, әділі сол, әлбетте.

КҮМӘН КЕЛТІРУ ҚЫСТЫРМА СӨЗІ

Сірә, мүмкін, шамасы, дәу де болса.

КӨҢІЛ КҮЙ ҚЫСТЫРМА СӨЗІ

Шіркін, амал қанша, бағымызға қарай, сәті түсіп.

→ **ДӘЛЕЛДЕУ ҚЫСТЫРМА СӨЗІ**

Ең алдымен, біріншіден, екінші жағынан, мәселен.

→ Қыстырма сөз әр түрлі сөз табынан жасала береді.

Мысалы: ұмытпасам, шешесінің аты – Жәния. (Етістік)

Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, қыстырма сөзден кейін үтір қойылады.

Ақыры, Раушанды қайда көргенімді есіме түсірдім.

Қыстырма сөз сөйлемнің ортасында келсе, қыстырма сөздің екі жағынан үтір қойылады.

Мұрат, әдетте, көңілді бала болатын.

Қыстырма сөз сөйлемнің соңында келсе, қыстырма сөздің алдынан үтір қойылады. Кеш келетін болды-ау, шамасы.

Тірек-сызбаларының енді бір тиімділігі, оларды тек қазақ тілі сабағында ғана емес, сонымен қатар әдебиет сабақтарында да қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы: XX ғасыр әдебиетін өткенде мынадай тірек-сызбаларды қолданамын.



С.Торайғыров

І.Жансүгіров

М.Жұмабаев

Б.Майлин

С.Дөнентаев

С.Сейфуллин

Осы тірек-сызба арқылы балаларға ХХ ғасыр әдебиетінің дамуы мен шарықтау шегін, өркендеуі туралы әңгімелеймін. Сонымен қатар ХХ ғасыр басында болған ауыр кезеңдерді айта келіп, ақын-жазушылардың қоғамдық жұмыстары, істеген елеулі істері мен еңбектері туралы толық мағлұмат алып шығады. Ақын-жазушылардың еңбектерімен таныса отырып, шығарманың идеясын, мазмұнын, тәрбиелік мақсатын талдаймыз. Келесі сабақтарда әр ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын білу бағытында мынандай тірек-сызбаларды қолданамын.

Ілияс Жансүгіров

өлеңдері

«Ақ шың», «Ағынды менің Ақсуым», «Мезгіл суреттері», «Түн», «Жетісу», «Жазғытұрым», «Бөбек бөлеу», т.б.

поэмалары

«Күйші», «Кұлагер», «Дала», «Рүстем қырғыны», «Жаңа туған Мәйек».

Қазақ халқының ұлы ақындарының бірі І. Жансүгіровтың өмірі, балалық шағы мен білім жолы туралы айту және сызба бойынша шығармаларын түсіндіру. Оның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбектері, қалдырған мол мұралары туралы оқушыларды құлақтандырып, жүрекке жылы, көңілге қонымды өлеңдері мен поэмаларының мазмұнын ашамыз.

Содан кейін оқушылар өз беттерімен жұмыс жүргізіп, дәптерлеріне шығармаларда кездесетін жаңа сөздермен сөздік жұмыс жасайды және тірек-сызбаларын құрастырады.

Ал, енді, Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармаларын өткенде оқушылардың ол туралы не білетіндерін анықтап, өз беттерімен тірек-сызба жасауға тапсырма беремін. Содан кейін тірек-сызбаларын салыстыруға мына сызбаны ұсынамын.



Пәнге деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Тірек белгілер» деген оқыта-үйрету ойынын өткіземін.

Мәтінді оқимыз, неғұрлым жақсы түсінуге тырысамыз, мәтінді конспектілейміз. Конспектілерде сөздер мен сөйлемдер болмауы керек. Тек қана суреттермен немесе шартты белгілермен (сөздерді мүлдем қолданбауға тырысамыз) береміз. Мәтінді бөліктермен бейнелеуге болады. Сол сызба бойынша мәтіннің мазмұнын айтып шығады.

Сызбаларды кезекпен көрсетіп, түсіндіреміз, ал басқалары оны бағалап, озық ойыншыны таңдайды. Бейнелеудің ерекше шешім тапқан бірегейлігін есептейміз.

Жүргізуші жеңімпазды құттықтайды.

Сабақтарда тірек-сызбаларын қолданып жұмыстанудың нәтижесінде оқушылар өздері де кез келген грамматикалық, лексикалық тақырыптарға тірек-сызбаларын құрастырып, сабақтарға дайындалады.

Сабақ тақырыбына сай тірек-сызбаларды, схемаларды күрделендіріп отырамын. Оқушылардың шығармашылық қабілетін ұштау мақсатында оқушылармен тірек-сызбаларға слайдтар құру тапсырмасы беріледі. Осы тірек-сызбаларды оқушылар көмекші құрал ретінде жыл бойына пайдалана алады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тірек-сызбаларды қолдануда мынадай нәтижеге қол жеткізуге болады:

1. Оқушының сабаққа деген қызығушылықтары артады;
2. Уақытты тиімді пайдаланамыз;
3. Өз беттерінше іздене бастайды;
4. Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасы артады;
5. Сабақ үдерісінде оқушының жүз пайызы сабаққа қатысып отырады, сөйлемейтін оқушы болмайды;
6. Оқушының сөздік қоры арта түседі.

Өзге тілді мектептегі қазақ тілін қазіргі қоғамда мемлекеттік тілде еркін сөйлей алатын, өз ойын, пікірін қорғай алатын жеке тұлғаны қалыптастыратын пән деп санаймын.

Гүлмира ҚҰМАРҒАЛИЕВА,
Орал қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА – ДЕҢГЕЙЛІК САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасының негізі – жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Сондықтан мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады.

Жаңа технологиямен оқытудың негізгі мақсаты – баланың ашылмаған қабілетін ашу, дамыта оқыту, белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімін күшейту, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру.

Қазақ тілі сабағында оқушы қызметін белсендіру негізінде педагогикалық технологиялардың бірі - деңгейлік саралап оқыту технологиясын, соның ішінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» білім беру технологиясын қолданамын.

Деңгейлік тапсырмалар орындату балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше, оқушының біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар, яғни, оқушылардың жеңілден қиынға,

қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытатын, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыратын, ізденушілікке баулитын жұмыстар жүйесі.

Деңгейлік саралап оқыту технологиясының негізгі мақсаты:

- Барлық оқушыға стандарт деңгейінде білім беру;
- Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейінде оқыту;
- Балалардың қазақ тілі пәніне қызығушылығын туғызу;
- Шығармашыл іс-әрекет жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Тиімділігі мен ерекшелігі:

- Оқушы білімі анық бағаланады;
- Белсенділігі артып, қызығушылығы оянады;
- Ой еңбегі жетіледі;
- Белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді;
- Өзіне деген сенімділігі артады;
- Шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмтылады.

Әдістері:

- Материалды деңгейлеп беру;
- Жаттығу әдісі арқылы бірнеше деңгейде жұмыстану;
- Бірін-бірі тексеру арқылы жұмыстың дұрыстығына көз жеткізу.

Маңыздылығы:

- Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі;
- Бос отырған оқушы болмайды;
- Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады;
- Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады;
- Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Ж.Қараевтың деңгейлік саралап оқыту технологиясымынандай 4 түрге бөлінген:

I деңгей – Репродуктивті – үйренуші (білімнің төменгі шегі. Грамматикалық тапсырмалар, жазба жұмыстарын орындау, мәтінді түсініп оқу, жаңа сөздерді сөздікке жазып алу, сұрақтарға түсініп жауап беру).

II деңгей – Алгоритмдік (мақсат пен шешілуге тиісті жағдаят нақты, белгілі. Оқушы бұрынғы алған білімін пайдалана отырып, өз бетімен жұмыс істейді. Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыру, күрделі материалды жүйелей алуы, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы ескеріледі).

III деңгей – Эвристикалық (мақсат анық, жағдаят түсініксіз. Оны оқушы өзі толықтырады. Жаңа хабар, білімді өз ізденісімен алады. Бұл деңгей әр түрлі логикалық тапсырмаларды талдай, жинақтай алуды және салыстыра білуді қажет етеді).

IV деңгей – Шығармашылық (мақсат анық емес, жалпылама. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады. Өз бетінше жаңа дүние әкеледі. Құбылысты өз бетімен талдай келіп, өзін шағын шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулиды).

Деңгейлік тапсырмалардың алғашқы үш деңгейі мемлекеттік стандарттың міндетті деңгейін құрайды. Төртінші деңгейде шығармашылық тапсырмаларын мұғалім жеке баланың қабілетіне қарай өзі құрастырады.

Барлық оқушы I деңгей тапсырмасын орындап болғаннан кейін ғана келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылардың арасында өзара жарысу және оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғарғы деңгейге көтерілуіне жағдай туғызады.

Енді, оқушы білімін бағалаймыз:

деңгей	ұпай	баға
I деңгей	5	«3»
II деңгей	(I деңгей + 4ұпай) = 9 ұпай	«4»
III деңгей	(I деңгей + II деңгей + 3 ұпай) = 12 ұпай	«5»

Сабақ барысында деңгейлік тапсырманы қолданған сабақ үлгілерін айтып өтейін. Тапсырмалар оқушыға түсінікті, қызықты болуы керек. Әр сабақ түрлендіріп отыруды қажет етеді. Мүмкіндігінше тапсырмалар әр оқушының қолында болғаны жақсы.

Мысалы: 6-сыныпта I модульдің бірінші сабағы «Біздің отбасымыз. Фонетика. Дауысты дыбыстардың жіктелуі.»

Сабақ барысында сөйлесім әрекетінің барлық түрлері орындалады:

айтылым	Ереже, сөздік, 2-тапсырма (сұраққа жауап)
тыңдалым	«Біздің отбасымыз» мәтіні.
оқылым	«Біздің отбасымыз» мәтінін мәнерлеп оқу.
жазылым	Фонетикалық талдау.
тілдесім	Өзара сөйлесу.

Осы тапсырмаларды орындай келе, оқушыларға мынадай деңгейлік тапсырмалар беремін:

I деңгей.

1. Мәтіннен қазақ тіліне тән дауысты дыбыстары бар сөздерді көшіріп жаз: (ә, і, ү, ұ, ө).

2. Мәтін бойынша лексикалық тест сұрақтарына жауап бер:

• Мәтін не туралы жазылған?

А) тамақ; Ә) отбасы; Б) бизнес.

• Отбасында неше бала бар?

А) 4; Ә) 1; Б) 2.

• Ерасылдың әкесінің мамандығы – балалар дәрігері.

А) иә; Ә) жоқ, экономист; Б) білмеймін.

• Дәулет қайда оқиды?

А) фирмада; Ә) мектепте; Б) университетте.

• Отбасы қандай?

А) тату; Ә) араз; Б) шамалы.

II деңгей.

1. Мәтін бойынша кестені толтыр.

Кімнің отбасы?	Отбасы қандай?	Отбасы мүшелері	Мамандықтары	Жастары нешеде?

2. Үлгі бойынша жуан дауысты дыбыстарды жікте.

III деңгей.

1. Кестені толтыра отырып, отбасың туралы әңгімелеп бер. Қосымша айтуға болады.

Аты-жөні	Жасы	Мамандығы	Сүйікті ісі	Сүйікті тағамы	Ұнататын бағдарламасы

IV деңгей.

1. «**Отан отбасынан басталады**» деген мақалды қалай түсінесің? Өз ойыңды дәлелде.

7-сыныпта I модуль «Менің отбасым». Фонетика. «Үндестік заңымен» басталады. Бұл модуль құрамына мынадай тақырыптар кіреді: «Біздің отбасымыз»; «Біздің пәтеріміз»; «Менің достарым»; «Досыма қайран қаламын»; «Менің бос уақытым». (10 сағат)

Нәтиже сабаққа байланысты деңгейлік тапсырмаларды былай ұйымдастырдым: бұл тапсырмаларды орындағанда оқушылар қағаз бетіне сауатты жазумен қатар, іштей талдап, дәлелдеп отырады. Өздерінің сөздік қорларын, ойлау, есте сақтау қабілеттерін байқайды.

7-сынып. I модуль. Менің отбасым. Фонетика.

I. Алған білімдерін пысықтау.

1. Фонетика бөліміне және «Отбасы» тақырыбына байланысты сөздерді тап.

р	е	у	ж	і	ң	і	ш	к	е	у	у	қ	ы	с	а	ң
а	п	в	у	ц	е	г	ш	з	з	в	о	а	к	н	г	я
и	а	р	а	т	е	н	д	а	у	ы	с	т	ы	л	д	ұ
б	у	ы	н	с	к	ч	ц	к	л	п	в	а	ш	ы	к	ш
	ы	а	р	ы	п	ү	н	д	і	ш	с	ң		а	т	л
й	а	ф	е	р	і	н	д	і	к	л	і	ч	а	н	я	б
к	ғ	в	г	ы	н	д	е	ш	о	в	н	ы	т	а	с	ы
у	а	п	э	я	т	е	т	і	с	т	і	к	а	я	ч	с

Тасымал негізделеді.

Үндестік заңы 2-ге бөлінеді:

III. Деңгейлік тапсырма:

I деңгей (4 тапсырма)

1. Сөздерді сәйкестендір:

Маман	палатка
Думан	сутки
Бұрыш	почетное место
Төр	привлекательный
Тәулік	специалист
Сымбатты	симпатичный
Тартымды	угол
Үнемі	кружок
Үйірме	постоянно
Шатыр	праздник

2. Отбасы мүшелерінің мамандықтарын толтыр:

Менің	{	әкем	}	мамандығы —	заңгер.
		анам		
		ағам		
		інім		
		атам		
		қарындасым		

3. Мақалдың жалғасын сәйкестендіріп жаз:

Жаман жолдас
Жаман аттан
Жаман жолдастан
Адам досымен

Керекті сөздер: таяғым артық, басыңды, аяғым артық, құтыла алмайсың, көлеңке, мықты.

4. «Отбасында» сөзін буын түрлеріне ажырат.

II деңгей (4-тапсырма).

1. Айтылған оймен келісесің бе?

	иә	жоқ
Тәулікте 24 сағат бар.		
Жақсы оқушыны ешкім жақсы көрмейді.		
Мектепке аптасына 6 күн барамын.		
Қыста шаңғы тебеді.		
Бос уақытта кітап оқу зиян.		
Достар бір-біріне көмектеседі.		

2. Мақалды аяқта:

..... – бәйтерек, – жапырақ.

..... ақылы сарқылмайтын көлмен тең.

..... жақсылығын ауырсаң білерсің.

..... көріп өсер, көріпөсер..


3. Кестені толтыр.

Менің отбасым	Досымның отбасы

4. «уақытымды» сөзіне толық фонетикалық талдау жаса.

III деңгей.

1. Сызбаны толтыру арқылы әңгімелеп бер.



IV деңгей.

«Қара шаңырақ» деген қасиетті ұғымды қалай түсінесің? Өз ойыңмен бөліс.

Деңгейлік саралап оқыту технологиясы оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қабілетін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Оқушының білімі мен білігіндегі жетістіктерді, кемшіліктерді, олардың себептерін анықтап, мұғалім өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жолдарын белгілейді.

Сонымен қатар, деңгейлік саралап оқыту барысында оқушылар да өзінің оқу жұмысындағы жетістіктері мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, өз еңбегіне талдау жасайды. Ең бастысы, оқудан ләззат алуға, білім мен ғылымға деген құштарлығын арттыруға дағдыланады.

Сондықтан да мұғалімдерге деңгейлік саралап оқыту технологиясын қазақ тілі сабағында пайдаланған өте тиімді.



ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Оқытудың жолдары көп ұққанға,
Бір жолы да көзге түспес бұққанға.
Сабағына қатысқандар сүйсінген
Озық істің ырысы шын жұққанға.

Ізденбейтін мұғалімнің пәс үні,
Ал, ізденген ұстаз озар, әсілі.
Деңгейлікпен саралатып оқыту –
Қызықтыра дәріс беру тәсілі.



Жанна ЕРҒАЛИЕВА,
Жаңақала жалпы орта білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы.

ОРАЛХАН БӨКЕЙ. «ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ...»

Сабақтың мақсаты: білімділік – әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекетін талдау барысында өмір шындығын таныту, шығармадан алған білімдерін қорыту, жинақтау; **дамытушылық** – оқушы ойын ашық жеткізе білуге, шығармашылықпен айналысуға, талдау жасау кезінде білімін, ойын дамытуға ықпал ету; **тәрбиелік** – оқушыларды отансүйгіштікке, кітап пен білімді өзінің алдына мақсат етіп қоятын, жан дүниесі сезімтал да адал, мейірімді болуға тәрбиелеу.

Түрі: қорыту, жинақтау. **Типі:** жүйелеу. **Әдісі:** «топтастыру» стратегиясы, сөздікпен жұмыс, сұрақ-жауап, суреттеу, бейнелеу, болжам жасау, Венн диаграммасы, дискуссиялық карта. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі. **Көрнекілігі:** мультимедиялық проектор, интерактивті тақта, слайд (бетшелер).

Сабақтың нақылы:

*Көрінүші ең көнелердің көзіндей,
Жазғандарың – қара өлеңнің сөзіндей.
Асқақ едің, атақты едің, Нар едің,
Туган өлкең-өр Алтайдың өзіндей.*

(С.Тұрғынбеков).


Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасу, оқушылардың оқу құралдарын түгелдеп, сабаққа әзірліктерін қадағалау.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

- Балалар, өткен сабақта біз сендермен белгілі жазушы Оралхан Бөкейдің өмірімен, «Тортай мінер ақ боз ат...» атты әңгімесімен танысқан болатынбыз.

«Сандар сыр шертеді» кестесі бойынша Оралхан Бөкей өмірі мен қызметіне шолу жасайық.



Хронологиялық кесте

1943 ж.	28 қыркүйекте Қатон-Қарағай ауданының Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.
1961 ж.	Шыңғыстайдағы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы орта мектепте пионерлік жетекші, кейінірек «Алтай» совхозында тракторшы болып жұмыс істеді.
1963-69 ж.ж.	Әл Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне сырттай оқуға түседі де, оны 1969 жылы тәмамдап шығады.
1968 ж.	Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай бітірді. Большенарым ауданындағы «Еңбек туы» газеті мен Шығыс Қазақстан облысының «Коммунизм туы» газетінің редакцияларында жұмыс істеді. Осы жылы республикалық «Лениншіл жас» газетінің шақыруы бойынша Алматыға келеді, осы газетте мәдениет және ғылым, әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі болып істеді.
1970 ж.	Наурызда Алматыда басылып шыққан «Қамшыгер» атты повестер мен әңгімелердің бірінші жинағы жазушыны танымал етті.

1974-83 ж.ж.	«Жұлдыз» журналында проза бөлімінің меңгерушісі әрі редколлегия мүшесі болған.
1993 ж.	Мамырда шығармашылық іс-сапар кезінде Үндістанда қайтыс болған.

- Кәне, балалар, «Топтастыру стратегиясы» бойынша кім екендігіне тоқталайық.



Мұғалім қаламгердің шығармашылығы туралы қосымша мәліметтер келтіріп, толықтырады.

- Міне, балалар, біз Оралхан Бөкейдің кім екендігін білдік.

III. Жаңа сабақ.

- «Тортай мінер ақ боз ат...» әңгімесін оқып келуге берілген болатын, талдау жұмыстарын жүргізейік.

Әңгімені жоспарлау:

1. Салықсалған ауылы.
2. Соғыстан кейінгі бейбіт өмір.
3. Тортай.
4. Ертегіші Тортай.
5. Тортай мінер ақ боз ат...

IV. «Түсініктеме күнделігі». Сөздікпен жұмыс.

Күлтеленген – жібек пен қыл тәрізді заттарды тегістеп шоқтау, біркелкі етіп кесу.

Күреңсе – саздау жерге шығатын шабындық шөп.

Жемтір-жемтір – жұлма-жұлма.


Кеспелтек – жуантық келген қысқа.

V. Проблемалық сипаттағы сұрақтар арқылы әңгіменің мазмұнын ашу:

1. Салықсалғанда соғыстан кейінгі жағдай қандай екен?
2. Тортай кім?
3. Әңгімеші бала мен Тортайдың достығы қалай сипатталған?
4. Тортай нені армандаушы еді? Қалай үйленді?
6. Тортайдың автор үйіне келудегі мақсаты не?
7. Автор неге орнынан тұрып амандаса алмады?

VI. Суретте, бейнеле.

Тортай қандай бала?



VII. Кім жылдам?

Шығармадан жазушы қолданған мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді, эпитет, теңеулерді, жер-су, өзен-тау атауларын тез табуы керек.

Эпитет – заттың айырықша белгілерін, қасиеттерін білдіретін сөздерді эпитет дейміз.

Эпитеттер: жаймашуақ сәт, көкпеңбек болып көмкеріліп тұрар аспан, бейбіт күннің шуағы, тас үңгір, жұмақты өмір, көк мұнар дүние, қоңыр үн.

Теңеу – заттың, құбылыстың қасиет-сапасын ашу үшін екінші бір затпен, құбылыспен салыстыру.

Теңеулер: табанға кілемдей жұмсақ тию, ұлардай шулап, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып, ұядай қылып жинау, көк күмбезіне найзадай кіріп, ой-етек алақандағыдай көрінеді, Алтайдың шолпысындай жарқыраған Бұқтырма,

ай мен күндей қос ару.

Мақал-мәтел, тұрақты тіркестер. Мақалда ой ашық, нақты, тура айтылады. Мәтелдерде ой тұспалдап, астарлап, меңзеп жеткізіледі. Мысалы: Тоқ бала аш баламен ойнамайды.

Тұрақты тіркестер – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір мағына беретін сөз тіркесі. Қой ауызынан шөп алмас – жуас; ит басына іркіт төгілу – молшылық, қыздың жиған жүгіндей – сәнді, жинақы; тақымы қотыр тайға тимеу – ештеңеге қол жеткізбеу.

VIII. Гипотеза (болжам) жасау әдісі. Автордың баяндауынан оқушының ішкі сезімі мен ойын өрбіту.

Автордың баяндауы	Оқушы болжамы
<i>Тортай, әсіресе, мені жақсы көрді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем ферма меңгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан-бір, жолынан-екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта «Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме» деп ұрсатынды.</i>	

IX. Көрініс. Әңгімеші бала мен Тортай рөліндегі оқушылар.

Осы көріністен көріп отырғаныңыздай, автордың:

- Тортай, сен түбі сол ақ боз атқа мінесің,- деген сөзі қандай тұспалды ойға жетелейді?

X. Тапқыр болсаң, тауып көр.

Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат...» әңгімесін Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» повесімен салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылықтарын табу.

Венн диаграммасы.

«Жусан иісі»	Ұқсастығы	«Тортай мінер ақ боз ат...»
1. Өңгімеші бала. 2. Аян.	Екі шығарма да соғыстан кейінгі балалық шаққа арналған. Кейіпкерлері жетім, ертекшіл, ертегісін «баяғыда бір жетім бала болыпты...»деп бастайды, қиялшыл, оқуға құмар.	1. Өңгімеші бала. 2. Тортай.

XI. «Дискуссиялық карта» әдісі.

Ораш ел таныған азамат бола отырып, бала кезінде бірге өскен досы – Тортай амандасқалы келгенде, шыға алмады. Осы іс-әрекеті дұрыс па?

«Иә»	«Жоқ»
Менің дәлелім...	Менің дәлелім...

XII. Авторға хат. 5 мин. эссе.

XIII. Бекіту сұрақтары:

1. Соғыстан кейінгі балалар мен қазіргі балалардың арасында қандай ұқсастық, айырмашылық бар?
2. Тортай тәрізді балалар қазірде кездесе ме?
3. Тортай неге арманына жете алмады?Кітапты неге пір тұтты?

Қорытынды. Бүгінгі сабағымызды Әбіш Кекілбаевтың сөзімен түйіндесем: «О.Бөкей жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүйікті, ең сүлей суреткерлерінің бірі ретінде әлемдік танымалдыққа ие болды. Алыс-жақын елдерде аты “қазақ” деген сөзбен қабаттаса айтылатын азғантай тұлғалардың біріне айналды».

Үйге тапсырма: «Өңгімені қалай аяқтар едіңіз?»-шағын ой-толғау.

Бағалау. Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың ойын жеткізу, сөз саптау, сөйлеу мәдениеті дағдыларын дамыту;
- Өзіндік ой-пікір қалыптастыру;
- Көркем әдебиетке деген қызығушылығын ояту;
- Адамгершілік, мейірімділік, ұлтжандылық қасиеттерін арттыру.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРЫ – ТАЗА ДАЛАЛЫҚ ПОЭЗИЯ

(9-сынып)

Мақсаты: білімділік – жыраулар поэзиясының өкілі – Қазтуған жыраудың ақындық құдіретін танытатын шығармаларының тақырыптық мазмұнын ашу; **дамытушылық** – Қ.Бітібаеваның жыраулар поэзиясын оқыту технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау, шығармашылық қабілеттерін, танымдық іс-әрекеттерін дамыту; **тәрбиелік** – Қазтуған жырлары негізінде ұлттық рух пен патриоттық сезімді тәрбиелеу, ерлік пен елдікті дәріптеу.

Түрі: шығармашылық ізденіс сабағы. **Әдісі:** талдау, салыстыру, болжау, дәлелдеу, ой бөлісу, модель құрастыру. **Оқыту формасы:** топтық, жеке. **Типі:** аралас сабақ. **Көрнекілігі:** нақыл сөздер, кестелер, сызбалар, үлестірмелі парақшалар, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау. «Асан қайғы – ерекше жаратылған жан».

а) Мәнерлеп оқу сатысы;

б) Тақырыптық талдауды тексеру (3 топқа үш түрлі кесте толтыру берілген).

Кестелер үлгілері:

№1

Жырау	Толғаулары	Тақырыбы	Маңызы, мәні

№2

Жырау	Аңыз	Шындық	Қорытынды

№3

Жырау	Қай хан тұсында өмір сүрген?	Қандай қызмет атқарған?	Басты шығармалары	Даналық ойлары

III. Жаңа сабаққа көшу: «Қазтуған жыры – таза далалық поэзия».

1. Жаңа тақырып бойынша алдын ала дайындап келген тапсырмаларын тексеру.

- Қазтуған туралы оқып келу, қосымша дерек жинау;
- Зерттеушілердің Қазтуған туралы үш пікірін дайындау;
- Үш топқа парақша тарату, оны толтыру.

№1

Зерттеушілер пікірі	Оқушылар пікірі
<p>«Қазтуған поэзиясы – табиғат аясындағы көңілі таза, сәби көшпендінің поэзиясы. Таза далалық поэзия».</p> <p style="text-align: right;">М. Мағауин. «Қобыз сарыны»</p>	

№2

Зерттеушілер пікірі	Оқушылар пікірі
<p>«Көшпенділер поэзиясының өкілі – Қазтуған жыраудың қазақ тарихы мен әдебиетінде алатын орны ерекше».</p> <p style="text-align: right;">Ш. Уәлиханов.</p>	

Зерттеушілер пікірі	Оқушылар пікірі
<p>«Жыраулар – ғасырлар бойы жан-жағынан қаптаған жауына қолындағы найзасымен, ауызындағы өткір жырымен жауап беріп, қорғана білді...»</p> <p style="text-align: right;">І.Есенберлин. «Алмас қылыш».</p>	

2. Тапсырмалар негізінде сұхбат-әңгіме, пікірлесу:

а) Өз жобаларын қорғау, талдау, жинақтау.

ә) Пікірлерін айта білуі, қорғай білуі.

3. Жаңа білімді игеру.

а) Поэзия сәті.

1) Толғауларын үнтаспадан тыңдау.

2) Мәнерлеп оқу.

ә) Сараптама – талдау жұмыстары негізінде оқушы-мұғалім іс-әрекеті.

Автор туралы мәлімет	Толғаулары	Тақырыбы, айтар ойы	Көркемдік ерекшелігі	Қорытынды

IV. Оқушылардың білім-білік дағдыларын дамыту.

Оқулықпен жұмыс (3 топқа үлестірме парағын тарату арқылы өзіндік талдау жұмысын жүргізу).

Болжау	Дәлел	Қорытынды
1. «Қазтуған – жорық жырауы».	«Балдағы алтын құрыш болат».	Батырлықты, елдікті, ерлікті дәріптейді.
2. «Қазтуған – нәзік лирик»	Салп-салпыншақ анау үш өзен» (туған жерге деген махаббат).	Жырларының арқауы – туған елі, кіндік кескен, кір жуған жері.




3. «Қазтуған – шебер суреткер»

«Салп-салпыншақ анау үш өзен», «Алаң да алаң, алаң жұрт».

Теңеу, метафораларды шебер пайдалана білген: «Қарғадай мынау Қазтуған», «Ботташығы бұзаудай, Боз сазаны тоқтыдай...», «Балығы тайдай...», т.б.

V. Жинақтау, қорытындылау (Жаңа білімді саралау, талдау).

Қазтуған жыраудың моделін жасау, қорғау. (Ол кім?)



VI. Үйге тапсырма.

1-топ. Ойтолғау жазу. «Білімді туған жақсылар».

2-топ. Аманат хат жазу. «Қазтуған бабадан».

3-топ. М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» еңбегі бойынша ғылыми сипаттағы реферат дайындау.

VII. Бағалау.

Венера МҰРАТҚЫЗЫ,
Орал газ, мұнай және
салалық технологиялар
колледжінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖЕРІ БАЙДЫҢ – ЕЛІ БАЙ

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – өткен тақырыптарды қайталау арқылы олардың түрлерін практикалық жолмен меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайтып, тез ойлауға, жүйелі сөйлеуге баулу, ой-өрісін кеңейту; **тәрбиелік** – оқушыларды туған табиғатты, қоршаған ортаны аялауға, ядролық апатқа жол бермеуге тәрбиелеу, ұлттық қасиеттерді ояту.

Міндеттері:

- а) оқушылардың сабаққа қызығушылық-тарын оятып, белсенділігін арттыру;
- ә) оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;
- б) басқа оқушының жұмысын тыңдауға, бағалауға үйрету;

Түрі: дәстүрлі.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру, талдау, ой қозғау әдісі.

Көрнекілігі: кесте, суреттер, бейнетаспа, бейнемагнитофон, теледидар, сөзжұмбақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі: амандасу, оқушыларды түгелдеу.

II. Оқушылардың білім деңгейін тексеру:

- а) еңбек келісімі дегеніміз не?
- ә) еңбек келісімі қандай жағдайда қолданылады?
- б) еңбек келісімі қандай құрылымдардан тұрады?

в) еңбек келісімі қалай жазылады?

г) еңбек келісімі қандай форматқа жазылады?

III. Сабақ барысы.

- Балалар, табиғатты қорғау – әр адамның міндеті.

Табиғатты қажетімізге мейлінше пайдалану барысында оны таза, көркем, мол қазыналы қалпында мәңгілікке сақтап қалу немесе дәл бүгінгідей улап-былғап, тоздырып жіберу адамның қолында. Табиғатты жойсақ, өзімізді де жоямыз. Сондықтан өткен ғасырлардағы ақылгөй ата-бабаларымыздың үнін кейінгі өскелең ұрпақтың құлағына сіңіріп, сол кезде айтылған даналық сөздермен табиғаттың адам өмірі үшін маңыздылығын аша түсу мақсатында “Жері байдың – елі бай” деген тақырыпта жаңа сабақ өткелі тұрмыз. Дәптерлеріңізді ашып, бүгінгі күннің атауы мен жаңа тақырыпты жазып қойыңыздар.

Жалпы, қазақ халқы “Отан” деген ұғымды бала бойына ерте бастан сіңіруге тырысқан. Мұны, ең алдымен, туған жер, атамекен, ел-жұрт деген ұғымдармен барынша кеңінен байланыстырған. Қазақ баласы үшін Отан отбасынан, ата-жұрттан, туып өскен топырақтан басталады. Мұның барлығы жастардың бойына туған жер, атамекен туралы түсінік ұғымдары өте қасиетті деген пікірді қалыптастыруға қуатты ықпал етеді. Сондықтан да біздің ауыз әдебиетімізде, поэзияда жер, су тақырыбы жетекші, тұрақты тақырып болған. Бесік жырынан басталатын бұл тақырып өмір бойы қай жерде жүрмесін сағыныш сезімін тұтатып, елге, жерге деген сүйіспеншілігін өрістетіп отырған.

Қазақы тәрбие елін, туған жерін сүйуге қалыптастырады. “Туған елім болмаса, тумай-ақ қойсын ай мен күн”, “Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол”, - деп жас кезінен еліне деген іңкәрлік сезімін бойына сіңіруге тырысқан.

Енді, Түркістанова Аида мен Мерғалиева Әлияның өздері дайындап келген табиғатқа арналған жыр шумақтарын

1-оқушы: - Әй, табиғат! Шеберсің-ау, шеберсің,
Көрмегенді көрсетерсің, берерсің.
Ұлан-ғайыр байлығыңды місе етпей,
Ашкөзденген адамдарға не дерсің?
Айың мынау, Күнің мынау, Жер анау,
Ау, адамдар, жетпей жатыр енді не?
Табиғатқа таласпаңдар, ағайын,
Асырайды ол сені, мені, елді де.

2-оқушы: - Көк теңіз буырқанған қайда бүгін?
Қураған жағаң қалды тілім-тілім.
Кезеңі тоқыраудың себеп болып,
Ұрпаққа артты бүгін ауыр жүгін.
Жағанда қаңыраған қайық қалды,
Тұз, шаңнан улы болып жауын жауды.
Тұз болған ақ сүтіңді сәби ішпей,
Қазаққа Арал бүгін қайғы болды.

- Иә, балалар, бүгінде жеріміз үлкен экологиялық апатқа ұшырап тұр. Табиғаттың, ауаның бұзылуына жетістігі көп дамыған техника мен ғылым өз зардабын тигізіп тұр. Алайда біз жер қойнауында жатқан қазба байлықтарымызды пайдаланбайды емеспіз. Қазақстан жері қазба байлықтарына бай. Бізде газ да, мұнай да, басқа да бағалы заттар көп. Соларды игерудің арқасында біздер экономикамызды көтеріп, еліміз гүлденіп көркеюде.

Қазір Қазақстанның қазба байлықтары, соның ішінде мұнай мен газдың халық шаруашылығындағы маңызы туралы Мұстафина Арай қысқаша баяндап береді.

Мұнай мен газдың халық шаруашылығындағы маңызы.

Мұнайдың шаруашылықтағы маңызын халық ерте кездерден-ақ жоғары бағалаған. Оны ”жер майы”, “асыл май”, “тау майы” деп құрметпен атаған.

Бүгінде мұнайды және одан алынатын әр түрлі құнды өнімдерді көптеген өндіріс немесе ауыл шаруашылық салалары қолданады.

Бензин, керосин, тағы сол сияқты түрлі жанар және жағар майлардың мұнай айыру зауыттарында алынатыны бәрімізге мәлім. Бұл өнімдер болмаған жағдайда жер үстінде жүретін, суда жүзетін, ауада ұшатын механизмдер мен машиналардың қозғалысы мүмкін емес еді.

Мұнай және одан алынатын өнімдер техникада ғана емес, сонымен бірге өнеркәсіп салаларында да кеңінен қолданылады. Мысалы, бензин еріткіш ретінде сүйектен тағамға керекті майларды айырып алуға да жұмсалады. Сонымен қатар мұнайдан түрлі парафин, вазелин, мазут, т.б. алынады.

Көптеген иіс сулардың түрлері: кремдер, парфюмериялық жұмсақ майлар да осы мұнайдан дайындалады. Мұндай тектес газдардан алынатын шайырлардан пластикалық масса, жасанды дәрі-дәрмектер, фотография пленкалары және қысымға шыдамды сынбайтын әйнектер, т.б. жасалады.

Медицинада аурулардың кейбір түрін емдейтін құнды әрі қымбат дәрі-дәрмектер осы мұнайдан бөлініп шығарылған “ақ майдан” жасалады.

Қазіргі уақытта мұнай құрамынан мыңнан астам халық шаруашылығына қажетті заттар алынып отыр.

Арайға сұрақтар қойылады:

1. Сонымен мұнайдан қандай заттар алынады?

2. Медицинада түрлі ауруларды емдейтін дәрі-дәрмектер қандай мұнайдан алынады?

- Балалар, мұнай мен газды игеруде бізге көптеген шетел компаниялары өз көмектерін көрсетіп жатыр. Сондай компаниялардың бірі – ағылшынның “Бритишгаз” және италян “Аджип” компаниялары. Сол компаниялар жөнінде бізге Қамашев Нұркен баяндайды.

компаниялары Қарашығанақта.

Қарашығанақ кенін түгелдей игеру туралы келісімшарт дайындалды. Ағылшынның “Бритишгаз” және “Аджип” компанияларымен экономикалық, техникалық, коммерциялық, тағы басқа мәселелерді толық қамтып, аяқтауға арналған маңызды шартқа қол қойылды. Шарт бойынша Қарашығанақта өзінің мұнай-газ өңдеу зауыттары салынады. Олар өндіріске беріліп, теңіздің қуаты келген соң, Қазақстанның мұнай өнімдерін Ресейге жеткізу тәуелділігі құрдымға кетеді. Ал, Батыс Қазақстан облысының бензин, дизель отыны мен мазутпен жабдықталуы “Конденсат” деген Қазақстан мен Данияның біріккен өнеркәсібінің күшімен бірсыпыра толықтырылады. Ол кәсіпорын Қарашығанақта жанар-жағар май заттарын шығаратын зауыт салуда.

Ал, әзірше, облыста өзінің өңдеуші кәсіпшіліктері жоқ болғандықтан барлық алынатын шикізат: жылына 4 млн. тонна конденсат және 4,5 млрд. текше метр газ Ресейдің Орынбор газ өңдейтін кешенімен әрі қарай Башқұртстанға жөнелтіліп жатыр.

Нұркенге сұрақтар қойылады:

1. Батыс Қазақстаннан шығатын шикізаттан жылына қанша конденсат және қанша газ шет жерге шығарылады?
2. “Конденсат” – немен жабдықталған компания?

Ал, мұнай мен газдың алғашқы тарихынан Көпжасаров Дамир баяндайды.

Мұнай мен газдың алғашқы тарихынан.

Мұнай грек халқының “Нафта” – деген сөзінен шыққан. “Нафта” – жарып шығарлық қасиеті бар деген мағынаны білдіреді. Шынында, жер бетінде кездесетін мұнай мен газ көздерінің терең орналасқан қабаттарымен байланысты екені белгілі. Бірақ, бұл жағдай алғашқы кездерде адам баласына жұмбақ болып келді.

Ерте дәуірлерде адам баласы Италия мемлекетінде жер қойнауын жарып шығып, қайнар болып ағып жатқан мұнайды тастан жасалған ыдыстарға құйып, қараңғы мезгілдерде жарық ретінде пайдалануды білген.

Византия мемлекетінің жауынгерлері өздерінің дұшпандарына қарсы соғыстарда тарқатылған кендерді ағаш басына орап, оны мұнайға малып алып тұтатып, жау кемелеріне лақтыру арқылы жеңіске жетіп отырған. Бұл оқиға “Грек оты” деген атпен қалды.

Мұнай мен газдың шаруашылыққа қажеттілігінен енді оларды іздеп табу жағына көңіл бөлінді. Алғашқы кездерде бұл кендердің көзін тәжірибесі мол адамдар ғана табатын болды. Мұндай адамдарды “Ізші” деп атаған. Бірақ олар бабадан атаға, атадан балаға қалған бұл кәсіптерін елге жария ете бермей, сыр ғып ұстаған. Көптеген мұнай өндіретін құдықтар осылардың қолында болған. Құдықтар тек қана солардың сілтеуімен табылып және аршылып, қазылып келген.

Дамирге сұрақтар қойылады:

1. Сонымен, «мұнай» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
2. Гректер мұнайды не үшін пайдаланған?

- Осы қазба байлықтарды игеруде елбасы Н.Ә.Назарбаев көптеген шетел компанияларымен келісімшарттарға қол қойған болатын.

Бейнетаспадан үзінді. Көрнекіліктерді талдау.

Елбасы Н.Назарбаев: “... жер қойнауының байлығы — барша келер ұрпақтың игілігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше, үкіметті қоса біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз.”

“Табиғат әзілді сүймейді, ол әрқашан әділдікті қостайды, ол қатал, оныкі ақиқат, оныкі дұрыс. Қателік пен адасу адамнан ғана шығады.” (Гете).

“Суға түкірме”, “Күл шашпа”, “Көкті таптама”, “Тал кеспе”.

Қызығушылықты ояту. Ой қозғау.

- Балалар, кім табиғат құбылыстары туралы, жер туралы, су туралы, Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер біледі?

Мақал-мәтелдер жазылған кәртiшкелер үлестiрiледi.

1. *Балығы жоқ көл – қысыр, балы жоқ гүл – қысыр.*

2. *Жері байдың – елі бай.*

3. *Сусыз жерде қамыс жоқ,*

Азған елде намыс жоқ.

4. *Туған жердей жер болмас,*

Туған елдей ел болмас.

5. *Өз елің – алтын бесік.*

6. *Ел – жасымен көрікті,*

Тау – тасымен көрікті,

Аяқ – асымен көрікті.

Мультимедиафильм арқылы “Табиғат және адам” атты мәтін көрсетіледі. Мәтін талданады. Сұрақтар қойылады.

Адам және табиғат.

Елімізде ауаның тазалығын сақтауға ерекше көңіл бөлініп келеді. Соған орай біздің республикамызда ауа бассейнін қорғау шаралары белгіленді. Алматыда 74 кәсіпорын атмосфераға зиянды заттар шығаруды азайту шараларының жоспарын жасаса, қаланың 118 көлік шаруашылығында автомобильдер бөлетін газ зияндылығының мөлшерін тексеретін бақылау орындары құрылды.

Талдықорғандағы асфальт-бетон зауыты қаланың сыртына шығарылып, кілем тоқу фабрикасының бояу цехы солтүстік өнеркәсіп аймағына көшірілді.

Жезқазған кен-металлургия комбинатының кәсіпорындары әр жыл сайын шаң-тозаңды 155 тонна, күкірт газын 50 мың тонна азайту жолдарын қарастырды. Ал, Атырау химия зауытында атмосфераны қорғаудың 30-дан аса шаралары

енгізілген.

Су – біздің бір байлығымыз, сондықтан оны тазарту ісін қолға алуға міндеттіміз. Соңғы жылдарда тәуліктік қуаты 4 млн. текше метр болатын тазарту қондырғылары іске қосылды. Мұндай биологиялық тазартқыштар бүгінде Алматы, Қарағанды, Ақтөбе, Жамбыл, тағы басқа қалаларда жұмыс істейді. Су ресурстарын қорғау шараларын жүзеге асыру нәтижесінде Жайық, Тобыл, Есіл, Ертіс өзендерінің ластануы азайып, Талас және Іле өзендеріндегі судың химиялық құрамы жақсарды.

Сөздік:

шара – меры;

белгілену – установить;

шығару – выброс;

қолға алу – взять в руки;

тазарту қондырғылары – очистительные сооружения;

іске қосылды – введен в действие;

ластану – загрязняться.

Мультимедиафильм арқылы табиғат бейнеленген суреттер көрсетіледі.

Сабақты бекіту мақсатында сөзжұмбақ шешіледі.

Үйге тапсырма: жаңа сөздерді жаттау, мәтінді оқу, жер байлығына байланысты мақал-мәтелдер жазып, талдап келу.

Бағалау. Қорытынды: - Балалар, Қазақстанның қазба байлықтары жөнінде маңызды мәліметтер алдыңыздар деген ойдамын. Ертеңгі күні сіздер осы байлықтарды игеруге көп үлес қосады деп сенім білдіремін.

Сөзжұмбақ.

					С	ұ	р	а	у	л	ы
с	и	н	о	н	И	м					
			ф	о	Н	е	т	и	к	а	
				ө	Т	к	е	н			
			о	д	А	ғ	а	й			
к	ө	м	е	К	т	е	с				
т	а	б	ы	С							
л	е	к	с	И	к	а					
			л	а	С						

1. Сұрау мағынасындағы айтылатын сөйлемді қандай сөйлем деп атайды?
2. Мағыналары жуық, өзара мәндес сөздер тобын қалай атайды?
3. Қазақ тілінің тіл дыбыстарын, дыбыстар жүйесін зерттейтін саласы қалай аталады?
4. Сөйлеуші сөйлеп тұрған мезгілден бұрын болып кеткен іс-әрекет қандай шақта болғаны?
5. Адамның көңіл-күйіне байланысты айтылатын қысқартырма сөздерді қалай атайды?
6. «Кіммен?немен?» деген сұрақтарға жауап беретін қандай септік?
7. «Кімді? нені?» деген сұрақтарға жауап беріп, сабақты етістік жасауға негіз болатын қай септік?
8. Тілдегі барлық сөздердің жиынтығын, олардың мағынасын зерттейтін – қазақ тілінің қай саласы?
9. Таза сөзінің антонимі.



Анар ХАСЕНОВА,
Шортанды қаласындағы
техникалық колледжінің
кәсіби қазақ тілі
пәнінің оқытушысы.
Ақмола облысы.

САН ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ

Сабақтың мақсаты: 1) Баянауыл кенді ауданы жайлы жалпы мағлұмат беру, сан есімдердің септелуі туралы алған білімдерін қайталау, толықтыру; 2) Ауызша, жазбаша жаттығулар жүргізе отырып, студенттердің сауаттылығын, тілін дамыту, логикалық ойлау және танымдық қасиетін арттыру, сөйлем құрастыру; 3) Оқушыларды туған жер табиғатын қорғауға, оны көбейтуге бар мүмкіндікті пайдалануға үйрету, кәсіби тілде сауатты сөйлеуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: тірек-сызбалар, суреттер, тірек сөздер.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелесу, талдау-жинақтау.

Пәнаралық байланыс: арнайы пән, география, орыс тілі.

Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Студенттерді түгелдеу.

ә) Сабақтың тақырыбын хабарлап, мақсатын түсіндіру.

2. Өткен сабақты пысықтау.

3. Жаңа сабақ.

1. Сөздік жұмысы:

кенді аудан – рудный район;

құрылымдық – структурный;

белдем – пояс;

қырат – возвышенность, холм, плоскогорье;

терең жарылыстар – глубокие взрывы;

жыныстар – породы;

кендер құрамы – состав руды.

2. Сөздік бойынша тапсырма.

Сөздіктегі сөздер мен сөз тіркестерін оқып, жаттығыңыз, олармен сөйлем құраңыз.

3. Баянауыл кенді ауданы туралы мәлімет.

Баянауыл кенді ауданы – Қазақстанның солтүстік-шығысындағы геологиялық тұрғыдан біртұтас құрылымдық-металлогендік белдем.

Баянауыл кенді ауданы Жетісу (Жоңғар) Алатауы мен Балқаштың герциндік, Көкшетау қыраты мен Шыңғыстаудың және Тарбағатайдың каледондық құрылымдары түйіскен жерде орналасқан. Ол солтүстігінен, шығысы мен оңтүстігінен терең жарылыстармен, батысынан Майқайың-Екібастұз антиклинорийімен шектелген. Ауданның гравитациялық өрісінің мәні әр түрлі болып келеді. Магнит өрісі тау жыныстарының күшті өзгеріске ұшырап ұнтақталған жерлерінде теріс мәнді (-1000 гаммаға дейін), гранит массивтері орналасқан орындарда теріс және оң мәнді (-100 гаммадан + 100 гаммаға дейін), негізгі және ультранегізді жыныстар аумағында тек оң мәнді (+100 гаммадан +600 гаммаға дейін) болады. Баянауыл кенді ауданы Майқайың Екібастұз (жоғары протерозой), Баянауыл, Александров (кембрий-төменгі ордовик) антиклинорийлері, Ащысу (ордовик-силур), Қызылтау (силур-төменгі девон) синклинорийлері және Майкүбі грабені сияқты құрылымдардан тұрады. Майқайың-Екібастұз антиклинорийі солтүстік шығысқа, қалғандары оңтүстік және солтүстік батыс бағытқа созылған. Баянауыл гранитінің кварцты грейзендерінде күміс, алтын, т.б. сирек кездесетін металл кендері бар.

Баянауыл кенді ауданында флюорит, барит кендері де кездеседі.

4. Мәтін бойынша тапсырмалар:

а) Мәтінді мәнерлеп оқып, орыс тіліне аударыңыз.

ә) Мәтінге сұрақтар құрастырыңыз.

б) Мәтіндегі сандарды сөзбен жазып, олармен сөйлем құраңыз.

в) Мәтіннен мына сызбаға сәйкес сөз тіркестерін теріп жазыңыз:

Зат есім + зат есім

Зат есім + етістік

Сын есім + зат есім

Еске сақтаңыз!

Сан есім субстантивтенген (в значении существительно-го) жағдайда зат есім сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді. Сан есім баяндауыш қызметін атқарғанда жіктеледі. Сан есімге көптік жалғауы жалғанғанда болжалдық мағынасын білдіреді. Мысалы: Мен сағат ондарда (нешеде?) келемін – Я подожду приблизительно к десяти часам.

5. Берілген сан есімдерді септеңіз:

1. Бес;

2. Жетінші;

3. Алтау;

4. Жүз он бес.

6. Сан есімдерді түрлеріне қарай сәйкестендіріңіз:

1. Есептік.

1. Бірден, оннан, екі-екіден, жүз-жүзден.

2. Реттік.

2. Екіден бір (1/2), сегізден үш (3/8).

3. Жинақтық.

3. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, жетеу.

4. Топтау.

4. Бірінші, оныншы, екі жүз алтыншы.

5. Болжалдық.

5. Бір, екі, жетпіс, бес мың, он тоғыз.

6. Бөлшектік.

6. Бірер, жетпістей, жүздеп, алпыстарда.


7. Берілген сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз:

Баритовые руды, в протерозойских породах, редкие металлы, структурно-металлогенический пояс, кислые и щелочные интрузии, в северно-восточном направлении,

признаки никелевых залежей, сыпучих горных пород.

8. Төмендегі сөз, сөз тіркестерін аударып, тәуелдік жалғауының үшінші жағына қойып, үлгі бойынша сөз тіркесін құраңыз.

Үлгі: Баянауылдың кені



9. Қазақ тіліне аударыңыз:

Извлечение полезного компонента показывает, какая часть этого компонента перешла при обогащении из исходного материала в концентрат. Состав определяется процентным содержанием минералов в горных породах. Трещины верхней зоны пород, являются результатом выветривания. Основная рудная зона (восточный участок) выделенная для открытой разработки имеет пластообразную форму. Учитывая горно-геологические условия месторождения, начало работ предусматривается проводить в районе юго-западной оконечности залежи.

10. Сабақты пысықтау сұрақтары арқылы қорытындылау.

11. Үй тапсырмасы. Бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Кен ісі және металлургия» қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі, А., 2000 ж.
2. А.И.Игнатенко. «Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» мамандығына арналған методикалық нұсқау, 2007 ж.
3. Қазақ совет энциклопедиясы. А., 1977 ж.
4. К.Хайыров, Г.Хайырова. Тау-кен техникалық түсіндірме сөздігі.

ҚАСЫМ СОЛАЙ БОЛМАСА...

Ұлы Жеңіске 66 жыл, туғанына 100 жыл толуына орай қазақ ақыны, майдангер Қасым Аманжоловтың шығармашылығына арналған әдеби кеш.

Мақсаты: Қ.Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру; қазақ поэзиясына асыл өлең жазуды мақсат еткен өлеңдерінің идеялық мазмұнын ұғындыру; әр оқушының ой-қиялына ерік бере отырып, ой түюге баулу; шығармашылық, адамгершілік қасиеттерін арттыру; үлгі-өнеге алуға шақыру; патриоттық сезімге баулу; поэзияны сүйуге, мәнерлеп оқуға машықтандыру.

Көрнекілік: слайд-шоу, компьютер, «Дариға, сол қыз» өлеңдер жинағы, ақын шығармашылығына арналған көрме.

Әдеби кеш жоспары: I. Оқытушы сөзі.

II. Шығармашылығы:

1. Балалық шақ туралы өлеңдері;
2. Туған жер туралы өлеңдері;
3. Арнау өлеңдері;
4. Махаббат тақырыбына арналған өлеңдер;
5. Майдан жырлары.

III. Қорытынды.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы.

Қатысушылар: Жұмағалиев Әділ А-08; Нұрғалиев Айдар ТМ-09 «У»; Қоқанбаев Медет А-08; Мухаметрахимов Жанат А-08; Молдашев Айдар ГЭМ-08; Нүркешов Сайранбек ГЭМ-08; ДА-09 тобының оқушылары.

Жүргізушілер: Кеңесова Айдана ДА-09.

Бураканова Еркежан Л-09.

Күніне жүз ойланып, мың толғанам,

Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп... Қасым Аманжолов.

Мұғалім: - Құрметті оқытушылар, оқушылар! «Қасым солай болмаса...» атты әдеби кешімізді қазақ ақыны, майдангер Қасым Аманжоловтың шығармашылығына арнағалы отырмыз. Қасым Аманжолов 1911 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы топырағында дүниеге келген. Ол жастайынан жыр шығарып, ән салып, домбырада, скрипкада, күйсандықта ойнаған.

Ақын Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жауға қарсы қарумен де, қаламмен де күрескен ақын.

«Өзім туралы». Жұмағалиев Әділ (А-08)

1- жүргізуші: - «Өлім» деген арсыз сөз,
Қайдан маған болдың кез?
Өлім-жауым, өмір-дос,
Неге өлейін бостан-бос!

2- жүргізуші: - Аспанымды бұлт торлап,
Құрыстырды денемді.
Көзімнен жас домалап,
Төктім сонда өлеңді.

1- жүргізуші: - Жырымды да жасымды
Бір сығып мен тастадым.
Жайнап қайта ашылды
Ойым менің – аспаным.

2- жүргізуші: - Қазақтың әні мен өлеңін
Найзадай көтеріп келемін.
Шығыстың аласа аспанын
Түндіктей түріп бір тастадым.

1- жүргізуші: - Әттең, жоқ қой, қанатым,
Жерім көп ұшып баратын.
Борышым көп беретін,
Сыбағам көп алатын.

2- жүргізуші: - Бұл шытырман ойлардан
Әйтеуір шығып кетермін.
Арманым бар ойға алған,
Соған да бір жетермін.

1-жүргізуші: - Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі,
халқымыздың дарынды ақыны, атақ-даңқы кеңге жайылған
Қасым Аманжолов (1911-1955) ұлттық әдебиетіміздің заңғар
аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағы
еді. Өмірден ерте кеткенмен, ол болашақ ұрпаққа мол мұра
қалдырды.

2-жүргізуші: - Бейбіт өмірді,

1-жүргізуші: - Қан майданды,

2-жүргізуші: - Туған жер мен ата-ананы,

1-жүргізуші: - Достық пен махаббатты.

2-жүргізуші: - Көңіл күйі мен табиғатты биік парасатты-
лықпен, шынайы сезіммен, зор тебіреніспен жырлады.

Халқымыздың ақиық ақыны М.Мақатаев Қасым
поэзиясына табынып өз бағасын берді.

1-жүргізуші: - «Қасым солай болмаса...»

Дейсіңдер-ау! Қасымның несі басым?!

Қасым солай болмаса, несі Қасым?!

«Ақынмын» деп қопандап жүргендердің

Әммесінен Қасымның десі басым.

Қуат алып жырына бәз даладан,

Ол жанған.

Күні жоқ-ты маздамаған!

Өлісінде өнеге болғаны анық,

Тірісінде біреуге жазған Адам...

Жалын жұтып, жанын жеп жазған құрлы,

Өлеңінің өлмеуін арман қылды.

Тасқа басып қалдырды тәкаппар жан,

Қан менен жас аралас тарлан жырды.

Жеді.

Тынды...

Керемет дергтер төніп,

Кең кеудеде кетті ғой кектер сөніп.

Қасым деген – қалғыған жанартау ғой,

Жанартау ғой.

Жанды да кетті өртеніп.

«Бір күй бар домбырамда...» (Иесі – Қасым)

Қасым солай болмаса, несі Қасым?!

Жыр бәйгеге аттанған адам болса,

Сөредегі Қасымын есіне алсын!..

2-жүргізуші: - Адам жүрегін өзгеше жақсы білетін ұлы Гете жастық шақты босқа жырлаған жоқ. Ол жастық шақты адам өмірінің ең биік шыңы деп босқа айтпаған. Бүгінгі сөз етіп отырған ақынымыз Қ.Аманжолов та жастық шағын жырламай қалған жоқ.

1-жүргізуші: - Түседі еске жалаң аяқ күндерім,
Ақ сүйекті ала қашқан түндерім.

Сол қашқаннан мол қашыпты балалық,
Қайда екенін көптен бері-ақ білмедім.

2-жүргізуші: - Қуар едім осы күні етікшең,
Бірақ маған жалаң аяқ жеткізсең.
Мен мұндамын, сен қайдасың, білмеймін,
Жеңіл аяқты жетім болып кеттің сен.

1-жүргізуші: - Өткен екен талай жылдар, талай күн,
Өмір жолын, өлең жолын санаймын.
Сонау қарттың жөтелгенін есітіп,
Есік жаққа қайта-қайта қараймын.

2-жүргізуші: - Жас дәурен – гүл жазира қайран жазым,
Тыңдаған ерке сұлу айтқан назын.
Әсерлі ән, көк нөсер күй, сал домбыра,
Жігіттің тебірентесің өнерпазын!
Жас дәурен – қызығыңа тоя алмаспын,
Ән мен күй, өлең, сені қоя алмаспын.

Тірлікте тербелейін, тебіренейін,

Бір күні кетсем ұйықтап, оянбаспын.

2-жүргізуші: - Туған жер – сенің өміріңде ұмтылғандағы үзеңгің, баспалдағың. Сенің өміріңде құлаш жайған, келешегіңнің таңын атқызған, балалық тәтті шақты қоныштан басып тойлаған бір-ақ жерің бар. Ол – Туған жер.

1-жүргізуші: - Ақын атамыздың туған жерге деген ықыласынан туған өлең - жырларынан сусындасақ:

Сүйем сені, туған ел-атамекен,

Абзал анам сенсің ғой құшағың кең.

Жер мен көктің жаннаты – бір өзіңсің,

Сенен артық не табамын, қайда кетем?!

Асан қайғы емеспін, Қасыммын мен,

Қобызымен сырласып күңіренген.

2-жүргізуші: - Жаннаты жер мен көктің – сұлу Көкше,

Ризамын бар ғұмырым Көкшеде өтсе.

Табиғат, таңқаламын тамашаңа,

Қандай күш жаратты екен сені ерекше.

Көп шығар көрмеген жер, дүние кең.

Сонда да тау бар ма екен Көкшеме тең?!

Берсе де Гейне – Рейнін, Гомер – Парнас,

Көкшемді мен айырбас етем бе екен?!

Аймұханбетова Гүлназ: «Мен – табиғат бөбегі».

Мұқантегі Гүлдерай: «Ертіс».

Қамзина Назерке: «Хан тәңірі».

1-жүргізуші: - Қазақстан дейтін менің бар елім,

Жатыр алып жарты дүние әлемін!

Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл далада атам қолға ту алған,

Бұл далада жылап келіп уанғам,

Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,

Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

2-жүргізуші: - Қасым Аманжоловтың көптеген өлеңде-

рине әндер жазылған. Сол әндерінің бірі – «Туған жер».

Ән: «Туған жер». Қамзина Назерке, Сыдықова Гүлзинат.

1-жүргізуші: - Адам туады, адам өледі.

Мұнда тұрған қайғы не?

Бұл – жаратылыс заңы.

Біздің шығыс елдері «адам – дүниеге келген қонақ, біраз қонақтадың, енді аттануың керек» деседі.

Бірақ адам дүниеге тек қана келіп, әншейін ғана аттана бермейді, ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады.

Халқымыздың даналарының қалдырған мұрасынан нәр алған Қасым Аманжолов көптеген қазақ ақын-жазушыларына арнау өлеңдерін жазған.

Тауданбекова Бақыт: «Сырбайға».

Қожахметова Аида: «Мұхтар ағаға».

Мамырбаева Айым: «Бауыржанға».

Сыдықова Гүлзинат: «Абайға айтарым».

Құсман Еркежан: «Жамбылға».

1-жүргізуші: - «Сүю» деген жалғыз сөзде қандай ұлы күш бар! Солай емес пе, Айдана?!

2-жүргізуші: - Иә, Еркежан! Қасым Аманжолов атамыз махаббат пен сүйіспеншілік тақырыбын жырламай кеткен жоқ.

Құдай-ау, қайда сол жылдар,

Махаббат, қызық мол жылдар?!

Ақырын, ақырын шегініп,

Алыстап кетті-ау құрғырлар.

Нұрғалиев Айдар: «Сүйемін мен Испанканы».

Нұрғалиев Айбар: «Айтшы, жаным».

Ахметжанова Арай: «Сүйдім дедің».

Жұмағалиев Әділ: «Сабыр етші».

Кенесова Айдана: «Әлде...».

2-жүргізуші: - Ақынның анаға, сүйген жары – Сақыпжамалға, қызы – Дариғаға деген махаббаты, сүйіспеншілігі де

жыр жолдарынан орын алған.

Айтымбетова Іңкәр «Сақыпжамалға», «Дариғаға» өлеңдерін оқиды.

Мұхамадиева Майгүл «Балам ауырғанда» өлеңін оқиды.

2-жүргізуші: - Еркежан! Патриот деп қандай адамды айту керек?

1-жүргізуші: - Қазақ халқының біртуар ақыны Б.Момышұлы айтқан екен: «Патриотизм – Отаным, сені сүйем. Сен үшін құрбан болуға даярмын» деген құрғақ сөзді түгмүлдете беру емес. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігіңді іспен дәлелде. Ата – анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруагер, әділ, адал болып өседі. Іс деген осы, патриотизм осыдан басталады».

2-жүргізуші: - Әкелді елге зор қасірет, қайғыны
Қанды қырғын – Ұлы Отан соғысы.
Жапа шекті халқымыздың барлығы,
Мұңға батты ата – баба қонысы.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы қаншама қыршындардың өмірін қиды. Осы соғысты көзімен көрген, қан майданында арпалысқан жанның бірі – Қасым еді. Оның соғыс тақырыбындағы өлеңдері ақынның өмірге деген күштарлығы мен майдан арпалысы.

1-жүргізуші: - «Қоштасу».
Қош бол, досым, жақыным!
Уақыт тығыз, сөз қысқа.
Кетіп бара жатырмын
Сұрапыл бір соғысқа.
Сыналар күні жігіттің,
Қош бол, досым, сөз қысқа!
Зіл боп ойым, мен кеттім
Сұрапыл бір соғысқа!

Зарлықанова Жансая: «Достар».

Сайлаубекова Толқын: «Достар, қайда жүрсіздер?».

Қайырғазина Анар: «Сен фашиссің».

Серікқанова Талшын: «Дариға, сол қыз».

Ән «Майданға».

Нүркешев Сайранбек: «Елге хат».

Молдашев Айдар: «Ұлы күтіс».

1-жүргізуші: - Ақынның поэмалары – қан майдандағы өмір мен өлім, қасқырдай анталаған жауға қарсы ашынуы, дос туралы жаназасы. Ата жаумен арпалысқан ұланды ұлы ететін, жаужүрек батыр ететін – оның Отанына деген махаббаты.

«Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын майданда мерт болған жан досы – Абдолла Жұмағалиевтің рухына арнады.

2-жүргізуші: - Жақын жолдасыңның қиналып барып жан тапсыруын көруден ауыр не болады дейсің! Ол – жаныңа жаны қосылған досыңның өлімі, ол – тізе қосып, бірге алысқан жолдасыңның өлімі!

«Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасынан үзінді.

Сахналық көрініс: Абдолла рөлінде – Нұрлан Еңсегенов.

1-жүргізуші: - Елін, жерін сүйген адам ғана батырға айналады. Ол батырларымыздың есімі – ел есінде.

2-жүргізуші: - Әлия мен Мәншүк, Б.Момышұлы, Т.Тоқтаров, Қ.Қайсенов есімдері ешқашан ұмытылмақ емес.

Бердюгина Алена: «Алтын жұлдыз».

Мұғалім: - Қазақ халқының қаһарман батыры Қасым Қайсенов өзінің «Аттас аға» естелігінде: – «Соғыс аяқталған кез. Алматыда жүрмін. Майданнан оралған ақын-жазушыларды Жұмекеңнің (Саин) ауызынан естіп көруге асығамын. Бір күні оның үйіне барсам бір адам домбыра шертіп отыр екен».

- Міне, енді танысып қойыңдар. Мына кісі – Қасым Аманжолов деген ақын ағаң, бұл жуырда майданнан келді, - деді Жұмағали маған бұрылып.

- Мынау да – Қасым, аттасың, бұл – партизан, партизан болғанда мықтының өзі! Украинада мұны «Вася» дейді екен,- деп мені Жұмағали ол кісіге көпірте таныстырды.

- Е, менімен бірге Украинадан бір партизан келді деп едің. Аттас екенсің ғой,- деп, Қасекен менің қолымды қайта қысты.

Отанын сүйсе, оны Қасым ағадай сүйсін! Не деген патриот! Бір басына азаматтық, патриоттық, ақындық, композиторлық, домбырашылық өнердің сыйып тұрғанына таң қаласың!

Осы ағамен 1995 жылы мәйіті басында сақшыдай тік тұрып: «Хош, аса дарынды аяулы аға, топырағың торқа болсын!»- деп қоштастым.

Ол аға армандаған туған еліне жетті, туған жерінен топырақ та бұйырды, бірақ арамыздан ерте кетті.»

1-жүргізуші: - Қасым поэзиясы Отанды сүйеге, қастерлеуге үндейді, қайсарлыққа, табандылыққа, қаһармандыққа баулиды. Ақынның өмірге, келешекке артатын сенімі, үміті мол! Бүгінгі өткізіп отырған кешіміз – соның бір дәлелі.

2-жүргізуші: - Қасым Аманжоловтың туғанына – 100 жыл, Ұлы Жеңістің 66 жылдығына арналған әдеби кешімізді аяқтаймыз. Назарларыңызға рахмет!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Аманжолов. Дариға, сол қыз. Өлең жырлары. А., «Атамұра», 2003 ж., 212-бет;
2. М.Мақатаев. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар. 1989 ж., 35-бет;
3. Қазақ әдебиеті: 11-сыныбына арналған оқулық. А., «Мектеп», 2007 ж.;
4. Қасым Қайсенов. Естеліктер мен жазбалар. А., «Атамұра», 2002 ж., 304-бет.

СЫН ЕСІМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Сын есім» тарауы бойынша алған білімдерін бекіту; дамытушылық – түрлі әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың ой-танымдарын, сөздік қорларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тақырып бойынша алған білімдерін қолдана білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – топтық жұмыстар жасату арқылы бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауға, тіл табыса білуге, шығармашылықпен жұмыс жасай отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: дәстүрлі емес: «Бақытты оқиға» оқыту ойын-сабағы. **Типі:** бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** практикалық, көрнекілік, сұрақ-жауап, проблема туғызу, оқу, аудару, мәнерлеп оқу, екеуара сөйлесу, тыңдап түсіну. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, ағылшын тілі, мәдениеттану, музыка. **Көрнекіліктер:** қоржындағы асықтар, тапсырмалары бар кәртішкелер, бағалау парағы, ойынның геймдары жазылған қағаздар. **ОТҚЖ:** компьютер, проектор. **Жұмыс түрлері:** жеке, жұптық, топтық. **Қолданылған технология:** М.М.Жанпейісованың модульді оқыту технологиясы, ойын технологиясы.

Сабақтың барасы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) амандасу;

ә) түгелдеу.

II. Негізгі кезең.

б) Қайырлы күн, құрметті жанкүйерлер, көрермендер, ұстаздар, қонақтар! Бүгінгі «Бақытты оқиға» атты ойынға

екі топ қатысып отыр, «Алғырлар» мен «Тапқырлар». Екі топты қол соғып қарсы алайық!

- Ребята, сегодня у нас необычный урок, цель нашего урока - проверка знаний по теме: Сын есім. Қоғамдық қызмет көрсету. На уроке мы повторим изученный нами материал по теме «Сын есім. Қоғамдық қызмет көрсету».

Урок будет проходить в форме игры «Счастливый случай» и победит в нем сильнейший.

1-топ – Тапқырлар.

Ұраны: «Өнер-білім, бәрі де
Оқуменен табылған.»
Жетістікті тағдыр емес
Білім ғана анықтар.

2-топ – Алғырлар.

Ұраны: Өнеріміз сайыста,
Жетелейді алысқа.
Бүгінгі күннің жеңісі
Достық болып қалады.

Әділ қазылар алқасымен таныстыру.

- Ойынымызды бастаймыз. Қорытынды сабақ болғандықтан, ойын түрінде өтеді. М.М.Жанпейісованың модульдік технологиясы бойынша «Бақытты оқиға» ойыны. Ойын бес геймнен тұрады. «Гейм» – ағылшын тілінен аударғанда «ойын» дегенді білдіреді.

- I. Бой жаздыру – Разминка.
- II. Қоржындағы асықтар – Бочонки из мешочка.
- III. Сен – маған, мен – саған; Ты – мне, я – тебе.
- IV. Қонақ кәдесі – Темная лошадка.
- V. Кім жүйрік? Гонка за лидером.

I. Бой жаздыру – Разминка.

Берілген сұрақтарға тек командалардың капитандары ғана жауап береді.

1-топ сұрақтары:

1. «Сын есім» аудармасы.

2. Сын есім нені білдіреді?

3. Сын есім жіктеле ме?

4. Сын есім тәуелдене ме?

5. «Вкусная еда» аудармасы.

6. **Қызыл, ақ, көк** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

7. **Ауыр, жеңіл** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

8. **Ащы, тәтті** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

9. **Домалақ, жалпақ** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

10. Дара сын есімге мысал келтіріңіз.

2-топ сұрақтары:

1. Сын есім сұрақтары.

2. Заттың әр түрлі белгісін білдіретін сөз табы.

3. Сын есім көптеле ме?

4. Сын есім септеле ме?

5. «Горькое лекарство» тіркесінің аудармасы.

6. **Үлкен, биік, ұзын** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

7. **Жуас, жалқау, тентек** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

8. **Жақсы, жаман** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

9. **Қара, жасыл, ақ сұр** сын есімдері заттың қандай белгісін білдіреді?

10. Күрделі сын есімге мысал келтіріңіз.

Игра со зрителями.

Игра созвучных слов.

Пестрый – ...

еда – ...

детство – ...

Город – ...

камень – ...

городской – ...

Черный – ... *вчера – ...* *зеленый – ...*
Простой – ... *улица – ...* *драгоценный – ...*

II. Қоржындағы асықтар – Бочонки из мешочка.

- Әр команда кезекпен қоржыннан нөмірленген асықтарды алып, нөмірге сәйкес келген тапсырманы орындайды. Әр топқа төрт кезек беріледі.

1. «Асханада» тақырыбына диалог құрастыру.

2. Жаңылтпашты тез әрі дұрыс айту. Сын есімдерді

табу.

Көк базарда бәрі бар,

Барып, барын, бәрін ал.

3. Төртіншісі артық.

Әдемі көк қысқы дәмхана

Сұлу қызыл тұзды емхана

Көркем жақсы таулы колледж

Түзу жасыл кіші асхана

4. Сын есімдері бар өлеңді жатқа оқу. Сын есімдерді

атау.

5. Жұмбақты шешу. Сын есімдерін анықтау.

Қысы – жазы өзгермес

Жаралған жасыл түсінен.

Қанша аяз болса да,

Айырылмайды гүлінен. (...)

6. Әнді табу. Сын есімдерді көрсету.

Шөпте шегіртке отыр,

Шөпте шегіртке отыр.

Тіпті, қияр сияқты

Жап – жасыл ол болады. (...)

7. Өлеңді мәнерлеп оқу, ішінен сын есімдерді табу.

Қап-қара түнді көрдім де,

Жап – жарық таңға кездестім.

Қарасыз, сірә, мен мүлде,

Аппақтың нарқын сезбеспін.

Қашпандар қара бояудан!

Аспанда жарық жұлдыздар

Қап-қара түнде оянған. (М.Мақатаев)

8. Сын есімдерді қазақ, ағылшын тілдеріне аудару.

Вкусный – дәмді – tasteful;

Сладкий – тәтті – sweet;

Теплый – жылы – warm;

Холодный – суық – cold;

Горячий – ыстық – hot.

Игра со зрителями.

Мақал-мәтелдердің ішінен сын есімдерді табу.

1. Оқусыз – білім жоқ,

Білімсіз – күнің жоқ.

2. Отан оттан да ыстық.

3. Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті.

III. Сен – маған, мен – саған; Ты – мне, Я – тебе.

- Әр команданың қарсыластарына дайындаған тапсырмалары бар, яғни, үй жұмысы.

Көрініс көрсету.

1. Дүкенде.

Айжан: - Сәлеметсіз бе! Мына қызыл көйлек неше теңге тұрады?

Сатушы: - Көйлектің бағасы бес мың теңге.

Айжан: - Бағасы қымбат екен. Арзанырақ көйлек бар ма?

Сатушы: - Әрине, бар, бірақ ол сары түсті.

Айжан: - Ашып көруге бола ма?

Сатушы: - Болады, қане, киіп көріңіз.

Айжан: - Маған өлшемі қырық төртінші көйлекті беріңізші.

Сатушы: - Кешіріңіз, бізде сіз сұраған өлшемді көйлек жоқ, тек қырық алтыншы өлшемнен жоғары көйлектер бар.

Айжан: - Өкінішті-ақ, жарайды, көйлекті базардан

алармын. Аяқ киім бөлімі қай жерде, айтыңызшы.

Сатушы: - Аяқ киім бөлімі екінші қабатта орналасқан.

Айжан: - Рақмет, сау болыңыз!

Сатушы: - Сау болыңыз, келіп тұрыңыз!

2. Емханада.

Әлия: - Апа, менің тамағым ауырып тұр және қызуым бар сияқты.

Шешесі: - Иә, Әлия, аздап қызуың бар екен. Саған дәрігерге бару керек. Бірақ мен сенімен бара алмаймын, себебі жұмыстан қалуға болмайды.

(Аурухана. Дәрігер ауруларды қабылдап жатыр. Әлияның де кезегі жетті).

Әлия: - Сәлеметсіз бе!

Дәрігер: - Сәлемет пе! Атың кім? Түрің боп – боз, не болды?

Әлия: - Атым – Әлия. Жағдайым онша емес. Ауырып тұрмын.

Дәрігер: - Қай жерің ауырып тұр? Міне, градусникті қолтығыңның астына салып отыр.

Әлия: - Менің тамағым ауырады және қызуым бар, өзімді әлсіз сезініп тұрмын.

Дәрігер: - Градусникті бер, қызуың – 37,5 C⁰. Дәрі іштің бе?

Әлия: - Жоқ.

Дәрігер: - Сенің тамағың қызарып тұр, бұл – баспа. Кеше суық су ішіп немесе балмұздақ жедің бе?

Әлия: - Кеше бес балмұздақ жедім және күн суық болды.

Дәрігер: - Қазір мен саған рецепт беремін. Біріншіден, дәріханаға барып, дәрі сатып ал. Тамағыңды тұзды сумен және ас содасымен шай, балмен көбірек шәй іш. Жақсы ма?

Әлия: - Жақсы.

Дәрігер: - Әлия, бір аптадан соң тағы кел. Тез жазыл, сау бол!

Әлия: - Сау болыңыз!

IV. Қонақ кәдесі – Темная лошадка.

- Бүгін біздің ойынымызға келген қонағымыз бар. Ол кісі құр алақан келген жоқ. Сіздерге дайындаған тапсырмалары бар. Бейнесұраққа назар аударыңыздар.

Қонақ.

- Қайырлы күн, ойынға қатысушылар. Менің аты – жөнім: Қайдарова Нұргүл Нұрлыбайқызы. Мен лицей оқу – тәрбие кешенінің қазақ тілі пәні мұғалімімін. Сіздерге дайындаған екі тапсырмам бар.

Бірінші тапсырма: **Әріптік диктант – Буквенный диктант.** Мәтінді түсіну, түске берілген сын есімдердің алғашқы әріптерін ғана жазу, мысалы: қоңыр – «к».

Буквенный диктант

Қызыл, жасыл гүлдің,

Қызыл – сары күннің,

Аппақ, таза қардың

Суреттерін салдым.

Мына бояу – күлгін,

Түсі емес пе күлдің?

Түсі – сары күздің,

Түсі – көкшіл мұздың.

Бота, іңген – бозы,

Сары – қозы.

Қап-қара анау – қарға,

Одан қара бар ма?

Аю салдым қоңыр,

Қара қоңыр – көмір.

Ақсары – өзім,

Қоңырқайы – көзім...

Қиын емес маған,

Бәрін бояй алам. *(С. Оспанов)*

(к, ж, қ с, а, к, с, к, б, с, қ – қ, қ, қ, қ, а, қ.)

- Екінші тапсырма: Берілген сандардың орнына әліппедегі ретіне сәйкес әріпті қойып, сөзді табу және одан неғұрлым көп сөз құрастыру. 15, 20, 19, 37, 23, 15, 1, 13

- Назарларыңызға рахмет. Іске сәт!

Игра со зрителями.

Сын есімдердің жасалуын түсіндіру.

Мұздай, сусыз, бақытты, ақылды, көктемгі.

V. Кім тез? Гонка за лидером.

Әр командаға 12 сұрақ қойылады, команданың барлық мүшелері жауап бере алады.

1-топ:

1. Туынды сын есім жұрнақтары.
2. Негізгі сын есімге мысал келтіріңіз.
3. Сын есімнің неше шырайы бар?
4. Жай шырайға мысал келтіріңіз.
5. Күшейтпелі шырай қалай жасалады?
6. Аспаз не істейді?
7. «Ашық» сөзінің синонимі.
8. «Түс» сөзінің омонимі.
9. «Республика» сөзінен сын есім жасаңыз.
10. «Дәріхана» сөзінің түбірі.
11. Сөйлемнен сын есімді табыңыз.

Мен әдемі қалада тұрамын.

1. Салыстырмалы шырайға мысал келтіріңіз.

2-топ:

1. Туынды сын есімге мысал келтіріңіз.
2. Негізгі сын есім дегеніміз не?
3. «Жақсырақ» – сын есімнің қай шырайы?
4. Күшейтпелі шырайға мысал келтіріңіз.
5. Болмысыз сын есімге мысал келтіріңіз.
6. Дәрігер не істейді?
7. «Емхана» сөзінің түбірі.
8. «Әдемі» сөзінің синонимі.

9. «Қара» сөзінің омонимдері.

10. «Ұлт» сөзінен сын есім жасаңыз.

11. Сөйлемнен сын есімді табыңыз.

Бүгін қызық семинар болды.

1. Салыстырмалы шырай қалай жасалады?

III. Қорытындылау.

- Ойынымыз өз мәресіне жетіп қалды. Қорытындысы шыққанша әсем ән тыңдаңыздар.

Әділ қазылар алқасына сөз беріледі.

Командаларды марапаттау. Бағалау.

IV. Үйге тапсырма беру.

«Сын есім. Қоғамдық қызмет көрсету» тарауын қайталау, бақылау жұмысына дайындалу.



ТАМШЫ ТАНЫМ

Сын есімнің сыры сұлу өмірде,
Бір әдемі күйді ойнатар көңілде.
Ғашығыңа теңеу іздеп жүргенің
Тәтті үмітпен көркі ғажап өңірде!

Роза БЕКЕШОВА,
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЗ ҚОРЫНДА – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – қазақтың ұлттық тағамдары туралы мәтінді оқып, мазмұнын айтып беру, сөз қорын байыту, еркін сөйлеу қабілетін дамыту, қосымша мәліметті тыңдап, сұрақтарға жауап беру, ой-өрістерін кеңейту; *дамытушылық* – оқушылардың шағын ғылыми жұмыстарын қорғау, слайд арқылы тағамның түрлерін біліп, сұрақтарға жауап беру; *тәрбиелік* – қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған және қастерлей білген. Асқа байланысты салт-дәстүрлерді, ырымдарды біліп, сыйлауға үйрету.

Түрі: жаңа тақырыпты меңгеру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, оқушылардың шағын ғылыми жобаларын қорғау, интерактивтік тақтаны қолдану. **Көрнекілігі:** баннер, интерактивтік тақта.

Сабақтың эпиграфы: Ас – адамның арқауы.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру:

1. Өткен сабақтың тақырыбы қандай?
2. Шеберлер не үшін таласқан?
3. Диқанның үйі қандай үй?
4. Қазақтың үйі қандай үй?

Қазақ елінің жеті ғаламатының бірі – киіз үйі.

5. Киіз үй туралы не білесіңдер?

6. Киіз үйдің төрінде қандай аспап ілулі тұрған?

7. Домбыра туралы не білесіңдер?

8. Домбыраны қай кезде естуге болады?

9. Қонақ туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

10. Қазақ қонақты қалай қарсы алған?

Қазақ қонақты қарсы алып, бай дастархан жайған.

Қазақ халқы дәмді, жақсы тағамдарын өздері жемей, қонаққа әдейі сақтаған.

III. Жаңа тақырыпты талдау:

Бүгінгі сабақтың тақырыбы: Қазақтың ұлттық тағамдары. (I слайд)

Мақсаты: мәтін оқу, слайд көру арқылы ұлттық тағамдар туралы өз ой-өрістерімізді кеңейтеміз, тағаммен байланысты салт-дәстүрлер, ырымдар, мақал-мәтелдерді білеміз.

Ас – адамның арқауы (II слайд)

Оны қалай түсінеміз? (өз ойларын ортаға салу)

Мұғалім: - Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Халқымыз тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын, оны дәмді етіп әзірлеудің де көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсаңдарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, өнегелі қасиеттерін білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуда да, қазақтың кең дастарханы арқылы, яғни, қонақасы арқылы көрсеткен.

Қазақ қонақасы беруде қонақ таңдауды, басқа ұлт, дін өкілдері деп бөлуді де білмеген, төрге шығарып, ашық қабақ танытқан, достық көңілін көрсеткен. Шаршағандарына, мұқтаждарына ат, ас, көлік сыйлай да білген.

1. Жаңа сөздермен жұмыс (III слайд):

а) оқу; ә) морфологиялық талдау:
ұлттық дастархан – бұл не? Сөз тіркесі (есім с.т, б.т-қабысу)

қазы-қарта, жал-жая – қосарланған қос сөз;
қазақ қанында – сөз тіркесі (есім с.т, б.т-қабысу)
қандай сөздерді тасымалдауға болмайды? (бір буынды:
нан, құрт)

б) синоним келтіру (IV слайд):
зат-нәрсе, дүние, бұйым, мүлік, жасау, жиһаз.
Тамақ-ас, тағам, ырыс, несібе, дәм-тұз, ас-су, қорек,
нәрем.

Қарт-егде, кәрі, мосқал, кексе, жасамыс, қартаң.
Сыйлау – құрметтеу, қадірлеу, қасиеттеу, қастерлеу,
әспеттеу, құндау.

в) антоним келтіру (V слайд):

Қарт – жас.

г) омоним келтіру.

Бас – зат есім, етістік.

Полисемия.

Бас – судың *басы* – (бұлақ);

таудың *басы* – (шың)

сөздің *басы* – (сәлем)

ғ) есте сақтау қабілетін дамыту (жаңа сөздерді меңгеру)
(VI слайд).

2. *Мәтінді тізбектеп оқу.*

3. *Сұрақ-жауап құрастыру.*

Қазақ халқы нені жоғары бағалаған?

Ұлттық тағамдар неше түрге бөлінеді?

Негізгі ұлттық тағам не?

Бас кімге тартылады?

Қонақжайлылық қандай қасиет?

(оқушылар сұрақ-жауапты әрі қарай жалғастырады).

4. *Оқушылар мәтінді іштей оқиды.*

5. Қазақтың ұлттық тағамдары туралы не білдік?
(білгендерін айтып беру).

IV. Қолдану.

Оқулықтың 41-бетіндегі 1-тапсырманы ауызша орындау.
Сөйлемдерді толықтыру. Ет тағамдары:

Сүт тағамдары: т.б.

Бауырсақ сөзіне фонетикалық талдау жасау.

Сөйлемді талдау: 1. сөйлемнің түрі; 2. синтаксистік
талдау; 3. сөз құрамына талдау; 4. сөз тіркестерінің байланысу
тәсілдерін ажырату.

*Ең құрметті қонақтарға, жасы үлкен қарттарға бас
тартылады.*

*(жай, хабарлы сөйлем, тұрлаулы мүшелеріне қарай
– жақты, толымды, тұрлаусыз мүшелеріне қарай –
жайылма).*

1. бас тартылады – етістікті сөз тіркес, байланысу тәсілі
– қиысу.

2. ең құрметті қонақтарға – есім сөз тіркес, байланысу
тәсілі – қабысу.

3. қонақтарға тартылады – етістікті сөз тіркес, байланысу
тәсілі – меңгеру.

4. жасы үлкен қарттарға – есім сөз тіркес, байланысу
тәсілі – қабысу.

- Қазақтың ұлттық тағамдарының неше түрі бар?

- Нан қандай ас?

Оқушылардың дайындаған шағын ғылыми жобаларын
тындап, сұрақтарға жауап беру.

Нан тағамдары. (VII-X слайд)

Сүт тағамдары. (XI-XVII слайд)

Ет тағамдары. (XVIII-XXII слайд)

Қазақ ыдыстарына да ерекше мән берген. Сырттан келген
кісілер де елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы
сынап, бағасын берген. Сондықтан қазіргі кезде де қонақ

шақырғанда, үйімізді жинап, ыдысымызды түгелдеп, бүкіл жылы-жұмсағымызды қонақтың алдына қоямыз.

Көне ыдыстар туралы мәлімет беру (XXIII-XXXVI слайд)

Қазақ дәм татыруды достықтың, татулықтың, бірліктің, елдіктің сара жолы деп қараған, сондықтан асқа, жалпы тамаққа байланысты қазақ халқында ырым-тыйымдар, тұрақты сөз тіркестер, мақал-мәтелдер көп.

Оқып, оны қай кезде айтуға болады екенін дәлелдейміз.

Ауызыңа май – қуанғанда, риза болғанда.

Ішкен асым батпайды, тамағымнан ас өтпейді – уайымдағанда.

Ішкен асын жерге қояды – құрметтеу, сыйласу белгісі.

Ауызынан ақ май ағып отыр – тоқтық.

Сабасы керегеде ілулі тұр – қымызсыз ел.

Мақал-мәтелдер (XXXVIII слайд)

Таспен атқанды аспен ат. Ас – бірліктің, татулықтың белгісі.

Қазаны оттан түспейді. Ас отбасының берекесін, дәулетін бейнелейді.

Бір күн дәм татқан үйге қырық күн сәлем. Әр қазақ өзі дәм татқан үйді қатты құрмет тұтып айтқан.

Ас – иесімен тәтті, тағамымен жақсы. Қонақ келген кезде үй иесі қонақпен дастархан басында отыруға міндетті.

Абысын тату болса – ас көп,

Ағайын тату болса – ат көп.

V. Сабақты қорыту. Рефлексия: (XXXIX слайд)

Бүгін сабақта ... білдім.

Мен үшін жаңалық...

Мені таңғалдырды...

Мен ол туралы білгенмін...

VI. Оқушыларды бағалау.

VII. Үй жұмысы: «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбына эссе жазып келу.



Әсия БІБЫРАЕВА,
И.П.Шухов атындағы
орта мектеп-гимназиясының
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Жамбыл ауданы,
Преснов ауылы.

СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІНДЕГІ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ

Сабақтың мақсаты: оқушылардың сөйлеу әрекетін қалыптастыру.

Міндеттері: *білімділік* – ата-дәстүр бойынша қазақтың қонақжайлылығы туралы, қонақтарды қарсы алу, дастархан жасау, дастархан басында күту, бата беру рәсімдерін үйрету; *дамытушылық* – оқушылардың байланыстырып сөйлеу қабілеті мен танымдық деңгейін арттыру; *тәрбиелік* – халықтар арасындағы достық қарым-қатынасты күшейте отырып, халықты сыйлауға биік адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Түрі: жаңа білім беру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, жұптық жұмыс, мәтінмен жұмыс.

Көрнекіліктер: кәртішкелер, мақал-мәтелдер, сюжетке байланысты қажетті суреттер.

Сабақтың барысы: *I. Ұйымдастыру кезеңі:*

- оқушылармен сәлемдесу;
- оқушыларды түгелдеу;
- оқушыларды сабаққа бейімдеу.

II. Сабақтың мақсатымен таныстыру:

- Біз бүгін сабақта қонақасы, қонақ күту жайлы әңгімелесеміз, мәтінмен танысамыз.

III. Жаңа білімді меңгерту кезеңі:

1. Кіріспе сөз: - Әр халықтың өз салт-дәстүрлері бар екеніне көзіміз жетті. Біздің қазақ халқы – өте бауырмал, қонақжай халық. Олар келген адамды әрқашан құшақ жая қарсы алып, оған мал сойып, табақ тартқан.

Эпиграф қандай мағынаны білдіреді?

«Қонақжайлылық – халық жанының айнасы»,
«Гостеприимство – зеркало души человека».

2. Сөздік жұмысы:

қонақжай халық – гостеприимный народ;

отағасы – хозяин;

қонақ келсе – когда приходят гости;

сыйлап күтеді – ухаживают;

тілек – пожелание.

3. Аудирование. Мәтінді тыңдап, мазмұнын айтып беріңіз.

Қазақ халқы – өте қонақжай халық. Қонақ келсе ол дастарханға барлығын қояды, сыйлап күтеді. Ата-бабамыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі – қонақжайлылық. «Қонақпен еріп құт келеді» деген сенім бойынша, қонағын қарсы алған отағасы есігін өзі ашып, алдымен қонағын кіргізеді. Жөн сұрасып болған соң, үй иесі қонағына барын беріп, риза етуге тырысады. Қонақ шөлдеп келсе, қымыз беріп, шөлін басады. Тамақ ішіп болған соң, сыйлы, қадірлі, жасы үлкен адам бата береді, ас қайырады.

Ас қайыру деген – қонақ күткен үй иелеріне жақсы тілек айту.

Тапсырма: сұрақ-жауап арқылы мәтіннің мазмұнын айтқызу.

- Қазақ халқы қандай халық?
- Қонақ келсе ол қалай күтеді?
- Қонақпен не еріп келеді?
- Қонақ шөлдеп келсе не береді?

4. Мақал-мәтелдермен жұмыс.

Мақалдар ойыны: Бір оқушы мақалды бастайды, екінші оқушы аяқтайды. Дәптерге жазғызу.

Қонақ асыңа емес(қабак – қасыңа риза).

Түскенше қонақ ұялады(түскен соң үй иесі ұялады).

Қонақты қуа берсең(құт қашады).

Мақалды құрастыру.

Бірнеше мақалды алып, әр сөзді жеке-жеке кәртiшкеге жазып, конвертпен оқушыларға таратамыз. Олар кәртiшкедегі сөздерден мақал құрастырады.


Қыдыр

Қырықтың бірі – Қыдыр.

Дауынды

Өз үйінде кісіге дауынды айтпа.

5. Тақырып бойынша кластер құрастыру:



мәлімет беру:

«Құдайы қонақ» – кездейсоқ, бір түнеп аттанатын бейтаныс жолаушы.

«Қыдырма қонақ» – алыстан ағайын-туғандарын, құда-жекжаттарын іздеп келіп, жатып-жастанып, бір мал жеп кететін қонақ.

«Қылғыма қонақ» – тамақтың піскенін аңдып жүріп, шақырусыз келіп, ет жеп кетер сүйкімсіз қонақ.

IV. Сабақты ақын Қ.Мырза Әлі ағамыздың бір шумақ өлеңімен қорытындылады:

- Қазақ осы – ашық-жарқын қабағы,

Қонақ келсе, шабылып бір қалады.

Байқа да тұр, кетерінде ол саған

Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

V. Бекіту:

Қазақ халқы қандай халық?

Ол қонағын қалай күтеді?

VI. Үй тапсырмасы: *мәтіннің мазмұнын білу, мақал-мәтелдерді жатқа білу.*



Гүлнар ТАҒАЕВА,
Тараз қаласындағы
№ 13 орта мектептің
қазақ тілі және әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА СӨЗГЕ БАЙ ЖЕТІ АТА

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – тақырыпқа байланысты жаңа сөздермен таныстыру, жеті ата сөзінің

мағынасын түсіндіру, оқушылардың сөздік қорын байыту; **дамытушылық** – оқушылардың жазу, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, жаңа сөздермен сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрай білуге үйрету; **тәрбиелік**: оқушыларды мемлекеттік тілді құрметтеуге, қазақтың салт-дәстүрін білуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Типі**: жаңа материалды игерту. **Көрнекілігі**: интерактивті тақта, суреттер, қима қағаздар. **Әдісі**: сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру. **Пәнаралық байланыс**: дүниетану.

Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.
- сабақтың тақырыбы, мақсаты.

2. Өткенді қайталау.

- үй тапсырмасын тексеру.

А) Қазақ халқының ата-салты туралы.

Ә) Ата-ананың бала өміріндегі атқаратын рөлі.

Б) Баланың рөлі.

3. Жаңа сабақ: кіріспе сөз; тірек сөздермен жұмыс.

ата – әкенің әкесі;

әже – әкенің шешесі;

нағашы – шешенің туыстары;

жсиен – қыздың баласы;

немере – баланың баласы;

шөбере – немеренің баласы;

туыстар – бір-біріне туысқан адамдар.

Жеті ата – бір кісіден тараған аталас қауым: *ата, бергі ата, арғы ата, баба ата, ұлы ата, түп ата, тек ата.*

4. Сөздікпен жұмыс:

Сөздердің мағынасын түсіндіру, аудару.

Дұрыс айтуға дағдыландыру:

- мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды;

- оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді дауыстап оқиды;

- тізбектеп оқиды.

Жаңа сөздермен сөз тіркесін құрастыру: нағашы, жұрт, жиен бала, әжесінің шөбересі, атасының немересі.

Сөйлемдерді құрастыру: *Мен әжеме шөбере болып келемін. Менің нағашыларым ауылда тұрады.*

5. Мәтінмен жұмыс: мәтінді тізбектеп оқыту; мәтінге атақою; мәтіннен туыстардың атауларын табыңдар, сөйлемдерді толық оқып шығыңдар.

6. Сергіту сәті: Аталар, әжелер,
Ағалар, әпкелер,
Аналар, әкелер, балалар –
әр үйде бар олар.

7. Жаттығу жұмысы: А) 7 санына байланысты қандай ұғымдарды білесіңдер? (*жеті ата, жеті шелпек, жеті қарақшы, жеті күн және т.б.*)

Ә) Сұхбатты толықтырыңдар:

- Ерлан, сен жеті атаңды білесің бе?

- Иә, ... Ал, сен ше?

- Әрине. «Жеті атаны білмеу – ұят нәрсе», - дейді атам.

- Ендеше, әкеңнің әкесі саған кім болады?

- Әкемнің әкесі маған ... болады?

- Ал, сен кімге немере боласың?

- Мен атама ... боламын.

- Анаңның туыстары саған кім болады?

- Анамның туыстары маған – нағашы, ал мен оларға ... боламын.

- Ержеткенде сен балаларыңа ... үйретесің бе?

- Міндетті түрде ... үйретемін.

8. Сабақты бекіту.

9. Үйге тапсырма: «Жеті атасын» біліп келу, мақал-мәтелдерді жаттау.

10. Сабақты қорыту. Оқушыларды бағалау.



Алима БАҚЫТҚЫЗЫ,
Ақтөбе облысының
Темір ауданындағы
Шұбаршы орта мектебінің
мұғалімі.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ СӨЗДІГІ

Сабақтың мақсаты: балаларға тақырып туралы түсінік беру, үй жануарларының төлдерімен таныстыру, табиғатты, үй жануарларын аялауға тәрбиелеу, балалардың сөздерден сөз тіркестерін құрып оқу арқылы дамытушылығын, шығармашылығын арттыру.

Түрі: аралас. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, жобалау, түрлендіру. **Көрнекілігі:** тақырыпқа арналған плакаттар, Мақта қыз бен мысық, олардың құралдары, сөзжұмбақ, интерактивтік тақта, бағалауға арналған жапырақшалар, көк-5, жасыл-4, сары-3.

Сабақтың барысы:

1. *Ұйымдастыру бөлімі.*
2. *Тренинг.*
3. *Жаңа сабақты түсіндіру.*
4. *Тапсырмалар орындау.*
5. *Сергіту сәті.*
6. *Бекіту.*
7. *Үйге тапсырма беру.*
8. *Бағалау.*

1. Ұйымдастыру бөлімі.

2. **Тренинг:** оқушыларды өзіме қарату мақсатында тренинг өткіземін.

3. **Жаңа сабақты түсіндіру:** - Балалар, тақтада сурет ілулі тұр. Суретке қарайық, бұл қай жыл мезгілі?

- Көктемде қандай мерекелер бар? Бұл қай мереке деп ойлайсындар? Иә, бұл – наурыз мерекесі.

- Көктемде қандай өзгерістер болады? Балалар, біз үйде не асыраймыз? Біздің үйімізде төрт түлік мал бар ма? Атап айтып көрейікші? Балалар, енді біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз да осы төрт түлік малға байланысты «Үй жануарлары» деп аталады. Қандай үй жануарларын білесіңдер?

- Сиыр, түйе, қой, жылқы, шошқа, ешкі.

Бүгінгі өтетін сабақтың мақсаты – үй жануарларының төлдерімен танысу. Балалар, бізге бүгін Мақта қыз бен мысық қонаққа келіп тұр. Олар өзара керісіп қалыпты. Осы Мақта қыз бен мысықтың татуласуына көмектесейік. Ол үшін біз тапсырмалар орындайық.

Тапсырмалар орындау арқылы біз мысыққа қатықты табуына көмектесеміз.

3. Тапсырмалар орындау: 1-тапсырма. Сурет бойынша үй жануарларының төлін біліп ал.

Орысша баламасын.

Қозы – ягненок;

Бота – верблюжонок;

Бұзау – теленок;

Құлын – жеребенок;

Лақ – козленок;

Торай – поросенок.

2-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін оқы.

Сиыр	үлкен сиыр
Бұзау	кішкентай бұзау
Жылқы	көп жылқы
Құлын	бір құлын
Түйе	ақ түйе
Бота	кішкентай бота
Шошқа	қара шошқа

Торай	сары торай
Қой	қоңыр қой
Қозы	ақ қозы
Ешкі	бес ешкі
Лақ	екі лақ

3-тапсырма. Өленді мәнерлеп оқы.

*Жылқы деген жануар,
Құшақ жетпес жалы бар.
Бие, құлын, тайы бар,
Үйірімен жайылар.*

4. Сергіту сәті: Ешкінің лағы
Селтиіп құлағы,
Жүгірсе ол далада,
Жеткізбейді балаға.

4-тапсырма. Үлгі бойынша сөйле.

1. Бұзау.
2. Мынау – бұзау.
3. Мынау – кішкентай бұзау.

1. Түйе.
2. Мынау – түйе.
3. Мынау – ақ түйе.

5-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, жаз.

Сиырдың.... бар. Жылқыныңбар. Түйенің....бар.
Шошқаныңбар. Қойдыңбар.

Керекті сөздер: бұзау, торай, құлын, бота, қозы.

6-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.

1. Лошадь.
2. Свинья.
3. Жеребенок.
4. Теленок.
5. Верблюжонок.
6. Корова.
7. Козленок.

8. Поросенок.

9. Птицы.

5. Бекіту сұрақтары:

1. Балалар, біз бүгін қандай тақырып өттік?

2. Бізге қонаққа кімдер келді?

3. Мақта қыз бен мысықтың татуласуына көмектестік пе?

6. Үйге тапсырма беру:

Үйлерінде қандай үй жануарлары бар, солар туралы әңгімелеп келіңдер.

7. Бағалау: Кім қандай жапырақ жинады, соған байланысты бағалаймын.



Меркурий ЖҰМАҒАЛИЕВА,

Орал қаласындағы

№7 жалпы орта білім

беретін мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

ШЫЛАУ МЕН МАХАББАТ КҮМБЕЗІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, Қазақстанның ежелгі қалалары, тарихи-мәдени ескерткіштері, жалпы көне мәдениеті туралы білімдерін қайталау. Тәж-Махал күмбезі туралы мәлімет беріп, білімдерін дамыту, шылау туралы түсінік беру; **дамытушылық** – тақырып бойынша оқу, түсіну, сөйлеу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – эстетикалық тәрбие беру, өз елін, жерін сүйе білетін, озық ойлы, мәдениетті азамат болуға тәрбиелеу. Туған жерінің тарихын білуге ынталандыру.

Көрнекілігі: фотосуреттер, Power Point бағдарламасында жасалған тұсаукесерлер, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география.

Сабақтың барысы: 1. *Ұйымдастыру кезеңі (амандасу, оқушыларды түгелдеу).*

- *Армысыздар, оқушылар, өрендер,
Бар көңілді ықыласқа бөлеңдер.
Ал, кәнекей, аз уақытта байқалық
Кім ақылды, қайсың ұлы кемеңгер?*

2. Үй тапсырмасын тексеру және өткен тақырыптарды қайталау.

- «Қайталау – оқу анасы,
Мақалдың бір данасы.
Өткенді еске түсірсең*

Ешкімнің жоқ таласы», – демекші, балалар, «Тарих мұрасы» модулі бойынша шолу жасайық.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен бастағым келіп тұр: *«Біз – өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз».*

Қай сөз сендерге ой салды, маңызды көрініп тұр? (тарих, болашақ)

- Тарихымыз бен болашағымызды не байланыстырады? (әдебиет, тарихи, даңқты тұлғалар, тарихи оқиғалар, киелі жерлеріміз, тарихи-мәдени ескерткіштер, мәдениетіміз, т.б.)

- Еліміздегі қандай тарихи-мәдени ескерткіштерді білеміз? Мына суреттерді атаңдар. Сурет бойынша сұрақтар қойылады. Ал, енді, ескерткіштермен танысуды әрі қарай жалғастырайық.

2. Жаңа сабақ: Махаббат күмбезі.

1) Сабақтың мақсаты және эпиграфпен таныстыру.

Жаңа сөздермен жұмыстану.

2) Тәж-Махал суреті, ол туралы қысқаша мәлімет.

3) Айша бибі кесенесі туралы да айтып кету.

4) Шылау дегеніміз не? Ережесімен таныстыру. Сызбамен жұмыс, мысалдар келтіру.

5) Оқулықпен жұмыс 35-беттегі “Махаббат күмбезі” мәтінін оқып, аудару.

1. Мәтінге сұрақ қою.
2. Мәтіннен шылауларды табу.

6) Шылауларды қолданып, сөйлемді дұрыс құрастыру.

7) “Бес жол өлең” стратегиясы.

8) Тестік жұмыс.

1.Сөздерді дұрыс аударындар.

- | | |
|------------------|---------------------|
| 1) Күмбез; | А)Наследие; |
| 2) Ескерткіштер; | Ә) Купол, Мавзолей; |
| 3) Мұра; | Б) Здание; |
| 4) Ғимарат; | В) Мрамор; |
| 5) Мәрмәр. | Г) Памятники. |

2. Шабғар деп қай қаланы атаған?

- А) Отырар; Ә) Тараз; Б) Түркістан.

3. Қай қаланы бұрын “Әулиеата” деп атаған?

- А) Ақмола; Ә) Павлодар; Б) Тараз.

4. Айша бибі күмбезі қай қалада салынған?

- А) Түркістан; Ә) Тараз; Б) Отырар.

5. Қай қаланы «екінші Мекке» деп атайды?

- А) Шымкент; Ә) Қызылорда; Б) Түркістан.

6. Жауап алу мақсатымен сұрай айтылған сөйлем қалай аталады?

- А) Хабарлы; Ә) Сұраулы; Б) Лепті.

7. Сөйлемнің тұрлаулы мүшесі:

- А) анықтауыш; Ә) пысықтауыш; Б) бастауыш.

8. Ойға қатысты сөйлем мүшелері түгел болып келген жай сөйлемнің түрі не деп аталады?

- А) жалаң; Ә) жақты; Б) толымды.

9. Дұрыс құрастырылған сөйлемді көрсетіндер.

- А) Шебер салған Мұхамед Ида деген «Тәж-Махалды».

Ә) Мұхамед Ида салған шебер «Тәж-Махалды».

Б) «Тәж-Махалды» Мұхамед Ида деген шебер салған.


10. Шаһар сөзінің синонимдік қатарын табыңдар.

А) Бекініс, Ескерткіш;

Ә) Қала, Кент;

Б) Қамал, Өнер.

9) Венн диаграммасын толықтыру.



10) Қорыту:

- Балалар, бүгін біз сіздермен қандай тақырып өттік?

- Не туралы айттық?

- “Ата өнері – балаға мұра” нақыл сөзін қалай түсінеміз?

Біз мәдени ескерткіштерімізді, жәдігерлерімізді сақтауымыз, қорғауымыз керек.

11) Оқушыларды бағалау.

12) Үйге тапсырма беру (мәтінді аудару, тапсырмаларын орындау) 138-бет, 9.8.6.



ТАМШЫ ТАНЫМ

Бір тарылып, бірде ұлғайып жер кеңір,

Болсын мейлі жаңа қала, жаңа өңір,

Ең ұлы шын, мәдени зор ескерткіш –

Мемлекеттік тілсіз бізге жоқ өмір!

ТІЛДІ ҰСТАРТҚАН – ӘДЕПТІЛІК

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылар білім деңгейін көтереді, алған білімдерін толықтырады, қазақ тілінде ауызекі сөйлеп үйренеді. Түйінді және әлеуметтік-қатысымдық біліктіліктерді қалыптастырады.

Көрнекіліктер: интерактивтік тақта, кәртішкелер, тақырыптық суреттер. **Әдісі:** интерактивтік тақтаны пайдалану, сын тұрғысынан ойлау.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Суретпен жұмыс.

- Тақтадағы суретке назар аударайық.
- Балалар, суретте не бейнеленген?
- Бала не істеп тұр?
- Бұл қандай бала деп ойлайсындар? Жақсы бала ма?
- Дұрыс, әдепті бала.
- Сонымен, сабағымыздың тақырыбы қандай?

III. Тақырыпты анықтау (мағынаны ашу).

Сөздік бойынша әдептілік деген: сыпайыгершілік, тәртіптілік.

Сыпайыгершілік – вежливость,

Тәртіптілік – дисциплинированность.

IV. Сөздік жұмысы.

- Олай болса, әдептілікке байланысты сөздерге назар аударайық, сөздерді оқып шығайық.

Тақтаға шығып, осы сөздердің орысша баламасын жазу.

- Енді, осы сөздерді дұрыс жаздық па екен, тексеріп көрейік (Тақтаның екінші жағы ашылады).

Әдепті болу үшін көптеген жақсы сөздерді біледі екенбіз.

- Ал, сендердің араларыңда әдепті бала көп пе, әдепсіз бала көп пе?

V. Ереже құру.

- Жақсы, онда «әрқашан жандарыңда әдепті балалар көп болсын» дей келе әдептілікке байланысты ереже құрастырайық.

- Сендер ереженің авторлары боласындар. Әдепті болу үшін не істеу керек? Ал, авторы деген жерге өз аты-жөндеріңді жазасындар. Оқушылар топпен жұмыс жасайды.

Бірінші жазып болған топтан 1 топ басшысы шығып, автор орындығына отырып, өз ережелерін оқиды.



Әдептілік туралы ереже.

Топтық жұмыс: оқушылар әдептілік туралы ережелер жазады.

- Өте жақсы, енді, осы ережелерді жазып қана қоймай, әрдайым орындап жүрсін, әдепті болсын деген ниетпен естелікке осы ережелерді сыйлаймын.

VI. Мәтінмен жұмыс.

Мәтінді оқу, аудару (мәтіннің 1-бөлігін таратамын).

1. Арман мен Аян үшінші сыныпта оқиды. Олар –

достар. Екеуі автобустың алдыңғы орындығында отырды. Аялдамада автобуска әже кірді. Оның қолында ауыр сөмкесі бар.

- Мәтінді оқып шығындар, аударындар.
- Сендер қалай ойлайсындар, ары қарай не болады?
- Арман мен Аянның орнында сендер не істер едіңдер?
- Мәтінді ары қарай оқиық.

(2-бөлігін таратамын, бір оқушы дауыстап оқиды).

2. Аян әжейдің қасына келді. «Әже, мына орынға отырыңыз» деді. Ал, Арман әжені көрсе де орнында отыра берді. Әже Аянның орнына отырды. Екі аялдамадан соң ол түсуге дайындалды. Әже сөмкесінен екі алма алды....

- Қалай ойлайсындар, екі алманы әжей не үшін алды?
- Әңгіме қалай аяқталды, соны оқиық. (3-бөлігін таратамын).

3. Әжей риза болды. «Үлкенді сыйлағаның үшін», - деді мейірімді әже Аянға. Аян алманы жеп, күліп тұрды. Арман алмасын жеуге ұялды.

- Әже қандай адам деп ойлайсындар? Ол мейірімді ме?
- Арман алмасын жеуге неге ұялды?
- Ал, Аян қандай бала?
- Осы әңгімені қалай атауға болады?

VII. Грамматикалық тапсырмалар.

«Әже» деген сөзді тәуелдеу, «мейірімді» деген сөзді жіктеу.

4. Өлеңмен жұмыс.

- Ендігі мақсатымыз: мына өлең шумақтарын мәнерлеп оқып, өлеңде кімдер туралы айтылғанын табамыз.

- Кімдер туралы айтылған?
- Ал, енді, өлеңді сәл өзгертіп, өзің туралы айтып көріндерші.

Мен әдепті баламын, Айтқан тілді аламын....

VIII. Сабақтың қорытындысы.

- Балалар, бүгін біз адамның бойындағы жақсы қасиеттер туралы сөйлестік, біз бір-бірімізге жақсы сөздер айтып, үлкендерді сыйлап жүрсек қандай тамаша болар еді. Әдепті бала қуантады. Ал, канеки, сендер әдепті баласыңдар, бір-бірлеріңе әдемі сөздер, тілектер айтыңдаршы.

- Сендер жақсы, әдепті болсаңдар маңайларыңа бақыт сыйлайсыңдар. Әдепті сөздер – сиқырлы сөздер.

- Қандай сиқырлы сөздер білесіңдер?

(Қайырлы таң, қайырлы күн, сәлеметсіз бе, сау болыңыз, өтінемін, кешіріңіз, өтіңіз, рақмет, т.б.)

- Сабақ аяқталды, сау болыңдар, балалар!



Мәдина КҮЗЕМБАЕВА,
№1 Қамысты орта мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Қостанай облысы,
Қамысты ауданы.

МОРФОЛОГИЯ ТАРАУЫ БОЙЫНША ЗАТ ЕСІМ ТАҚЫРЫБЫНА БАҚЫЛАУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ


Ұсынылып отырған тапсырмалар қазақ тілінің морфология тарауларының бірі – Зат есім тақырыбын айқындайды. Бұл тапсырма-схемалармен, әр түрлі жаттығулармен сүйемелденген және тестік сұрақтармен ұсынылған. Өз бетінше қазақ тілін үйренуші категорияларға арналған.

Заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табын **зат есім** дейді.




Кім? → қыз


Не? → мысық





Зат есімнің жалғаулары





(Жалғасы келесі санда).

ДАУЫСТЫ ЖӘНЕ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік – дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайталау, сөздік қорды молайту, дыбыстық талдау жасауға жетелеу; **дамытушылық** – екеуара сөйлесуге, өз ойларын еркін айтуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – отбасы мүшелерін, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, тапсырмалар, мақал-мәтелдер, тірек-сызбалар, сөздіктер, аударма. **Көрнекіліктер:** слайдтар, сөзжұмбақ, суреттер.

Сабақтың барысы. Оқыту үрдісінің маңыздылығы.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Кезекшімен сұхбат (№1 слайд).

2. Ұй тапсырмасын тексеру: 38-беттегі «Менің әкем» өлеңін жаттау.

3. Жаңа тапсырмаларды қалыптастыру. «Менің шешем» тақырыбына сөйлесу.

4. 2-тапсырма. Анасы туралы айту.

5. Сергіту сәті. «Бір үйде біз нешеуіміз?».

6. Тапсырмалар орындау.

Ұй тапсырмасы сұралады.


- Балалар, біз қандай тақырыпты өтіп жатырмыз?

- Отбасы туралы.

- Отбасы мүшелерін атайықшы?

- Ата, әже, әке, шеше, аға, апа, сіңлі, іні, қарындас.

- Ендеше, отбасы туралы сөзжұмбақ шешейік (№2 слайд).



1. *Родина* сөзінің аудармасы.
2. Әжем дәмді *еда* пісірді.
3. *Ребенок* сөзінің аудармасы.
4. *Дружный* сөзінің аудармасы.
5. Атам *65 лет*.
6. Оның *мама*.

Жаңа сабақты түсіндіру, сабақтың мақсатымен таныстыру.

- Ана дегенде тебіренбейтін жан бар ма?! Ана – асыл сөз! Қасиетті сөз! Аналар туралы ақын, жыршыларымыз да жырлаған. Ана – бізге өмір сыйлаған адам. Біздерді еркелетеді, әлпештейді, аялайды. Аналарымызды ренжітпей, тыңдауымыз, көмектесуіміз керек.

Сөздіктермен танысамыз: (№3 слайд).

жақын – близкий;

өмір – жизнь;

махаббат – любовь;

мейірімді – добрый;

тірегі – опора;

көмектесу – помогать.

Сөздіктерден сөз тіркесін құрастыру (№4 слайд).

Қайырымды керек

Жақын махаббаты

Отбасы жан

Ана тірегі

Көмектесу адам

Өмір анашым

Менің сыйлады
Тақтаға назар аударайық (№5 слайд)



Тапсырма: 1. Кітаппен жұмыс. 39-бет.
2. Өз анасы туралы жазу.

Сергіту сәті (№6 слайд)

Бір үйде біз нешеуміз?

Кел, санайық екеуміз.

Бас бармағым – әкем,

Балаң үйрек – анам,

Ортан терек – ағам,

Шылдыр шүмек – апам,

Кішкене бөбек – мен.

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз – бесеуміз.

Оқулықпен жұмыс: 4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Мен шеше... сабаққа барды ...

Сен шеше... мектепке барды...

Сіз шеше... дүкенге барды...

Ол шеше... театрға барды...

Бекіту. 5 жолды тұжырымдама:

1. (кім?) Шеше.
2. (қандай?) әдемі, мейірімді.
3. (не істейді?) сатады, оқытады, айтады.
4. (сөз) Анам сатушы болып істейді.
5. синонимі – Ана.

Үйге тапсырма: өз аналары туралы әңгімелеу.

Бағалау.



Жанар БАБЕНОВА,
Павлодар қаласындағы
№16 лицей-мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

САН ЕСІМДІ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – сан есімнің түрлерін ажырата білу, сан есімдерді сөйлемдерде дұрыс таба білу, олардың жасалу жолдарын есте сақтау; **дамытушылық** – тақырыпқа байланысты жағдай туғызып, сұхбаттасу, ой-өрісін, тілін дамыту; **тәрбиелік** – туған жеріне сүйіспеншілікпен патриоттық сезімін ояту.

Түрі: аралас сабақ. **Типі:** жұппен, жеке жұмыс. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндірмелі, шығармашылық іздену. **Көрнекіліктер:** интерактивті тақта, сұхбаттасу карталары, ой-толғау, кестелер.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу, түгелдеу.

2. Үй жұмысын тексеру: «Астана» өлеңін жатқа айту.

3. Жаңа сабақ. Оқушылар интерактивті тақтаға қарап өлеңді тыңдап, сабақтың тақырыбын ашады.

Сүйікті қалам

*Көшелері құлпырған сала-сала,
Алаңдары кең құшақ сайран дала.
Көргендері арлы арудан айнымайтын,
Ақ көңілді, кең пейіл қайран қала.*

- Осы өлеңде не туралы айтылып жатыр?

- Дұрыс, қала туралы. Ал, біз қай қалада тұрамыз?

- Біз Павлодар қаласында тұрамыз.

- Павлодар қаласында нелер бар?

(Оқушыларға проблемалық ойды туғызып, олардың алдына сұхбаттасу картасы беріледі).

Сұхбаттасу картасы



Оқушылардың жауабын тыңдау.

Мәтінді түсініп оқып, сан есімдерді өзі байланысып тұрған сөздермен бірге теріп, жазу.

Павлодар қаласы

Павлодар қаласы – үлкен, әдемі қала. Ол Ертіс өзенінің бойында орналасқан.

Аз уақыттың ішінде қала танымастай өзгерді. Қалада көптеген ғимараттар салынды. Қаланың ортасында Мәшһүр Жүсіп атындағы мешіт пен Ертіс өзенінің бойында шіркеу, көп қабатты үйлер салынды. Павлодарда 4 мұражай бар. Олар: И.Потанин атындағы Өлкетану мұражайы,

Бұқар жырау атындағы әдеби мұражайы, П.Васильев атындағы мұражай үйі, көркем сурет мұражайы. Қалада көптеген саябақтар, ескерткіштер, кітапханалар, қонақүйлер, мектептер, колледждер, университеттер бар.

Павлодар қаласында 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады. Қала тұрғындарының саны – 345 мың адам.

Жүппен жұмыс. Оқушылар өз қалауымен тапсырманы орындайды. Мәтін бойынша диалог құрастырып, мазмұнын айтып беру.

Сергіту сәті: оқушылар қала тақырыбына байланысты сөздерді естіп, шапалақ соғады. Кітап, мұражай, өшіргіш, орындық, мешіт, ғимарат, есік, терезе, саябақ, доп, қонақүй, қала, дәптер, айран, нан, ескерткіш.

Шығармашылық жұмыс: оқушылар өз қалауымен тапсырманы орындайды.

А) Эссе жазады; Ә) 5 жолды өлең жазады.

Эссеге тірек-сөздер: күннен күнге өсіп келеді, туған қалам ұнайды, өте тамаша қала, өз қаламды мақтан етемін.

Қорытынды:

Иә	Ойтолғау	Жоқ
	1. Павлодар қаласы – үлкен, әдемі қала.	
	2. Павлодар Есіл өзенінің бойында орналасқан.	
	3. Қалада көптеген ғимараттар салынды.	
	4. Павлодарда 4 мұражай бар.	
	5. Қалада саябақтар, ескерткіштер, қонақүйлер, зауыттар көп.	
	6. Павлодарда 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады.	
	7. Сен Павлодар қаласында тұрасың ба?	
	8. Саған қала ұнайды ма, жақсы көресің бе?	
	9. Павлодар қаласы – өте тамаша қала.	
<i>Жауап бергеніңе рахмет, саған сәттілік тілеймін!</i>		

Үйге тапсырма: Павлодар туралы әңгіме құрастыру. Оқушылардың білімін бағалау.



ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АНА ТІЛІ

(8-сынып)


Сабақтың мақсаты: **білімділік** – сөздік қорын байыту, сөз мәдениетіне, сөйлеу мәдениетіне үйрету, өткен тақырыптар бойынша игерген білімін еске түсіру, жинақтау; **дамытушылық** – қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оқушыларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айтуға үйрету, еркін сөйлеуге баулу; **тәрбиелік** – ана тіліне деген құрмет, басқа ұлт өкілдерімен бірлігімізді нығайту, Отансүйгіштікке тәрбиелеу, мемлекетіміздің тәуелсіздік белгілерін біліп, оны құрметтеуге шақыру.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, Қазақстанның көкбайрағы, Елтаңбасы, мақал-мәтел, тіл туралы заң, тұсаукесер. **Пәнаралық байланыс:** информатика, тарих, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі. **Түрі:** аралас.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Тілге жаттығу жасау.
3. Тіл туралы заңға тоқталу.

Кластер толтыру арқылы «Қазақ тілі қандай?» деген сұраққа жауап береміз.



4. Тұсаукесердің көмегімен үй жұмысын тексеру.
Қазақстан Республикасының Рәміздері туралы әңгімелеу.
Елтаңба, ту, әнұран, Астана туралы айту.

5. Сөздік жұмыс:

Мәртебе – статус;

Мәлім – известно;

Мұра – наследие;

Өкілдері – представители;

Нышан – символ;

Қабылданды – был принят.

Жаңа сөздермен сөйлемдер, сөз тіркесін құру.

6. Мәтінмен жұмыс.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Сонымен бірге, Қазақстанда туып-өскен кейбір халық өкілдері ішінде қазақ тілін ана тілім деп есептейтіндер де бар. Қазақ тілі – ұрпақтан ұрпаққа жеткен мәдени мұра. Қазақ тілі халқымыздың белгілі ақындарының жырғы болғаны мәлім. Қазақ тілі – өз мәртебесін алған тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі.

Мәтінді оқып, мазмұндау, сұрақтар қою.

7. Дәптермен жұмыс. Тапсырма:

1. Синоним дегеніміз не?

2. Асты сызылған сөздердің синонимдік қатарын тауып, сөз тіркесін немесе сөйлем құра.

3. 2 оқушы *тіл* сөзін септейді, тәуелдейді.

Қалғандары алдарында компьютерде берілген деңгейлік тапсырмаларды орындайды.

8. «**Ойлан, тап**» кезеңі. Мақал-мәтелдерді толықтыру.

1. *Туған жерге ... тік.*

2. *Отан ... да ыстық.*

3. *Туған жердің ... ыстық, ... ыстық.*

4. Отан ... басталады.

5. Әркімнің өз жері

6. Отансыз адам – ормансыз

7. Абыройлы анаң да – Отан ... әкең де – Отан.

8. ... өскен жерінде,

9. Адамның жаны туған жерінде

9. **Полиглот кезеңінде** оқушылар керекті сөзді тауып, үш тілдегі баламасын айтулары керек.

1. Көз – қорқақ, ... – батыр.

2. Бетін адам ашады, білім нұрын шашады. (.....)

3. Өзі сөйлей білмейді, салған ізі сөйлейді (.....)

4. Адамды адам еткен не? (.....)

10. **Үй жұмысы:** «Тіл тағдыры – ел тағдыры» тақырыбына шығарма жазу.

11. Бағалау. Қорытындылау.



Әлия САМАЖАНҚЫЗЫ,

Өскемен қаласындағы

«Өскемен медициналық

колледжі» КМҚК

кәсіби қазақ тілі

пәнінің оқытушысы.

САУАТТЫЛЫҚ САБАҒЫ – ЕМДІК ШӨПТЕР

Сабақтың мақсаты: 1. Оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, сөйлеу тілдерін жетілдіру, сауатты жазып, сөйлем мүшелеріне дұрыс талдай білуге үйрету; 2. Топпен, жеке жұмыс істей отырып, бір-бірін тыңдай білуге, толықтыра алуға бейімдеу; 3. Еңбекке, бірлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ, аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын, қорғау. **Көрнекілігі:** слайд, кесте (сөйлем мүшелеріне байланысты), буклет, үлестірмелі материалдар.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.

Оқушыларды түгелдеу.

Мұғалім сөзі: -Балалар, бүгін біздің сабағымыз ерекше сабақ болайын деп тұр. Сіздермен грамматикадан сөйлем мүшелерін толығымен аяқтап біттік. Сондықтан да бүгінгі біздің сабағымыз сайыс сабақ ретінде өтеді. Екі топқа бөлініп, сабағымызды жүргіземіз.

II. Өткенді қайталау: Фонетикалық уақыт.

Денің сау болса, жарлымын деме;

Жолдасың көп болса, жалғызбын деме.

Тапсырмалар:

1. Оқып аудар.
2. Бітеу буынды сөздерді табыңдар.
3. Ашық буынды сөздерді табыңдар.
4. Бір буынды сөздерді табыңдар.
5. Екі буынды сөздерді табыңдар.

Жарлының байлығы – денінің саулығы.

Тапсырмалар:

1. Оқып аудар.
2. Жіңішке сөзді атаңдар.
3. Жуан сөздерді атаңдар.
4. Үш буынды сөздерді атаңдар.
5. І,А дыбыстарына сипаттама беріңдер.

Тазалық – саулық негізі,

Саулық – байлық негізі.

Тапсырмалар:

1. Оқып аудар.
2. Жуан сөздерді атаңдар.
3. Жіңішке сөздерді атаңдар.
4. Бітеу буынды сөздерді атаңдар.

5. Ашық буынды сөздерді атаңдар.

Ауырып ем іздегенше,

Ауырмайтын жол ізде.

Тапсырмалар:

1. Оқып аударыңдар.

2. Жіңішке сөздерді атаңдар.

3. Тұйық буынды сөздерді атаңдар.

4. Бір буынды сөздерді атаңдар.

5. 4 буынды сөздерді атаңдар.

Грамматикалық уақыт. Сөйлем тақырыбын қайталау.

1. Сөйлем нені білдіреді? (Сөйлем тиянақты бір ойды білдіреді).

2. Сөйлем қандай 3 топқа бөлінеді? (Сөйлем айтылу мақсатына қарай, құрамына қарай, сөйлем мүшелерінің қатысуына қарай бөлінеді).

3. Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін атаңдар (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер).

4. Құрамына қарай сөйлем түрлерін атаңдар (жай сөйлем, құрмалас сөйлем).

5. Сөйлем мүшелерінің қатысуына қарай сөйлем түрлері қандай болады? (жақты-жақсыз сөйлем, жалаң-жайылма сөйлем, толымды-толымсыз сөйлем, атаулы сөйлем).

6. Сөйлем мүшелері қандай 2 топқа бөлінеді? (тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер).

7. Тұрлаулы мүшелерді атаңдар (бастауыш, баяндауыш).

8. Тұрлаусыз мүшелерді атаңдар (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш).

III. Үй жұмысын тексеру.

А) «Аудармашылар» ойыны.

1-топ:

1. *баспа – ангина;*

2. *тамақ безі – миндалины;*

3. *ұзақ – долго;*

4. егілетін дәрі – лекарство для прививки;
5. қалтырайды – знобит, бросает в дрожь;
6. шабады – передается;
7. тәбет – аппетит;
8. дауыс қарлығы – охриплость голоса;
9. көбінесе – в основном;
10. сып – бөрткен;
11. от солнца – күн көзінен;
12. сустав – буын;
13. обострение – асқыну;
14. воспаление – қабыну;
15. для заблаговременного спасения – алдын ала сақтану үшін.

2-топ:

1. қызылша – корь;
2. ыдыс – посуда;
3. ірің – гной;
4. қабылдамайтын – не воспринимающий;
5. жөтеледі – кашляет;
6. тұмау – грипп;
7. ауру түрін анықтауға болады – можно определить вид болезни;
8. түшкіру – чихать;
9. екі бірдей ауруға – двум болезням;
10. сердце – жүрек;
11. признаки – белгісі;
12. вирус – қоздырғыш;
13. быстро заражающий – тез жұққыш;
14. жидкая пища – сұйық тағам;
15. горчица – қыша.

б) «Жалғасын тап» ойыны.

1. Вакцина – белгілі бір жұқпалы ... (аурудан алдын ала сақтану үшін егілетін дәрі).

2. Бірнешеуіне қарсы қолданылатын вакцинаны ...
(поливакцина деп атайды).

3. Вакцинаны егу арқылы ... (ауру түрін анықтайды).

4. Еккеннен кейін ұзақ уақыт ауруды ... (қабылдатпайтын
вакцинаны тірі вакцина деп атайды).

5. Вакцина терінің астына, ... (бұлшық етке егіледі).

6. Вакцинаны егу әдісі адамның ... (жасы мен денсау-
лығына қарай түрліше болады).

в) «Вакцина» мәтінін сұрау. (Оқушылар жауабы).

IV. Жаңа сабақ: Емдік шөптер.

А) Сөздік:

ерітінді – раствор;

тұнба – настойка;

шипалы – целебный;

зарарсыздандырылған – стерилизованный;

құрғақ – сухой;

қырмызы – календула;

мыңжапырақ – тысячелистник;

өгейшөп – мать и мачеха;

қайың – береза;

бақбақ – одуванчик;

аяуқұлақ – толокнянка;

қоғажай – фиалка;

жусан – полынь;

қалақай – крапива;

зирек – барбарис;

түймедақ – ромашка;

жалбыз – мята;

улану – отравление.

Сөз тіркестері: емдік қасиеттер – целебные свойства,
дәрі шөптер- лекарственные растения, жумау керек – не надо
мыты, қайнатқан кезде – во время кипячения, түбіне шөгеді
– оседает на дно.

Б) Мұғалім мәтінді оқиды, оқушылар мұқият тыңдап отырады. Бірнеше оқушыға мәтінді оқыту, соңынан қалған оқушылар қателері болса дұрыстайды.

В) Мәтінді оқушыларға аударту.

Г) Оқушыларға алдын ала «Шөптердің емдік қасиеті» атты тапсырма берілді. Екі топ дайындап әкелген буклеттерін қорғайды.

V. Бекіту: Мәтінмен жұмыс.

А) Әр топқа мәтіннен 3 сөйлемнен беру. Сөйлемге толық синтаксистік талдау жасау керек.

1-топ:

1. Шөптерді ерте заманнан бастап халық медицинасында пайдаланған (хабарлы, жақты, толымды, жайылма).

2. Шөптердің емдік қасиеттері көп (хабарлы, жақты, толымды, жайылма).

3. Дәріханадан сатып алған шөпті жумау керек (хабарлы, жақсыз, жайылма, толымсыз).

2-топ:

1. Бұл дәру шөптерден ерітінді және тұнба дайындалады (хабарлы, жақты, толымды, жайылма).

2. Дәрі шөптерді құрғақ және жылы жерде ұстау керек (хабарлы, жақсыз, жайылма, толымсыз).

3. Шөптердің түрі өте көп (хабарлы, жақты, жайылма, толымды).

Б) Келесі тапсырма: әр топқа екі-екіден сөздер беріледі. Әр сөзге толық морфологиялық талдау жасау керек.

1-топ: Қырмызы – түбірі – қырмызы.

Құрамына қарай: дара, **тұлғасына қарай:** негізгі, **мағынасына қарай:** жалқы есім, деректі.

Болып шығады – етістік, күрделі етістік, туынды, бол – түбірі, ып – көсемшенің жұрнағы, шық – түбірі, а – көсемшенің жұрнағы, ды – жіктік жалғауының III жақ, жекеше, болымды, туынды, салт етістік, көсемше.

2-топ:

қасиеттері – түбірі – қасиет;

тер – көптік жалғауы;

і – тәуелдік жалғауының III жақ, көпше.

Құрамына қарай: дара.

Тұлғасына қарай: негізгі.

Мағынасына қарай: жалпы, дерексіз.

көмектеседі – етістік, түбірі – көмек;

Тес – сөз тудырушы жұрнақ;

е – көсемшенің жұрнағы;

ді – жіктік жалғауы;

Дара, туынды, болымды, салт етістік, көсемше.

В) Келесі тапсырмада екі топқа бір-бір сөз беріледі, осы сөздерді сөз құрамына талдау керек.

1-топ: **Жапырағынан**

Жапырағ – түбірі, зат есім, **ы** – тәуелдік жалғауы, III жақ, жекеше, **нан** – шығыс септігі.

2-топ: **Шипалы**

Шипа – туынды, **лы** – сын есім тудыратын жұрнақ.

VI. Үйге тапсырма: сөздерді жаттау, мәтінді оқу.

VII. Бағалау: оқушыларды сабақта танытқан белсенділігіне қарай бағалау.

VIII. Қорытынды: оқушыларға сұхбат құрату арқылы сабақты қорытындылау.

- Бүгінгі сабақта емдік шөптермен таныстық. Сонымен, айтыңыздаршы, қандай емдік шөптерді білеміз?

- Қырмызыны не үшін пайдаланады?

- Өгейшөпті не үшін пайдаланады? Бастауыш қандай сұраққа жауап береді? Баяндауыш көбінесе қай сөз табынан болады? Анықтауыштың сұрағы қандай? Толықтауыш, тура толықтауыш қандай сұраққа жауап береді? Пысықтауыштың түрлерін атаңыздар! (Оқушылар жауабы).

Марапаттау, бағалау.

ТІЛ БАЙЛЫҒЫ МОЛ ЖОЛАУШЫ ЖІГІТ

Сабақтың мақсаты: білімділік – данышпан ғалым Әбу Насыр әл Фараби туралы танымдық әрекеттерін қалыптастыра отырып, Әл Фараби туралы өз ойларын өз сөздерімен әңгімелеуге жағдай туғызу, жаңа сөздермен таныстыру, сол сөздердің мағынасын сөз құрамы, контекст, сөздік арқылы анықтау; синонимдерін және антонимдерін табу; сөз тіркестерін құрастыру, сұрақ қою; диалог құрастыру; грамматикалық тұлғаларды айыра білу; жаңа сөздерді бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, белсенді сөздік қорға айналдыруға жағдай туғыза отырып, ББД қалыптастыру;

дамытушылық – әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды орындау арқылы жоғары деңгейде ойлауын дамытуға көмектесу, сауатты жазуын қалыптастыру; синоним, антоним сөздерді, мақал-мәтелдерді қолдану, жұмбақтар шешу арқылы сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту; оқушының ойлау қабілетін, ізгі ниетін, жақсы қасиеттерін, сөйлеу тілін, жылдам жұмыс жасау қабілеттерін, коммуникативтік талап, міндет, дағды, білік, стратегия және тактика, мәтін, сондай-ақ тілдік материал арқылы интерактивтік қарым-қатынасқа түсу мүмкіншілігіне бар жағдайды пайдалану; естігенін, көргенін, алған білімдерін іс-әрекетте қолдана отырып, нәтиже шығаруға мүмкіндік туғызу; *тәрбиелік* – мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу; өнерге, білім-ғылымға құштарлықтарын ояту; оқушылардың танымдық,

адамгершілік мәдениетін қалыптастыру.

Түрі: жаңа материалды оқып-үйрену сабағы. **Түні:** аралас сабақ. **Әдісі:** мәтінмен, тақтамен, үлестірмелі кәртiшкелермен жұмыс жасау, оқылым, тiлдесiм, тыңдалым, жазылым, айтылым, сөйлесiм, әңгiмелеу, сұрақ қою, жауап беру, түсiндiру, қайталау. **Көрнекiлiктерi:** Елбасының, Әбу Насыр әл Фарабидiң және белгiлi адамдардың портреттерiмен суреттерi, кестелер, мақал-мәтелдер, қазақ халқының ұлттық киiмдерi, үлестiрмелi кәртiшкелер. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиетi, орыс тiлi.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңi:

а) Амандасу;

ә) Сыныпты түгелдеу;

Мұғалiм: - Балалар, қазiр қай мезгiл? Ауа райы қандай? Бүгiн қай күн? Қазiр нешiншi сабақ? Қазiр қай сабақ? Қазақ тiлi қандай тiл? Бiз нешiншi бөлiмдi оқып жатырмыз? Кiм туралы? Әл Фараби кiм? Ол қайда дүниеге келген? Қазақстан қандай мемлекет? Қазақстан Республикасы қай жылы тәуелсiздiгiн жариялады? Биыл тәуелсiздiгiмiзге неше жыл болады?

Олай болса, бүгiнгi ашық сабағымызды тәуелсiздiгiмiздiң 20 жылдығына арнаймыз.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Үйге не берiлдi? Кiм дайын? 2-3 оқушы мәтiннiң мазмұнын айтады.

Қалған оқушылардың дайындығын деңгейлiк тапсырмалар арқылы тексеремiн.

	<i>Деңгейлiк тапсырмалар</i>	<i>бағасы</i>
1	<i>1 деңгей. Мына сөздердi құрамына қарай талда: қаласының, кiтапханасында</i> Антонимдерiн тап: <i>Ірі – Жас – Түн -</i> Синонимдерiн тап: <i>Шаһар – Бала күнiнен –</i> <i>Жұртын – Тәуір -</i>	

2	<p>II деңгей. Сұрақтарға жауап беріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алматыда Әбу Насыр әл Фараби атында нелер бар? 2. Әл Фараби қандай тілдерді меңгерді? 3. Әл Фараби қандай елдерді аралады? 4. Әл Фараби қандай адам еді? 	
3	<p>III деңгей. Сөйлем құрастыр: қалдырған, еңбектерін, тілінде, араб, ғылыми, жазып, әл Фараби.</p>	

Өткен сабақтарды қорытындылап, түсінбегендерін түсіндіріп, жаңа сабаққа көшу, сабақтың тақырыбын және мақсатын жариялау.

III. Жаңа тақырып: 1) Сабақтың тақырыбын ашу үшін оқулықтағы керуеннің суретін пайдалану.

Сөйлесім (мұғалім – оқушы).

- Бұл не? Керуен қайда кетіп барады. Осы керуенмен бара жатқан адамдарды кім дейміз? Олай болса, сабағымыздың тақырыбы: **Жолаушы жігіт.**

Бұл керуенмен Әбу Насыр әл Фараби де кетіп барады. Ол қайда бара жатыр? Ол не іздеп бара жатыр? Сендер бүгін сабақта не аласындар? Не істейсіндер?

1. Тақырыпқа қатысты басым сөздер:

<i>Жолаушы – путник;</i>	<i>Оқиға – случай;</i>
<i>Ұлық – правитель;</i>	<i>Шаруа – крестьянин;</i>
<i>Белбеу – пояс;</i>	<i>Қылыш – сабля;</i>
<i>Таяқ – посох;</i>	<i>Сауық – веселье;</i>
<i>Жарқ-жұрқ етеді – сверкает;</i>	<i>Босаға – порог;</i>
<i>Жұпыны – бедно, плохо;</i>	<i>Тәуір – не плохой;</i>
<i>Елемейді – не замечают;</i>	<i>Қызықты – интересный.</i>

Басым сөздерді толықтырушы лексика.

1. Фонетикалық жаттығу.

Жолаушы сөзіне фонетикалық талдау.

2. Кейінді ықпалды қайталау.

Ұлық – ұлығы; Таяқ – таяғы; Сауық – сауығы.

3. Сөз тіркесін құрастыру.

Мысалы: жолаушы жігіт, Иранның ұлығы.

4. Синонимдерін табады.

Оқиға – жағдай;

Ұлық – ел билеуші, елбасы, президент, хан, патша;

Жұпыны – нашар, жаман;

Тәуір – жақсы.

5. Антонимдерін табу.

Қызықты – қызықсыз; Босаға – төр; Шаруа – бай.

2. Тыңдалым. Мұғалім қызықты етіп, жаңа сабақты түсіндіреді.

Білім-ғылым іздеген данышпан ғалым Әбу Насыр әл Фараби күндердің күнінде Иранға келеді. Ол әр түрлі музыкалық аспаптарда тамаша күй тартып, ән айтып ирандықтарды тамсандырады. Оның атағы жер жарады. Мұны Иран елінің ұлығы естіп, музыкасына құмар болып, оны сарайына келтіре алмай жүреді.

Бір күні әл Фараби келеді, бірақ кім екенін білдірмейді. Оның үстінде шаруа шапаны, басында бөрік, аяғында кебіс болады. Белбеуінде – қылышы, үсті-басын шаң басқан, қолында – таяғы.

Бұл жіңішке қара мұртты, өткір көзді, қыр мұрынды, кең маңдайлы, бидай өңді, ат жақты, кең иықты, ашаң жігіт екен. Жолаушының бейнесі алыс жердің адамына ұқсайды. Оған ауыз жақтан орын береді.

Сауықта отырғандардың киімдері, аспаптары жарқ-жұрқ етеді. Босағада отырған жұпыны киімді жолаушы жігітті ешкім елемейді.

Ойын-сауықта әншілер ән айтып, бишілер би билеп, ұлықтың көңілін аулайды. Осы тойда Әбу Насыр әл Фараби де тамаша күй тартып, соңында ұлыққа хат жазып кетіп қалады. (Қайтбек Еламан күй тартып береді).

3. Оқылым. Мәтінмен жұмыс (тізбекпен оқиды).

Сөйлесім: мұғалім – оқушы. Мәтінді түсінген, түсінбегендерін тексеру.

		Дұрыс	Бұрыс
1	әл Фараби Ресейге барды.		
2	әл Фараби төрге отырды.		
3	әл Фараби қымбат киімдер киді.		
4	әл Фараби ұзын бойлы, қысық көзді, қыр мұрынды адам болған.		
5	Оның үстінде шаруа шапаны, басында бөркі, аяғында кебісі болады.		

IV. Жазылым (әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды орындайды).

1. Мына сөздерді сөз құрамына талдау:

1-қатар Ирандағы 2-қатар Музыкасына

3-қатар Отырғандардың 4-қатар Сауықта

2. Морфологиялық талдау жасау:

1-қатар сын есімдерді табады; 2-қатар етістіктерді табады;
3-қатар еліктеуіш сөздерді табады; 4-қатар есімдіктерді табады.

V. Сабақты бекіту. Коммуникативтік құзырет – оқушылардың қалыптасқан дағдысы және білігі арқылы қарым-қатынасқа түсуі, яғни, өзінің ойын, ниетін нақты жеткізуі;

Бүгінгі күнмен байланыстыру. Елбасының портреті, белгілі адамдардың суреттері.

- Балалар, бұл кім? Бұл – Елбасы.

- Елбасымыз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына көптеген қонақтарды шақырды. Біздің №79 гимназия да осы мерейтойға арнап қала мұғалімдерін қонаққа шақырды.

Шығармашылық жұмыс. Жазылым арқылы коммуникативтік білігін қалыптастыру.

- Сендердің міндеттерің бүгін сабақта алған білімдеріңді пайдалана отырып, Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына келген қонақтар жайлы әңгіме құрастыру. Әр оқушы әңгіме құрастырады, жазғанын оқып немесе айтып береді.

VI. Сабақты қорытындылау. Оқушылардың еңбегі мен

білімін бағалау.

Лингвомәдени - танымдық құзыреттің қалыптасуына жағдай туғызу:

- Әбу Насыр әл Фараби тойға қалай киініп келді?
- Ирандықтар Әбу Насыр әл Фарабиді қарсы алды ма?
- Әбу Насыр әл Фараби қайда отырды?
- Не үшін?
- Ал, балалар, көптеген адамдар қонақты «По одежке встречают, по уму провожают». Дұрыс па?

- Олай болса, тойға той киімін, жұмысқа жұмыс киімін, мектепке форма киюді естен шығармайық. Осы мақалды аударыңдар.

VII. Үйге тапсырма: 1) Сөздікті жаттау; 2) Мәтіннің мазмұнын айту; 3) Әбу Насыр әл Фараби Иранның ұлығына не жазды деп ойлайсың?

Рефлексия. Мұғалім: - Балалар, бүгін бізге қонақтар келді. Қонақтарға не дейсіңдер? Әр бала өз ойын айтады.

Мен: «Тәуелсіздігіміз құтты болсын!» - демекпін.



Гүлбаршын МЕЛЛЯТҚЫЗЫ,

М.Әуезов атындағы

орта мектептің

қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Атырау облысы,

Құрманғазы ауданы,

Ганюшкин ауылы.

ЕРКІН СӨЙЛЕТКЕН АЛТЫН КҮЗ

Мақсаты: оқушыларға күз туралы мағлұмат бере отырып, сөйлеу тілдерін, сөздік қорларын байыту; сауатты жазу, еркін сөйлеуге дағдыландыру, іздену, салыстыру,

жинақтауға қабілеттерін дамыту; табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу.

Әдісі: сұрақ-жауап, ой қозғау, түсіндіру, ойын түрлері, тест, Венн диаграммасы. **Көрнекілігі:** жапырақтар, күз суреттері, слайдтар. **Техникалық құралдар:** мультимедия.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру: сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, кезекшімен сұхбат.

II. Психологиялық дайындық.

*Қазақ тілім – өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.*

*Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым, бақытым, дара тілім.*

III. Үй жұмысын тексеру. «Ой қозғау».

1. Ашық буын дегеніміз не?
2. Тұйық буын дегеніміз не?
3. Бітеу буын қандай буын?
4. Бір жылда неше жыл мезгілі бар? (Жыл мезгілдерін атау).

5. Бір мезгілде неше ай бар?

6. Күз айлары және олардың ерекшеліктері туралы не білесіңдер?

IV. Қызығушылықты ояту. Жұмбақ өлең.

Шөп сарғайып,

Өңі тайып,

Дала сұры қашады.

Бой жаза алмай,

Ойнай алмай,

Денең мұздап тоңады.

Айтыңдаршы, бөбектерім,

Бұл қай кезде болады? (Күзде)

V. Жаңа сабақ. Сөздікпен жұмыс:

бақ – сад; жерде – на земле;

айнала – кругом, вокруг; түрлі – разное;

орамжапырақ – капуста; алтын күз – золотая осень.


а) оқып көрсету; ә) оқушыларға оқыту; б) сөйлем құрау;

2. Топтастыру.

Байлық, молишылық, қап-қап астық, картоп, қарбыз, қауын, алма, өрік, жүзім. Дала да, алқап та, егін де – бәрі сап-сары. Қауырт жұмыс кезі. Қысқа дайындалатын кез.

3. Мәтінмен жұмыс: оқып көрсету; оқушыларға оқыту; аударма жұмысы.

4. Жаттығу жұмысы. 3-тапсырма (42-бет). Сөз тіркестерін жасап айт.



Күз – осень;

Күздің – осени;

Күзге – осени;

Күзді – осень;

Күзде – осенью;

Күзден – с осени;

Күзбен – с осенью.

5. Ойын. «Жәрмеңке». Шарты: сөйлемдерді толықтыру.

Айжан жәрмеңкеге келді. Жәрмеңкеде _____, _____, _____ сатылады. Ол _____, _____, _____

сатып алды.

6. Сергіту:

Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі,

Кіп-кішкене ағаштар. Биік болып өседі.

7. Ойын. «Жапырақтарды жинайық». Шарты: жапырақтардың артындағы тапсырмаларды орындай отырып,

неғұрлым көп жинау.

☺ Сөйлем құрап үйрен.

1. Күз. 2. Күз _____.

3. _____ күз _____.

4. _____ күз _____ _____.

5. _____ күз _____ _____ , _____ _____.

☺ Сөйлемдерді дұрыс құрап жаз.

Түрлі, жерде, жатыр, жапырақтар.

☺ Күз туралы өлең айт.

☺ Жеміс-жидектер, көкөністер туралы қандай ертегілерді білесің? Ата. Білсең айт.

☺ *Алма* сөзіне 5 жол өлең құрастыру.

1. Не? 2. Қандай? 3. Не істейді? 4. Синоним (Ұқсас сөздер) 5. Сөйлем.

☺ Жұмбақты шеш.

Ағайынды бәрі, Шықса көк, Түссе сары.


☺ *Өрік* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

☺ Жұмбақты шеш.

Іші толған шәрбәт, Үзесің бірден жүзін,

Дәмі қандай әйбәт! Оның аты -

8. Венн диаграммасын толтыру.



VI. Бекіту. Тест.

1. Жыл мезгілдерін тап:

А) қазан, сәуір; Ә) күз, жаз; Б) ақпан, маусым.

2. Күз айларын тап:

А) наурыз, сәуір, мамыр; Ә) қазан, қыркүйек, қараша;

Б) маусым, шілде, тамыз.

3. Күздің екінші айы:

А) наурыз; Ә) қазан; Б) қаңтар.

4. Күзде не сарғаяды?

А) жер; Ә) жапырақ; Б) шырша.

5. Білім күні қашан?

А) қыркүйек; Ә) қаңтар; Б) сәуір.

6. Күзде не ұзарады?

А) түн; Ә) күн; Б) тәулік.

7. Күзде не жиі жауады?

А) қар; Ә) жаңбыр; Б) бұршақ.

8. Күзде ауа райы қандай болады?

А) ыстық; Ә) салқын; Б) суық.

9. Күзде қандай құс ұшып кетеді?

А) қарлығаш; Ә) торғай; Б) сауысқан.

10. Егіншілер не жинайды?

А) астық; Ә) нан; Б) жапырақ.

Тест кілті: 1 - Ә, 2 - Ә, 3 - Ә, 4 - Ә, 5 - А, 6 - А, 7 - Ә, 8 - Ә,

9 - А, 10 - А.

VII. Қорытындылау, бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: «Алтын күз» тақырыбына шағын

шығарма жазу.



Жаңагүл ҮМБЕТОВА,

Алматы қаласындағы

№129 мектептің мұғалімі.



ОЙЫМНЫҢ ӨРІСІ – ОТАНЫМ

*(Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық
торқалы мерейтойына арнаймын)*

Сабактың мақсаты: білімділік – балаларға Қазақстан туралы, туған жер туралы мағлұматтар беру, таныстыру; дамытушылық – сөйлеуге, ойлауға, оқытуға, қатесіз, дұрыс

жазуға, ой-өрісін кеңейтуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – өзі еліне деген сүйіспеншілікке, Отанына, туған еліне деген мейірімділікке тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ. **Түрі:** әңгімелеу, сұрақ-жауап.
Пәнаралық байланыс: жаратылыстану, әдебиет, орыс тілі.
Көрнекілігі: суреттер, мақал-мәтел жазылған плакаттар, сөзжұмбақ, Қазақстан картасы, шағын көрме.

Сабақтың барысы:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар? - Сәлеметсіз бе?

Үнтаспада Қазақстан Республикасы әнұраны ойналады.

Бәріміз хормен әнұранды орындаймыз.

- Өте жақсы орындадыңдар, отырыңдар.

- Балалар, кешегі топтық жұмысты жалғастырамыз.

I топ. I қатар – қала балалары.

II топ. II қатар – ауыл балалары.

- Сен қайда тұрасың? (I топ балалары жауап береді)

- Мен қалада тұрамын.

- Қалада не бар?

- Біздің қалада биік үйлер, театрлар, стадиондар, саябақтар, ауруханалар, дәріханалар, үлкен дүкендер, цирк, әуежай, вокзал, кітапханалар, мектептер бар.

- Қалада кімдер тұрады?

- Біздің қалада ғалымдар, жұмысшылар, құрылысшылар, мұғалімдер, дәрігерлер, әртістер және әр түрлі мамандар тұрады.

- Кімге қала ұнайды? - Маған қала ұнайды.

Енді, II топтың балалары жауап береді. (Сұрақтар қайталанады).

- Мен ауылда тұрамын.

- Біздің ауылда көп үйлер, дүкен, кітапхана, аурухана, пошта, мектеп, стадион, ферма бар.

- Біздің ауылда мұғалімдер, сатушы, кітапханашы, дәрігер, сауыншылар, егіншілер тұрады.

- Маған біздің ауыл ұнайды.

Әр топтан екі-екіден балалар әңгімелейді.

- Балалар, мәтінді жақсы айттындар. Енді, бүгінгі өтетін тақырыбымыз: Менің Отаным – Қазақстан.

Жаңа сөздермен жұмыс:

*ұлт – национальность; тәуелсіздік – независимость;
қаһарман – герой; халық – народ.*

Балалармен қайталап топ-топпен сөздік жұмысын жүргізу. Жеке-жеке баламен жұмыс (Бірнеше рет қайталаймыз).

Тақырыпты екі-үш рет оқу.

Қазақстан – егеменді ел. Қазақстан Республикасының жері үлкен, шекарасы ұзын (картамен жұмыс). Қазақстан бес елмен шектеседі. (Ресеймен, Қытаймен, Қырғызстанмен, Түркменстанмен, Өзбекстанмен). Қазақстан жері батыстан шығысқа қарай 3000 километр, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1700 километр созылып жатыр. Қазақстанда 120-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Осы біздің мектептің өзінде 29 ұлт өкілі оқиды. Өзбек ақыны Расул Гамзатов былай деген: «Тілдің тілге зияны жоқ». Қазақстанда халық саны – 15,5 миллион адам. 1981 жылы Алматы халқының саны 1 миллионға жетті. Қазір 1,5 миллион халық тұрады. Қазақстан Республикасының өзінің рәміздері – елтаңбасы, әнұраны, туы бар.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Тәуелсіздік бізге 1986 жылғы жер дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасынан кейін келді.

- Қазақстан туралы кім не біледі?

Балалар қолдарын көтеріп, білетін өлеңдерін оқиды.

1-оқушы. «Тәуелсіздік». Иран-Ғайып.

- Өзіндікі елің де,

Өзіндікі жерің де.

Өзінді-өзің еткен Бақ –

Тәуелсіздік төрінде!

От пен ауа, суың да

Жаса, Қазақстаным,

Белді бекем буын да!

Асқар тау да сенікі,
Бақша-бау да сенікі,
Қалтқысыз доспенен
Қатал жау да сенікі.

Ұраның да жасасын,
Қыраның да жасасын!
Қасиет-кие тасыған,
Ұланың да жасасын!

2-оқушы:

- Қазақстан туы
Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы
Көк емес ол тектен-тек.

Елдің ашық қабағы,
Ақ ниеті – алтын күн.
Асқақ арман – қыраны,
Жалауы бұл халқының –
Мәртебесі, мақтаны. *(С.Қалиұлы).*

Отан, елге, жерге байланысты мақал-мәтелдер.

1. Отанды сүю отбасынан басталады.

Отанын сүйген отқа жанбайды, суға батпайды.

2. Ер – туған жеріне, Ит – тойған жеріне.

Топпен, жеке-жеке жұмыс жасату.

IV. Сабақты бекіту: мына сөзжұмбақты шешеміз:
(Тақтаға ілінген плакаттағы сөзжұмбақпен жұмыс).

Көлденеңінен:

1. 16 желтоқсан қандай күн?
2. Сенің туған жерің?
3. Қазақстан астанасы?
4. Елмен мәндес сөзді тап?
5. *Народ* сөзінің аудармасы қалай?
6. Желтоқсан құрбанының ата-тегі кім?

Тігінен:

1. Қыстың бірінші айы?
2. Рысқұлбековтың аты кім?

3. Герой сөзінің аудармасы қандай?

4. Национальность сөзінің аудармасы қандай?

1.

Ж

е

1. Т ә у е л с і з д і к

т

о

2. Қ а з а қ с т а н 3.

2. с қ

Қ 3. а с т а н а

4. О т а н н

й 5. х а л ы қ

р р

а м

т а

н 4.

6. Р ы с қ ұ л б е к о в

л

т

- Енді, осы сөзжұмбақтан сөйлемдер құрап, тақтаға жазамыз.

Менің Отаным – Қазақстан.

Желтоқсан қаһарманы – Қайрат Рысқұлбеков.

Қазақстан – әр түрлі ұлт өкілдері тұратын мемлекет.

Қазақстан астанасы – Астана қаласы.

Осы сөйлемдерді балалар тақтаға жазады (Отырған балалар дәптерлеріне жазады).

Қорытынды: Балалар, бүгін бәрің тамаша жұмыс істедіңдер.

V. Үйге тапсырма: «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында шығарма жазып келу.

КӨМЕКТЕС СЕПТІКТІҢ КӨМЕГІ

Мақсаты: білімділік – жаңа сабақты түсіндіру, құрал-саймандар тақырыбын меңгерту, көмектес септік тақырыбынан мәлімет беру, жаңа тақырыпты толық меңгерту үшін жаттығу, талдау жұмыстарын жүргізу; **дамытушылық** – сауатты жазуға, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету, ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – еңбекке, тазалыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** дәстүрлі. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік. **Көрнекілік:** кесте, суреттер, кәртішкелер. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: амандасу, оқушыларды түгелдеп, сабаққа даярлықтарын тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Қандай мамандықтарды білесіздер?
2. Маусымдық киімдерді атаңыздар.
3. Қыста, күзде, жазда, көктемде ауа райы қандай болады?
4. Қазақ тілінде қанша жалғау бар?
5. Қазақ тілінің септіктерін атаңыздар.

III. Жаңа сабақ:

 Құрал-саймандар. Көмектес септік.

Ертегі. «Септіктің жеті ұлы».

Ерте, ерте, ертеде Қазақ тілі жерінде, зат есімнің елінде Септік деген қария болыпты. Оның Атау, Ілік, Барыс, Табыс, Жатыс, Шығыс, Көмектес деген жеті ұлы болған екен. Бір күні қария балаларын жиып алып:

- Балаларым, талабы бар ертеңін ойлар, менің төрімнен көрім жақын. Бір апта уақыт беремін, жан-жақты бақылап, өмірлеріңе азық болар зат әкеліндер депті. Әке сөзін қабыл алған балалары жол жүріп кетеді.

Уақыт жетіп, балалары оралыпты.

- Қане, олжаларыңды көрсетіндер,- депті әкесі.

Атау кім?не? деген затты, Ілік кімнің? ненің? деген затты кезекпен көрсетеді.

- «Енді, осы әкелгендеріңе сүйеніш тауып келіндер» депті. Белгіленген уақытта жетеді, қараса үлкен ұлынан басқасы түгел екен.

Ілік септік:-ның- нің,- дың,-дің,-тың,-тің;

Барыс септік:-ға,-ге,-қа,-ке,-на,-не,-а,-е;

Табыс септік:-ны,-ні,- ды,-ді,-ты-ті,-н;

Жатыс септік:-да,-де,-та,-те,-нда,-нде;

Шығыс септік:-нан,-нен,-дан,-ден,-тан,-тен;

Көмектес септік:кіммен? немен?-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен.

Басы салбырап Атау келді.

- Неге кешіктің?- дейді әкесі.

- Ештеңе таппадым... Септік 6 баласына: «Сыннан жақсы өттіңдер. Атауды кешіріңдер, ағаларың ғой. Тұңғышым еді, ерке. **Бірлік бар жерде тірлік бар. Бір-біріңді сыйлаңдар,** деп батасын береді.

- Балалар, құрал-саймандарды атап, жазып алайық.

Құрал-саймандар: (құрал-саймандар бейнеленген суреттерді көрсете отырып атау). **Балта, балға, тістеуік, ара, күрек, тырма, айыр, сүргі, кемпірауыз.**

- Енді, көмектес септіктің қызметін байқап көрелік: құрал-саймандарға көмектес септіктің жалғауларын жалғап көрейік.

1. Дауысты, үнді дыбыстардан соң: балтамен, шанышқымен, Гауһармен, шапанмен, бәкімен, көрпемен,

Әсеммен, сүмен.

2. Қатаң және ұяң Б, В, Г, Д дыбыстарынан соң:
орақпен, қасықпен, геологпен, көлікпен, ірімшікпен.

3. Ұяң З, Ж дыбыстарынан соң: Айқызбен, қобызбен, ұстазбен, өгізбен, бізбен.

Құрал-саймандарға көмектес септік жалғауларын жалғап, сөйлемдер жазамыз.

Балтамен отын жарады. Балғамен шеге қағады. Тістеуікпен шегені түзейді. Арамен ағаш кеседі. Күрекпен жер аударады. Тырмамен топырақты майдалайды. Айырмен шөп жинайды. Сүргімен ағаш жонады. Кемпірауызбен шеге суырады.

Кітаппен жұмыс: Сөйлем құрау.

Көмектес септікті пайдалана отырып, сөйлем құрау. (Сөйлем ішінде құрал-саймандар атауы болу керек).

Сұраққа жауап беру:

1. Жерді аудару үшін не керек? (күрек, кетпен, тырма).
2. Ағаш кесу үшін не керек? (ара, балта, сүргі).
3. Ауланы тазалау үшін не керек? (сыпырғы, шелек, тырма).

4. Шеге қағу үшін не керек? (балға, тістеуік, кемпірауыз).

Кәртiшкемен жұмыс. Бес оқушыға кәртiшке үлестiру. (Оқушылар сұраққа жауап беру кезiнде бес оқушы кәртiшкемен жұмыс жасайды. Сұраққа жауап берген соң, кәртiшке тапсырмаларын орындаған оқушылардың жұмыс нәтижесiн тексеремiн).

Суретпен жұмыс. Суретке қарап отырып шағын әңгіме жазу, оқу.

Сергіту сәті: «Алма ағашы». Тақтада алма ағашының суреті ілінген. Алманы өзіне алу үшін алдымен берілген тапсырмаларды орындау керек.

IV. Қорытынды: Сабақты қайталай отырып қорыту.

Сұрақ-жауап:

1. Қазақ тілінде неше септік бар?

2. Құрал-саймандарды және олардың атқаратын қызметтерін атап беріңіздер?

3. Көмектес септігі бар 3 сөйлем ойлап тап.

V. Үйге тапсырма: Құрал-саймандарды пайдалана отырып шағын әңгіме жазу.

VI. Бағалау: оқушылар білімін, белсенділігін бағалау.



Лаура ҚАҺАРМАНҚЫЗЫ,

Алматы қаласындағы

№106 жалпы білім беретін

мектептің мұғалімі.

ОЙДЫ ҰШТАҒАН ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ұлттық киімдердің түрлерін, жасалу әдісін, жолын, олардың қадір-қасиеті туралы мәлімет беріп, оқушы санасына сіңіру; **дамытушылық** – оқушылардың есте сақтау, көру, ойлау қабілеттерін арттыру, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, сабақты тұжырымдап, қорыта білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – ұлттық киімнің қадір-қасиетін түсінуге, бағалауға тәрбиелеу.

Типі: интегралды сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, анализ-синтез, тұжырымдау, жобалау. **Көрнекілігі:** слайд, кітаптар, суреттер; буклеттер, көрме ұйымдастыру.

Сабақтың барысы:

- Ұйымдастыру кезеңі.
- Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.
- Проблемалық жағдаят.

- Жаңа сабақ.
- Бекіту.
- Қорытындылау.
- Бағалау.
- Үйге тапсырма.

Мұғалімнің сөзі: - Балалар, біз бүгін қолөнер модулінің төртінші тақырыбын өтеміз. Қазір өткен сабақтағы тақырыбымызды бүгінгі сабақпен ұштастыра байланыстырып отыратын боламыз.

Проблемалық жағдаят: - Біз қонаққа немесе қыдыруға шықсақ қандай киім киеміз?


- Әдемі, таза киімдерімізді киеміз.
- Ал, жазда тон немесе малақай киеміз бе?
- Жоқ, әр жыл мезгілінде киетін киім түрлері болады.
- Ал, ұлттық мереке, мейрамдарға қандай киімдер киеміз?
- Ұлттық киімдер киеміз.
- Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Ұлттық киімдер».

Мұғалім сөзі: - Киім – денені ауа райынан, сыртқы ортаның зиянды әсерінен қорғайтын, адамның денесіне киюге арналған жасанды жамылғы түрі, тұтыныс бұйымы.

- Балалар, жұмысты әрі қарай жалғастыру үшін оқулықтың 72-73- беттерін ашыңыздар. Сонымен, суреттен көріп отырғандарыңыздай ұлттық киім неше түрге бөлінеді?

Ықтимал жауап: - 5 түрге.

Мұғалім: - Ендеше, мына сызбаға көңіл аударайық.



Интерактивті тақтада ұлттық киімдерге байланысты слайд көрсетіледі.

- Балалар, тақтаға мұқият қарап, тыңдап отырыңыздар.

Мұғалім: - Бүгінгі сабақта 3 топ болып жұмыс істейміз.

1-топ – Бас киімдер; 2-топ – Киімдер; 3-топ – Аяқ киімдер.

(Әр топқа мәтін, алгоритм парақшалары таратылады).

Жұмыс алгоритмі: 1. Мәтінді түсініп оқыңыздар, мәтіндегі негізгі ойды табыңыздар.

2. Мәтін бойынша келесі топқа сұрақтар дайындаңыздар.

3. «Ұлттық киім» тақырыбында диалог дайындаңыздар.

4. «Кім тапқыр?» ойынындағы сөзжұмбақты шешіңіздер.

5. Тақтадағы «Өрмекші» ойыны арқылы киімге байланысты мақал-мәтелдерді еске түсіріңіздер.

6. 75-беттегі тұрақты сөз тіркестері бойынша салалас құрмалас сөйлем құраңыздар.

7. Технология пәнінің мұғалімі Леонтьева Валентина Борисовнаға сөз беріледі.

8. «Кім жылдам?» ойынындағы сұрақтарға жауап беріңіздер.

I кезең. Мәтінді оқып, оның негізгісін бөліңіздер.

Ықтимал жауап: - **Тақия** – кішігірім сәтен, шұға, барқыт сияқты материалдан әр түрлі тәсілмен (сыру, кестелеу) тігілген бас киім. Оның қалыңдау жұмсақ материалдан әр түрлі астар тігіп, арасына кейде жұқалап жүн немесе мақта салып жасайтын түрлері де болған. Тақияның үлгілері де көп: зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, т.б. бірнеше түрге бөлінеді.

II кезең. Мәтін бойынша I топ – II топқа, II топ – III топқа, III топ – I топқа сұрақ дайындайды.



Ықтимал жауап: - Тақия қандай бұлдан жасалады? Оның қандай түрлері бар?

III кезең. Осы тақырыпта диалог құрыңыздар.

Ықтимал жауап:

- Алло, Дильназ, сәлем! Бұл Ирина ғой.
- Иә, Ирина, қалың қалай?
- Жақсы. Дильназ, сен бүгін кешке «Алтыбақанға» барасың ба?
- Әрине, барамын.
- Қандай киім киіп барасың?
- Алтыбақан – ұлттық ойын ғой, сондықтан ұлттық киім киемін, басыма тақия, аяғыма кебіс киемін.
- Дильназ, мен де ұлттық киім киемін, басыма сәукеле киемін.
- Ирина, сәукелені тұрмысқа шыққанда қалыңдық қана киеді, саған киюге болмайды.
- Ой, Дильназ, айтқаның қандай жақсы болды. Мен білмейді екенмін.
- Сен басыңа тақия ки, сол дұрыс.
- Рахмет, Дильназ, кешке кездескенше.

IV кезең. «Кім тапқыр?» ойынындағы сөзжұмбақты шешіңіздер.



V кезең. «Өрмекші» ойынындағы мақал-мәтелдерді еске түсіріңіздер.

- | | |
|-------------------------------|---------------------------------|
| 1. Хандар киер мұрақты, | күші – азық. |
| 2. Қалмақ абзалы – мұрақ, | Ағаш көркі – жапырақ. |
| 3. Киіміне қарап қарсы алады, | етікті нәл сақтайды. |
| 4. Адам көркі – шүберек, | Көрпе абзалы – құрақ. |
| 5. Ерді құдай сақтайды, | Басына қарап шығарып
салады. |
| 6. Жаяудың аты – шарық, | Қараша киер құрақты. |

VI кезең. 75-беттегі тұрақты сөз тіркестері бойынша салалас құрмалас сөйлем құраңыздар.

Ықтимал жауап: - Қолбасшылар тойтарыс беріп тынышталып қалып еді, бірақ жау тұтқиылдан тон жамылып келіп қалды.

Бекіту: - Сонымен, балалар, бүгінгі сабақты бекітеміз. Балалар, ұлттық киімдерді тағы қалай жіктеуге болады?

Ықтимал жауап: - Жыл мезгілдеріне байланысты: қыстық, күздік, жазғы, көктемгі, күнделікті киетін киім, салтанатты киім.

Мұғалім: - Салтанатты киімді күнде киюге бола ма?

Ықтимал жауап: - Жоқ, киюге болмайды.

Мұғалім: - Дұрыс айтасындар, балалар, салтанатқа, тойға киетін киімді күнде киіп, жарқырап жүруді қазақ халқы дәрекі деп санаған. Қазір сөзімді осы мектептегі технология пәнінің мұғалімі Леонтьева Валентина Борисовнаға беремін. Ол ұлттық киімдердің қазіргі кездегі қолдану аясы туралы сөз қозғайды. I топтан бір оқушы шығып, көрмедегі оқушының өз қолымен тіккен қамзолы туралы айтып береді. II топтан да бір оқушы шығып, Сәуле, Әлібай Бапановтардың жасаған еңбектері туралы буклеттерді көрсетіп әңгімелейді. III топтан да бір оқушы шығып, атақты дизайнер Балнұр Асанова және осы мектептің жас түлегі Яна Агапованың жұмыстарымен таныстырады.

Қорытындылау.

- Сабағымызды қорыту үшін «Кім жылдам?» ойынын ойнайық. Әр оқушы өзіне ұнаған ұяшықтағы сандарды таңдайды. Сандарға сәйкес сұрақтар беріледі.

1	4	7
2	5	8
3	6	9

1. Барқыттан тігілген қыз – келіншектер киетін жеңсіз киім. (**Қамзол**)
2. Ерлер киімінің бірі. (**Жейде**)
3. Үлкендер де, балалар да, әйелдер де киетін сыртқы киім. (**Тон**)
4. Тек қана қалыңдық киетін бас киім. (**Сәукеле**)
5. Қымбат аң терісінен тігілген қыздар да, ерлер де киетін бас киім (**Бөрік**)
6. Тонның ең әдемі, жылы, қымбат бағалысы қалай аталады? (**Қамқа тон**)
7. Үкі тағып серілер де, қыздар да киген бас киімді ата (**Тақия**)
8. Етегіне желбіреуіш салынған әйелдер киімі. (**Көйлек**)
9. Балалы болғаннан кейін киетін киелі бас киім. (**Кимешек**)

Бағалау.

Үй тапсырмасы: ұлттық киімдердің, оның ішінде үйлену тойында киілетін киімдер туралы зерттеу жұмысын жазу.



ҰЛТТЫҚ КИІМ

Тіршілікте әр ұлтқа бір елігіп,
Батыс жаққа бетін бұрған желігіп
Біздің қазақ кім боларын білмей жүр
Тұрақты ұлттық киімінен жерініп...

Күләш ЖАЗЫҚБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№23 мектеп-гимназияның
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Елена ЖУКОВА,
география пәнінің мұғалімі.

ЖҮЙЕЛІ ӘНГІМЕ МҰХИТТАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың мұхиттар туралы білімдерін толықтыру, тақырыпқа сай білім-білік дағдыларын меңгерту, оқушылардың шығармашылық жұмыстары арқылы мұхиттар туралы жан-жақты мағлұмат беру; **дамытушылық** – тілдік қатынас арқылы сөйлеу әрекетін дамыту, ауызекі тілдесімдік, еркін сөйлеуді, жүйелі әңгімелеуді үйрету, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту, танымын кеңейту; **тәрбиелік** – табиғатты қорғауға, сүйеге тәрбиелеу, жан-жақты дамыған болашақ ұрпақты тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді қалыптастыру. **Түрі:** кіріктірілген сабақ, іздендіру сабағы. **Әдісі:** модульдік технология, әңгімелесу, ой толғау, түсіндірме, коммуникативтік әдіс, аударма, іздендіру, баяндау. **Көрнекілігі:** сөздік, сызбалар, оқулық, мақал-мәтелдер, карта, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, география, математика.

Сабақ барысы. I. Ұйымдастыру кезеңі: сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету. Оқушыларды қарым-қатынасқа дайындау.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Бүгін кім кезекші?
- Сыныпта кім жоқ?
- Қазір қай жыл мезгілі?
- Бүгін ауа райы қандай?
- Бүгін нешесі?

арқылы өткен сабақтарды қайталау, еске түсіру.

1. Тіл білімінің атасы кім?
2. Еліміз өз тәуелсіздігін қашан алды?
3. *Атамекен* сөзінің мағынасын қалай түсінесің?
4. Қазақстан Республикасының туының авторы кім?
5. Әнұранның авторлары кім?
6. Елтаңбаның авторы кім?
7. Мақалды толықтыр:

Туған жердей жер болмас,

8. *Отан оттан да ...*

9. Қазыбек бек Тауасарұлы кім?

10. Қазыбек бек қай ғасырда өмір сүрді?

11. Қазақ тілінде екпін қай буынға түседі?

12. Фразеологизмнің мағынасын аш:

Қой ауызынан шөп алмас - ...

13. Биыл тәуелсіздіктің неше жылдығын тойлаймыз?

14. Қазіргі уақытта дүние жүзінде неше мемлекет бар?

15. Жер бетіндегі ең көп диаспоралы, көп тілді мемлекет қай мемлекет?

16. Шәмші Қалдаяқов кім?

17. Отырардың бұрынғы атауы қандай?

18. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымына қай жылдан бері мүше?

19. Ұлттық валютамыз не, ол қашан қабылданды?

20. Тіл туралы заң қай жылы қабылданды?

21. Оқушы сөзінің синонимін айт.

22. Бес саусақтай білу - фразеологизмінің мағынасын аш.

23. Бірінші қазақ романының авторы кім?

24. Түркістан қаласының ескі атауын айт.

25. «Вооруженные силы» тіркесінің аудармасы қалай?

- Балалар, енді қазір қандай тақырып болатынын естеріңе түсіріңдер (интерактивті тақтадан: мұхит шуылы естіледі).

Екі оқушы картаның жанында мұхиттар туралы сұхбат құрады.

Мұғалім: - Балалар, сендер қалай ойлайсындар, жаңа сабақ не туралы екен?

Оқушылар: - Мұхит туралы.

- Сендер мұхиттар туралы не білесіңдер?

- Қанеки, есімізге түсірейік.

География пәнінің мұғалімі «Ең жүйрік» ойыны арқылы география пәні бойынша білімдерін еске түсіреді.

Оқушылар картамен жұмыс істейді, сұрақтарға жауап береді.

«Төрт мұхит құпиясы» танымдық лото ойыны арқылы мұхиттар туралы жан-жақты білім деңгейлері меңгертіледі. Әрі еске түсіріледі. Ойын қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

Учитель географии: - ВОДА! У тебя нет ни вкуса, ни цвета, ни запаха, тебя невозможно описать, тобой наслаждаются, не ведая, что ты такое! Нельзя сказать, что ты необходима для жизни: ты - сама жизнь. Ты - самое большое богатство на свете!» (*Антуан де Сент-Экзюпери*)

Предлагаю Вам воспроизвести основные знания о Мировом океане.

ЭСТАФЕТА «САМЫЙ, САМЫЙ ...»

- Назовите самый большой массив суши.

- Назовите самый малый материк земного шара.

- Назовите самый большой океан на Земле.

- Назовите самый маленький океан Земли.

- Какой из океанов самый теплый?

- Какой из океанов самый холодный?

- Где находится и как называется самое глубокое место на Земле?

- Какое из океанических течений является самым крупным?

- Какое море самое соленое и теплое на Земле?

- Назовите самый большой полуостров на земном шаре.

- Какой остров самый большой на Земле?

Оқушылар картамен жұмыс істейді, сұрақтарға жауап береді.

«Төрт мұхит құпиясы» танымдық лото ойыны арқылы мұхиттар туралы жан-жақты білім деңгейлері меңгертіледі. Әрі еске түсіріледі. Ойын қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

Тихий океан	Атлантік мұхит	Индийский океан	Северный Ледовитый океан
Нефть, газ, морской котик	Солтүстік теңіз – мұнай, газ, балық	Нефть, газ, цветные металлы, кораллы Красного моря	Жануарлар әлемі – сүтқоректілер – ақ аю

Предлагаются карточки-описания, учащиеся должны поставить их в графу, соответствующую данному океану. Например:

Самый узкий и самый солёный

Низкая солёность ледовый покров

Самый тёплый океан

Соленость – 34,8; второе место по температуре

IV. Оқушының алған білімдерін меңгеру кезеңі:

Деңгейлік тапсырмамен жұмыс:

(Бағалау нормасы интерактивті тақтадан көрсетіледі).

Үш деңгейді орындаған оқушыға – «5»;

Екі деңгейді орындаған оқушыға – «4»;

Бір деңгейді орындаған оқушыға – «3».

III деңгей. Берілген сөйлемдерді дұрыс байланыстырып, сөйлем құрап жазыңдар. Баяндауышы қалау райлы болсын.

1. Мен / есейгенде / үлкен / мұхит / көру.

1. _____

2. Француз/ ғалымы/ Жак – Ив Кусто / мұхит / зерттеуші

/ болу.

2. _____
3. Біз / жер / бетінде / сақтау / келу / тіршілікті .
3. _____

Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексереді.

II деңгей. Қатесін тап.

Біз Үнді мұхитының жағажайында демалып жатқанбыз.

Күн ашық еді. Су өте жылы және мөлдір. Оны ішуге болатын және ол шөлді қандыратын. Кенеттен қатты жел соқты да су көтеріле бастады. Ол көпке созылмады, біз қайта шомыла бастадық. Кенеттен біз Лабрадор ағысына түсіп, мұздадық, сондықтан құмда жылынуды жөн көрдік.

Тапсырма: теңізшілер қай теңізде болғанын анықтаңдар.

Теңізшілердің айтуларына, бұл – жер планетасындағы ең ыстық және ең тұзды теңіз. Теңіз суының қызуын өлшегенде, ол өте жоғары болды, тіпті, сенуге болмайтындай: +35,5 гр. Көкжиек шаңды, аспан ақшыл. Теңіздің екі жағалауынан көтерілген шөл даланың қызыл шаңы көкжиекті жабады. Осындай сәттерде теңіз қорқынышты қызыл түске енеді.

Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын тексереді.

I деңгей. а) Оқушылар интерактивті тақтада: Тынық, Атлант, Үнді, Солтүстік мұзды мұхит туралы тұсаукесер көрсетеді.

1) Тынық мұхиты туралы деректер көрсетіледі.

2) Атлант мұхиты туралы деректер.

3) Үнді мұхиты туралы деректер.

4) Солтүстік мұзды мұхит туралы деректер.

ә) Екі оқушы мұхит зерттеуші - Жак-ив-Кустоның соңғы зерттеулері, мұхит әлеміндегі қызықты оқиғалар туралы әңгімелейді.

V. Бекіту: - Балалар, бүгін біз сендермен қандай тақырып төңірегінде әңгімеледік?

VI. Қорытындылау: нені өттік? нені үйрендік? нені білдік?

VII. Бағалау. Оқушының сабаққа қатысу белсенділігіне қарай білімдері бақылау парағына бағаланады.

Бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	Деңгейлік тапсырмалар			Бағасы
		I	II	III	
1	Асанбеков Руслан	+	+	+	5
2	Беркімбаева Аяулым	+	+	+	5
3	Бендюков Лев	-	+	+	4

VIII. Рефлексия: а) Интерактивті тақтадан мұхиттар туралы деректі фильм көрсетіледі; ә) Оқушының сабақ соңындағы көңіл-күйі, сабақтан қандай әсер алғандығы сұралады.



Роза РАЙСОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Глубокое ауданындағы
Винное орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СЫН ЕСІМДІ ҮЙРЕТКЕН КӨКТЕМ

Сабақтың мақсаты: жаңа сөздермен таныстыру, олармен сөз тіркесін, сөйлем құрастыру, жаттығулар орындау. Өлеңді мәнерлеп оқуға, сурет салуға үйрету.

Әңгіме құрастыру, сөйлеу, табиғатты суреттей білу, сөз табына сөйлем құрастыру, сөз табына талдау, білік дағдыларын дамыту. Табиғаттың сұлулығын суреттей білуге, табиғатты қорғауға, ұжымдыққа, бірлесіп білім алуға тәрбиелеу.

Оқушы нені білуі керек: 1. Жаңа сөздерді дұрыс айта білу. 2. Сауатты жазу. 3. Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен сөйлемдерді дұрыс құрастыра білу. 4. Табиғатты дұрыс

суреттей білуі керек.

Нені үйренуі қажет: 1. Тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс айтып, жаза білуге үйрену. 2. Сын есімге толық талдау жасау. 3. Пейзаж сала білуге үйрену. 4. Мәнерлеп, түсініп оқуға үйрету.

Түрі: ББД жетілдіру. Урок совершенствования ЗУН. Дәстүрлі емес сабақ түрі-біріктірілген сабақ. **Әдіс тәсілдері:** жекелей іздендіру, көрнекілік, сұрақ-жауап, әңгімелеу, шығармашылық, топтық, ұжымдық, жұптық, саралап оқыту.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру: Сабақ мақсатын хабарлау. Сұраққа жауап беру. Сыныпты сабаққа даярлау.

- Қандай мамандықтарды білесіңдер?

Жаңа сабақ: Қазақ әдебиеті – Бұл қай кезде болады? Өлеңді тыңдап, сұраққа жауап беру.

Сабақтың айдары: Определяю я предметы.

«Со мной они весьма приметны.

Я украшаю вашу речь,

Меня вам надо знать, беречь».

«Қар еріп, су ағады, сарқырап сайға толады.

Күн ұзарып, жылиды, бұл қай кезде болады?» (Көктемде)

Сөздікпен жұмыс:

меzгiл – время; былтыр – в прошлом году;

сай – овраг; биыл – в этом году;

еру – таять; кешке – вечером;

ағу – течь; күндіз – днем;

сарқырау – грохотать; шөп – трава;

жазғытұрым – весной; самал жел – ветерок;

таңертең – утром.

Сұрақ-жауап: «Сандарды сөйлет» ойынын ойнау: 4, 3, 12, 24, 365, 7, 30.

Бүгін сабақта Төлеген Айбергенов деген ақынмен және оның «Көктем әуендері» деген өлеңімен танысамыз. Қазір ақын жайлы біраз тыңдайық.

Кітаппен жұмыс: сыныпты төрт топқа бөліп, өлеңді мәнерлеп оқуға және топпен жатқа айтуға тапсырма беріледі. (10 мин.)

Сурет пәнінің мұғалімі: өлең жолдарын оқи отырып, табиғатты қалай суреттер едіңдер, соны ойлана отырыңдар деп тапсырма береді.

Қазақ тілі мұғалімі: өлең жолдарын мұқият қарап, зат есімдерді теріп жазыңдар, оларды орыс тіліне аударыңдар.

Орыс тілі мұғалімі: аспан, өзен, шағала, тау, гүл – осы сөздерді пайдаланып, сын есімді тіркес құрастыру, сөйлем құрастыру. Сұрақ-жауап «Сын есім», мысалдар, қазақ тілімен салыстыра отырып жауап беру. Сын есімдерді тауып, талдау жасау.

Петух весной был такой красивый и смелый. На шее огненное ожерелье. Spина серая, в мелких белых пестринках, а в пышном хвосте длинные, серпообразные сине-черные перья. Держался он гордо. Выступал вперед широкой грудью, высоко поднимая лапы с острыми шпорами. Был он храбр, как истинный гвардеец. На улице делал к противнику два три неторопливых шага. Если тот не убирался, петух стремительно обрушивался на него. При этом он зонтиком растопыривал на шее медно красные перья, низко пригибал голову. Его длинный хвост волочился по земле, как плащ.

Ребята отгадывают загадки. Жұмбақты шешіп, аударып, сын есімді сөз тіркесін жасау.

Зверь большой, косолапый, мохнатый. Всю зиму в берлоге проводит, а летом в лесу бродит. Сам алый, сахарный, кафтан зеленый, бархатный. Зимой беленький, летом серенький.

На ветке домик деревянный, а в доме маленький певец, он улетал в чужие страны, и вот вернулся, наконец.

Межи деревянные, а поля стеклянные.

Подобрать к прилагательным проверочные слова. Сол сөздерді қазақшаға аудару.

1. Радостный, счастливый, честный, частный.
2. Завистливый, вкусный, интересный, несчастный.
3. Ужасный, чудесный, доблестный, злостный.
4. Крепостной, устный, яростный, опасный.
5. Звездный, грустный, местный, ненастный.

Отгадав загадки, подчеркнуть краткие прилагательные и

обозначить орфограммы. Жұмбақтың жауаптарын қазақшаға аударып, сөйлем құрастыру.

Ягоду сорвешь, Всю руку обдерешь. (*крыжовник*)

Руки обжигает, Во рту так и тает. (*калач*)

Я – проворна и хитра, убегаю от врага. (*лиса*)

Лежит между грядок, зелен и гладок. (*огурец*)

Сижу на дереве, кругла, как мяч,

Красна, как кровь, сладка, как мед. (*вишня*)

Упражнение. Загадки: «Признаки есть, а где же слово?».

Қазақшаға аудару.

Хищный, серый, жадный (волк). Рыжая, хитрая, ловкая...» (лиса). Косой, длинноухий, трусливый... (заяц).

Большой, бурый, косилапый... (медведь). Сухое, свежее, душистое.... (сено). Солнечная, весенняя, ясная.... (погода).

Прохладный, дождливый, осенний.... (день). Серое, хмурое, раннее... (утро). Низкие, тяжелые, серые... (тучи).

Қазақ тілі: Сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып, жаңа сөз жасау.

Поэзия минуты: сергіту жаттығуы. Суретпен жұмыс, шығармашылық жұмыс.

Сурет сабағы: Көктемде қандай өзгерістер болады? Әр жұп табиғатты суреттейді. Мұғалім пейзаж туралы әңгімелейді. Сурет салуға жиырма минут уақыт беріледі.

Сабақты бекіту: Оқушылар салған суреттері бойынша сын есімді пайдаланып шағын әңгіме құрастырып, оны қазақша және орысша баяндайды.

Орыс тілі: тест тапсырмалары сын есім бойынша.

Тақтада берілген қағазға сабақтан алған мағлұматтарын жазу, кестені толтыру.

Т.Айбергенов – ақын. Оның өлеңі – «Көктем әуендері». Көктемде күндіз күн жылы болады. Түнде күн салқын болады. Аспан ашық, ауа райы әр түрлі болады. Құстар тамаша ән салады. Ағаштар жасыл жапырақ жарады. Тауда әдемі гүлдер өседі.

Үйге тапсырма: «Көктем» өлеңін жаттау, сын есімді сөз тіркестерін жасау, сөздік жаттау.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 24.01.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 2120. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық

кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№1, 2012 ж., 144 бет, Алматы.